Шөгінді қабатты алюмосиликат шикізатынан алынған термиялық және механикалық (атап айтқанда, құрамында көміртегі бар) түрлендірілген минералды ұнтақтарды қолдану арқылы алынған асфальтбетонның жоғары физикалық және механикалық сипаттамалары асфальт-тұтқырдың сынақ нәтижелерін растайды. Сынақ нәтижелері толтырғыштардың меншікті бетінің үлкен мәндерінің, бөлшектер бетінің морфологиясының дамуы және асфальтбетондағы белсенді адсорбциялық орталықтардың айтарлықтай концентрациясы ретінде байқалады. Шөгінді қабатты жыныстардан тұратын механикалық және термиялық өзгертілген минералды ұнтақтарды пайдалану жолдардың сапасы мен беріктігін және ұзақтылығын едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, зерттеулер көрсеткендей, шөгінді қабатты алюмосиликатты жыныстарынан тұратын өзгертілген минералды ұнтақтарды пайдалану тиімділігі жергілікті шикізатты қолдану, көлік шығындарын азайту, дисперсия кезінде энергия шығынын азайту болып табылады.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

1. Горчаков Г.И. Строительные материалы: учеб. для вузов / Г.И. Горчаков, Ю.М. Баженов. - М.: Стройиздат, 1986. - 688 с
2. Сахаров П.В. Способы проектирования асфальтобетонных смесей / П.В. Сахаров // Транспорт и дороги города. - 2010. - №12. - С. 22-26.
3. ГОСТ 9128-2009. Смеси асфальтобетонные дорожные, аэродромные и асфальтобетон. Технические условия. - Введ. 2009-10-21. - М.: МНТКС, 2009. - 27 с.
4. Ядыкина В.В. Органоминеральные композиты для дорожного строительства на основе модифицированных наполнителей / В.В. Ядыкина, Е.А. Лукаш // Строит, материалы. - 2009. - №11. - С. 46-48.
5. Глек Еrsaин Нурлы жол, дороги в РК / Вячеслав Батурич // Как в Казахстане строятся дороги. – Капитал: центр деловой информации, 2016.
6. Быстров Н.В. Применение инноваций в дорожно-строительном материаловедении / Н.В. Быстров, В.А. Попов // Строит, материалы. - 2014. -№10.-С. 4.
7. Адиль Урманов Резиновая крошка // Резинотехнические изделия закатают в асфальт. – Капитал: центр деловой информации, 2009.
8. Осипов, В.И. Микроструктура глинистых пород [Текст] / В.И. Осипов, В.Н. Соколов, Н.А. Румянцева. – М.: Недра, 1989. – 211 с.
9. Котельников, Д.Д. Глинистые минералы осадочных пород [Текст] / Д.Д. Котельников, А.И. Конюхов. – М.: Недра, 1986. – 247 с.
10. Диатомовые водоросли [Электронный ресурс] // Материал из Википедии. – Режим доступа: <http://ru.wikipedia.org/wiki/Bacillariophyta>.
11. Водоросли диатомовые центрические [Электронный ресурс] // Энциклопедии, слова-ри, справочники / геологический словарь. – Режим доступа: <http://www.cnsnb.ru/AKDIL/0042/base/RV/010047.shtm>.
12. Водоросли диатомовые пеннантные [Электронный ресурс] // Энциклопедии, словари, справочники / геологический словарь. – Режим доступа: <http://www.cnsnb.ru/AKDIL/0042/base/RV/010047.shtm>.
13. Коротаев А.П. Повышение качества асфальтобетона за счет использования пористого минерального порошка: автореф. дис.канд. техн. наук: 05.23.05; защищена 25.12.2009 / Коротаев Александр Павлович; БГТУ им. В.Г. Шухова. - Белгород: Изд-во БГТУ им. В.Г. Шухова, 2008. - 22 с.

FTAMP 53.03.03

КЕН ТЕРМИЯЛЫҚ ЭЛЕКТР ПЕШТЕРІНДЕ ӨЗДІГІНЕН ЖЕНТЕКТЕЛЕТІН ЭЛЕКТРОДТЫ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ ТУРАЛЫ

М.Ш. ҚОМЫТ, А.М. ӘБДІРАШИТ, Б.С. КЕЛАМАНОВ,
О.Р. САРИЕВ, А.А. ЕРСАЙЫНОВА

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа: Бұл мақалада жоғары қуатты кен термиялық пештерде қолданылатын электродтардың қолданылуы, құрамы, кемшіліктері қарастырылды. Қолдану барысында электродтардың дұрыс таңдалмауы немесе байланыс беттерінен электродтардың жеткілікті жентектелмей шығуы пештің ұзақ тоқтауын қажет ететін ауыр апатқа әкелетіндіктен, осы мәселені шешу жолдары келтірілген.

Кілт сөздер: Қалыпталған электродтар, металл қабықша, электрод массасы, байланыс беттері, кокстау.

Аннотация: В данной статье рассматриваются вопросы использования, состава и дефектов электродов, используемых в мощных рудно термических печах. Неправильный выбор электродов в процессе эксплуатации или недостаточно спеченный с контактных щёк выход электродов приводит к серьезной аварии, требующей длительной остановки печи, поэтому были приведены пути решения этих проблем.

Ключевые слова: Формованные электроды, металлический кожух, электродная масса, контактные щеки, коксования.

Annotation: The article discusses the use, composition and defects of electrodes used in high-power ore-thermal furnaces. Wrong choice of electrodes during operation or insufficiently sintered output of electrodes from the contact cheeks leads to a serious accident requiring a long stop of the furnace, therefore, ways to solve these problems were given.

Key words: Molded electrodes, metal casing, electrode mass, contact cheeks, coking.

Кен термиялық электр пештерінде болат корпусымен қапталған және белгілі бір биіктікке дейін электрод массасымен толтырылған өздігінен жентектелетін электродтармен жұмыс жасайды. Электродтан қорытпаға темірді енгізу мүмкін болмаған жағдайда электродтарды графиттелген көміртекті және сирек графиттелген электродтарға ауыстыру қажет, мысалы кристалды кремний балқыту кезінде өздігінен жентектелетін электродтың рұқсат етілген электр энергиясынан мөлшері артық болуы қажет болғанда. Графиттелген электродтың қымбат және тапшы болуы сонымен қатар қолдану барысында электрод ұстағышының конструкциясы өздігінен жентектелетін электрод ұстағышына қарағанда едәуір күрделі екенін ескеру қажет.

Қазіргі таңда өндірісте диаметрі 1200 мм-ге дейінгі графиттелеген электродтар шығарылады. Көрсетілген жағдайлардан басқа, графиттелеген электродтардың шығындылығы, электрод шамының үлкен массасы, аспа механизмының және электродтарды

ауыстырудың күрделілігі, оларды пешке тұрғызу мен тұтастығын қамтамасыз ету қиындық туғызады.

Жоғары қуатты кен термиялық пештердің басым көпшілігі норвегиялық инженер С.В.Содерберг ойлап тапқан, өздігінен жентектелетін электродтармен жабдықталған. Оның құрылымы электрод массасымен толтырылған металл қабықшадан тұрады [1]. Электродтың қабықшасы цилиндр тәріздес жұқа қабатты болатпен қапталған, ішкі бөлігінің белгілі бір қабырғалары үшбұрышты иілген қабырғалармен немесе осы соңғы уақытта дөңгелек тесіктермен қамтылған. Қабырғалар негізінен метал қаптамасы және электрод массасы арасындағы механикалық және электрлік байланыстарды жақсарту үшін қызмет етеді. Цилиндр қажетті цанг секцияларымен қамтамасыз етілген, ені $1,5 \div 2$ м. Электродтың төменгі ұшы күйіне байланысты жоғарғы бөлігінде кезекті секцияны үзарту жүргізіледі. Қаптаманың қалыңдығы 3-6 мм, қабырға биіктігі және қалыңдығы электрод тогы мен қайта қосу құрылғысында электродты ұстап тұру шартымен байланысты есептеледі.

Өздігінен жентектелетін электродтың корпусындағы токтың тығыздығы рұқсат етілген 2 A/mm^2 -ден аспауы керек[2].

Дөңгелек қабықшалы өздігінен жентектелетін электродтың бөліктері 1-суретте көрсетілген.

Қабықша арнайы құрамды электрод массасымен толтырылған. Электрод массасын өндіретін әрбір өндірісте өзіндік рецептісі бар. Құрғақ массаның негізгі құраушылары: ірілігі 20 мм-ге дейін термоантрацит шамамен 50%, ірілігі 0,5 мм-ге дейін құймалы кокс - $25 \div 50\%$, электрод өндірісінің қалдықтары және графиттелген кокс - 25% - ға дейін.



Сурет 1. Кентермиялық электр пеші электрод қабықшасының бөліктері

Құрамында таскөмір күйіндісі немесе күйінді таскөмір шайырымен қоспасын байланыстырғыш зат, құрғақ салмақтың $25 \div 27\%$ - ын құрайды.


Пісірілген электродтың массасы арнайы қасиеттердің жиынтығына ие болуы тиіс, олардың оңтайлы мәндері 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1. Пісірілген электрод массасының физика-химиялық қасиеті

Қасиеті	Мөлшері
Меншікті электркедергі, Ом·м·10 ⁻⁵	6-8
Механикалық беріктігі, МПа: қысу бойынша созылу, кем емес	14-22 1,5
Тығыздығы, кг/м ³ : шынайы айқын, кем емес	1900 1300-1400
Кеуектілік, %, артық емес	26-28
Ұшпалы заттардың құрамы, %, артық емес	15-16
Күлділік, %, артық емес	4

Электрод массасы шамамен 100°C температурада сұйықтыққа айналады, бұған жанасудың жоғарғы жағынан 2÷2,5 м деңгейінде жетеді. Ұнтақталған массаның деңгейі 200÷500 мм жоғары болуы керек.

Электротағы температура үлестірілуінің үлгісі 2-суретте көрсетілген [3]. Джоуль жылуы және жылу өткізгіш арқылы электродтың ыстық бөлігінен келетін жылудың әсерінен электрод массасы сұйылтылып, метан тәрізді күйге өтеді (80÷100°C температурада), содан кейін 400°C температурада оның жентектелу үрлісі басталып, 700÷800°C температурада аяқталады [4].



Сурет 2. Өздігінен жентектелетін электродтағы температураның таралуы

Бірдей ток жағдайында электродтың диаметрі неғұрлым аз болып, электродтың жұмыс бөлігі соғұрлым ұзын болғанда, Джоуль жылуының әсері соғұрлым көп болады [5]. Тиісінше, электрод неғұрлым қысқа болса, оның диаметрі соғұрлым үлкен және технологиялық

температура да жоғары болады, сонымен қатар жылу өткізгіштікке енетін жылу компонентінің әсері көп болады.

Дұрыс таңдалған электродтың қимасы, пештің электрлік және технологиялық жұмыс жағдайында электрод массасының жентектелу жылдамдығы оның төменгі бөлігіндегі электродты тұтыну жылдамдығына тең. Электродты қайта іске қосу үшін сәйкес режимін таңдау керек, яғни электродтың күйіп кетуіне байланысты оның жұмыс жасауын ұзарту қажет. Электрлік режимдегі бұзылу (қуаттың азаюы, пешті өшіру), технологиялық режимде (шихталаудың бұзылуы, қайта іске қосудың жеделдетілуі, электрод массасы құрамының нашарлауы) электродтың пісірілу режимінің бұзылуына әкеледі.

Сұйық массаның электрлік және жылуөткізгіштік қабілеті аз, сондықтан жентектелу үрдісі жанасу биіктігінің үштен бір бөлігінің деңгейінде аяқталу қажет. Бұл жағдайда қысқыш күшінің әсерінен байланыс беттері электрод қабықшасына қысылып, біршама деформацияланады, осылайша сенімді электр және жылу байланысы қамтамасыз етіледі [6]. Егер байланыс бетінен электрод жентектелмей шығатын болса, қабықша бойымен ток өтетіндіктен, оның қабықшасы қызып кету салдарынан сұйық электрод массасы қабықшаға төгіліп, күйіп, пештің ұзақ тоқтауын қажет ететін ауыр апатқа әкеледі.

Электрод массасын мерзімінен бұрын кокстату да құпталмайды - қайта іске қосу кезінде қатты электрод жанасу бетіне енеді, бұл электрлік байланысты нашарлатып, жанасу беттерінің мерзімінен бұрын бұзылуына әкеледі.


Пайдалану барысында кокстеу аймағы биіктігінің орналасуына (электродты кокстеу режиміне) әсер ету қиын.

Электродты үрлеу үшін берілген температура мен ауа ағынының өзгеруі, сондай-ақ жанасу аймағындағы салқындатқыш судың өзгеруі айтарлықтай нәтиже бермейді.

Электрод кокстелмеген жағдайда электродты қайта іске қосу бөгеліп, қуаттылықты біршама түсіру қажет, ал бұл технологиялық үрдістің бұзылуына әкеліп соқтырады.

Байланыс беттерін салқындату арналарының диаметрін дұрыс таңдау арқылы электродты кокстау зонасының орналасуына әсер етуге болады, яғни электрод пен жанасу беттерінің арасындағы жылу алмасу шарттарын және ваннаның тереңдігінің өзгеруін дұрыс таңдап, энергия шығару ошағынан кокстау үрдісіне өзгеріс енгізуге болады.

Электродқа ток беру, оны ұстап тұру, қайта жіберу және жылжыту үшін қолданылатын құрылғы электрод ұстағыш деп аталады оның сұлбасы 9-суретте көрсетілген.



Сурет 9. Кен термиялық пештің электрод ұстағышы

1 – байланыс беті; 2 – қысатын шығыршық(сақина); 3 – ток өткізгіш түтігі; 4 – ток өткізгіш таверсасы;
5 – аспалы мантиль; 6 – гидрокөтергіш; 7 – электродты қайта жіберу жабдығы

Электр тогы тікелей электродқа жанасу беттері арқылы жіберіледі. Жанасу беті өте күрделі жағдайларда жұмыс істейді: ол арқылы 100 кА дейін ток өтеді, 800 °С дейін қыздырылған электродпен байланыста болады және жанасу арқылы бойындағы жылу энергиясының артығын алып тастау қажет, бұл жұмыс бірқатар зиянды әсер ететін химиялық заттардың тотықсыздану атмосферасы түзіліп, колошниктің жоғары температурасы аймағында өтеді. Барлық осы талаптарды мыстан және оның қорытпаларынан жасалған беттер ғана қанағаттандырады.

Қорытынды: Жоғары қуатты кен термиялық пештерде қолданылатын графиттелген және өздігінен жентектелетін электрод қарастырылды. Қолдану барысында қалыпталған электродтың техника - экономикалық жағынан және электрод ұстағышының конструкциясы өздігінен жентектелетін электрод ұстағышына қарағанда едәуір күрделі екені ескерілді.

Норвегиялық инженер С.В.Содерберг ойлап тапқан, өздігінен жентектелетін электродтармен, жоғары қуатты кен термиялық пештердің басым көпшілігі жабдықталған. Кен термиялық пештерді өздігінен жентектелетін электродпен қамтамасыз ету арқасында жақсы нәтижелер алынды. Бұл электродпен жұмыс істеу температураның қадағаланып отыруын талап етеді. Электрод пен қабықшаның жанасу беттерінің оңтайлы жүруі үшін мыстан және оның қорытпаларынан жасалған беттер қолдану арқылы жақсы нәтижеге қол жеткізуге болатындығы айқындалды. Кен термиялық электр пештерінде өздігінен жентектелетін электродты қолдану тиімді екендігіне көз жеткізілді.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

1. Гасик М.И. Самообжигающиеся электроды рудовосстановительных печей. – М.: Металлургия, 1976. – 368с.
2. Луин А.Г. Электротехническая промышленность. Сер. Электротермия, 1979, вып. 6, –С. 2-4.
3. Киселев А.М. Исследование самообжигающихся электродов в конструкциях мощных рудовосстановительных электропечей и обеспечение их повышенной эксплуатационной стойкости. Автореф. ... дис. канд. техн. наук. – М.: ВНИИЭТО, 1975. –200с.
4. Особенности температурных полей самообжигающихся электродов ферросплавных печей/ А. В. Хан, Т.А. Дьяконова, А.А. Устюгов, Г.Г. Михайлов. Сталь, 1999. –№ 1. –100с.
5. Емлин Б.Я., Гасик М.И. Справочник по электротермическим процессам. М.: Металлургия, 1978. –115с.
6. Струнекий Б.М. Расчеты рудотермических печей. М.: Металлургия, 1982. –175с

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ
ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ
PHILOLOGICAL SCIENCES

IRSTI 17.07.29

**TRADITION OF UNDERSTANDING AND ARTFUL EXEMPLIFICATION
OF TIME LINKS IN HISTORICAL NOVEL**

M.R. BALTYSOVA, A.B. MUKHITOVA

K. Zhubanov Aktobe Regional State University, Aktobe, Kazakhstan

Аңдатпа. Мақалада тарихи романдағы уақыт байланысы мәелесі зерделенеді. Роман түрлерінің ішіндегі тарихи роман табиғатын тануға мән берілген. Тарихи романның жанрлық сипаты, көркем шығармада өткен дәуірдегі оқиғалардың суреттелуі, қазіргі мен өткеннің арасында белгілі бір кеңістіктің болуы зерделенеді. Тарихи роман жанрының басты белгілері, яғни тарихилық, аяқталған кезең және документтілік туралы айтылады. Тарихи роман тарихи фактілерді білуге ғана емес, тарихқа бойлау, өткен оқиғаны сезіп, басынан өткеруге мүмкіндік береді. Тарихи романның негізгі сипаты, басты шарты сақталған жағдайда, оның біртұтас бітімінен, ішкі әлемінен танылатын бірінші ерекшелігі – осы уақыт факторы. Әдебтте тарихи романда кеше – бүгін – болашақ уақытының тізбегі қолданылады, жазушы уақыт көшінің үздіксіздігін де, бір сәттілігін де сипаттайды.

Кілт сөздер: тарихи роман, хронотоп, жанрлық поэтика, тарихи шындық, көркемдік шешім, тарихи уақыт

Аннотация. В статье рассматривается вопрос связи времен в исторических романах. Автор описывает природу исторического романа. Облик исторического романа среди других видов романов начинается с внутренних особенностей этого жанра. Жанровый характер исторического романа, прежде всего, касается описания событий прошлого века, наличия определенного пространства между нынешним и прошлым, представления для современных людей в качестве примера опыт того или иного периода. Кроме того, в романе должны быть документальная основа, подлинные исторические события и люди. Следовательно, главные признаки жанра исторического романа: исторический, завершённый период и документальность. Исторический роман позволяет не только узнать исторические факты, но и проникнуть в историю, почувствовать и пережить прошлое. Одной из важнейших задач исторических романов является отражение судьбы человека в историческом процессе.

Ключевые слова: тарихи роман, хронотоп, жанрлық поэтика, тарихи шындық, көркемдік шешім, тарихи уақыт

Annotation. The article discusses the connection of times in historical novels. The author describes the nature of the historical novel. The appearance of a historical novel among other types of novels begins with the internal features of this genre. The genre nature of the historical novel, first of all, concerns the description of the events of the last century, the presence of a certain space between the present and the past, presenting for modern people as an example the experience of a particular period. In addition, the novel should have a documentary basis, genuine historical events and people. Consequently, the main features of the historical novel genre are: historical, completed period and

documentary. A historical novel allows not only to learn historical facts, but also to penetrate into history, to feel and relive the past. One of the most important tasks of historical novels is to reflect the fate of man in the historical process.

Key words: historical novel, chronotope, genre poetics, historical truth, artistic solution, historical time

A novel is an epic genre that comprehensively narrates about conflicts in social environment and struggle of interests, showing an inner world of heroes in their multiway relations with the external world, and possibly fully revealing a destiny of the principal hero.

Besides the form and the substance, a novel contains the genesis inherent to epic, the struggle inherent to drama, perceptant tenderness inherent to lyrics, and creation gives possibility to weave and blend them together.

Such approach to a novel, which could be met in other literature genres, not been formed within such short time. At the same time, the scientist M. Atymov gives such genre the following characteristics: "A novel is one of the types of epic literature genres with complex story lines, basically written in prosaic, sometimes in poetic manner. A novel, comparing with other epic genres, comprehensively illustrates and describes deeply the life, its different phenomena, and relations between the people. The structure and composition of a novel are complex, it contains specific patterns of lyrics and drama genres. In a novel, description of private life of the heroes, illustration of relations history create a wide picture of an era and society, traditions and sense of those times" [1, p. 507].

An attempt to discern a view of historical novel among other types of novels begins from the inner specifics of this genre. A turn of particular writer to historical theme of bygone years and many centuries could be born due to historic need. Although our recent life is the theme for our current being, for future generation this anyhow will remain a history. All contemporaries not always may create an adequate imagery of their current time. Though our spiritual heritage is greatly exhaustless, the future generation, in order to explain their contemporaries the historical essence of our time, will create many historical works from their point of view through an excursion to our today life, by assessing us according to the ethics of the new era.

From the second half of XX century our national literature has undergone ideological and ethical changes which affected historical novels too. Objective narrations within compositional strands of epic stories in this type of novel have exchanged with subjective and analytical principle of generalisation and typification. The horizon of themes and actual problems in this period have defined the conclusive position of a writer, his concept regarding the world and human being. Prosaists have effectively used various ways of the real art from which the main place take mythological and artistic knowledge. A philosophic connotation of prose has been enhanced through applying of mythological methods, manners of narration of legends and tales. Through

enrichment with such specifics and methods Kazakh literature has been raised to classic level by adopting traditions of the world literature. In Kazakh literature the historical theme has been formed in conjunction with prose genre. Emergence of Kazakh historical novel was marked in the beginning of XX century. The novels of M.Dulatov, S.Kubeyev, S.Toraigyrov, Z.Aimauytov, S.Seifullin and others standing at its origins have been reflecting historical signs. The saga “The Path of Abai” by M.Auezov, which could lead the genre of historical novel to the treasures of art, has raised Kazakh historical novel to the highest global level. Among the modern historical novels in Kazakh literature that distinguish with wide coverage of historic period, historical events and persons, an uberty of examples of verbal folk arts could be called a trilogy of the famous writer I.Esenberlin “The Nomads”.

When we talk about the genre character of historical novel, first of all, we should take into account the issues related to description of the events of the last century, existence of particular space between the recent and the past, notions of today people with regard to the certain period of time. Moreover, the novel should have a documentary basis, real events and people. Therefore, the general signs of historical novel genre include the past historical period and actuality. Historical novel allows both to familiarize with historical facts and to gain an insight into the history, to feel and to live through the past. One of the principal objectives of historical novel is reflection of the human destiny through historical process. Thus, historical creation about historical events attracts great interest of the readers. However, while raising the status of historical person the role of folk characters should not be reduced, heroic path of particular people should not be separated from the social events saying that this is the destiny of the people and the people make the history. All of this is a single process that educates learners to perceive the reality of the past.

To the opinion of the researcher A.G.Bakanov, along with real historical novel we could separately review conditional historical and pseudo-historical novel. With the first type particular episodes of the past serve as narrative targets for more ideological features than philosophic, social and moral meaning. Regarding pseudo-historical novel, the works of this category illustrate the history in more simple and intentionally altered form. Mass fantastic composition relates to this type and such works reflecting the world of the past are very popular among the readers. On the other hand, A.G.Bakanov has revealed historical and social, historical and philosophic, and historical and biographic novels related to the character of historical conflict. At the same time, taking into account more intensive appearance of the document in the artistic structures it is suggested to assume historical documental novel as a separate type; sometimes we may talk about historical folk novel, where artistic conflicts of different nature expressed through the folk poetry [2].

Historical novel contributes largely to the process of development of arts, aesthetic sense, and realism in the world literature. The critic V.G. Belinskiy in view of development of historical novel placed emphasis on association and interrelation of this genre with the arts. Researchers of XX century have also noticed that classic historical novel has enriched the literature with new senses of reality.

The problem of definition of historical novel as an epic genre is one of the contradictions in the history and theory of the literature. Historical novel combines real story and fantasy. The story in historical novel is expressed not only as a sense of era but as its narration. An objective sign of historical novel is presence of specific historical persons at the stage of classic development of the action. There are several actual issues of historical novel. These to include correct understanding of the role of people and particular persons in the past; setting an objective to demonstrate life of the real people; giving an appraisal of the events from the position of the nation, from the people's point of view; ability to choose dominating trends specific to the particular era.

Life in historical novels is the life of the past; this is a curtain opening the content of historical novel that immediately arrests the attention to the gist. Although, a writer creates a single concept, the roots of historical novel are fed by two springs. Its historical content makes it close to historical science whereas its artistic form connects it with all arts of oral culture. The main condition of historical novel is symbiotic identity of historical truth and artistic qualities. It is still necessary to permeate into its inner world to comprehensively disclose the genre nature of historical novel. It is essential to verify correctness of the first main condition. Thus, the two peculiarities of historical work could be classified.

Each age has its own spirit. Being different from nowadays, illustration of such spirit should express distinctiveness, ideology, social structure of particular period making possible to really feel the mood of the times. When the times and its spirit is refracted, the entire historical reality to be refracted too. Adherence to the basic characteristics and main conditions of historical novel helps to maintain its sense – the factor of time. Normally, historical novel uses the chain “yesterday-today-future” and a writer to describe it as continuity.

Time and space are most important worldview, ideological and compositional characteristics of the arts including the literature. Their study is important for learning of opportunities of artistic reflection of the reality, studying of specific moments of the inner world of the art work, resolution of the problem of content and form. Artistic time and space serve as complex structural part of the text that forms composition of the work and affects such issues as narration, wording structure, development of the action. The term “chronotope” in literature science was established by the famous scientist M.M. Bakhtin, who said: “Chronotope is a formal conceptual category of the

literature... In literature chronotope the sighs of space and time correlate as substantial and specific entirety”. According to him, in many cases the time was treated separately from the space. He calls time and space as chronotope (in ancient Greek ‘chronos’ – time, ‘topos’ – place, space). An image of time consists of biographical (childhood, youth, maturity, old), historical (sequence of ages and generations within the society, large events), cosmic (ideas of perpetual and world history), calendar (change of seasons, daily life and holidays), daily (day and night, morning and evening), and thoughts about movement and innocence, correlation of past, present and future. A space in the literature appears in different ways: closed and open space; earth and outer cosmic space; visible realistic and fantastic space; ideas of close and far subjects. Novels may approximate various spaces and combine them in one stream. He shows relationship between time and space and links chronotope with a novel of chronotope genre. Chronotope of a novel is defined by peculiarities of the event with illustration of the event itself that includes “personality, microenvironment and environment of communication with each other”.

Here the scientist emphasizes: “Chronotope have a genre importance in the literature. Genre and genre forms are defined by chronotope” [3, 391-406]. Linking chronotope with a novel M.M.Bakhtin have significantly extended the meaning of novel and linked it with almost the entire literature of the new period. Moreover, he demonstrated specifics of chronotope in very earlier novels such as ancient Greek, chivalric, and suspense. According to the scientist, heroes of a novel and other text components – portrait, words – also have chronotope.

The literature theorist B.V.Tomashevskiy says about necessity to distinct in novels the time and the time of fabulous narration. I.e. fabulous time is the time of an event in a novel that includes: 1) actual time of event; 2) length of event; 3) time of event. The space in novels assumed as static (exit of hero, casual encounter) or kinetic (movement of hero from one place to another, i.e. adventures) [4, 179-191].

The second specific feature of historical novels means that a writer of the new time should summarize historical destiny, lessons learned from the nowadays point of view, assess his views on some events. The material may include creative attitude of the author: knowledge of modern days, succession of spiritual experience. Recent achievement of novel forms, new criteria play decisive role in creation of the work.

In terms of comprehensive and detail study of our era there will be the time when it would be necessary to overlook it not only through the eyes of contemporary but through the eyes of historian. To make historical destiny historical agenda it is necessary to open the circle of time in order to compare the past and its preceding times.

We should understand that people’s feelings, dreams, hopes and struggle that became a history should not be a copy of our life and should be comprehensively and fairly evaluated.

Therefore, there should not be an opinion that writing about history is easier than writing about nowadays. This is just artistic scale. One group of scientists treats historical novel as documental work. The second group emphasized at farness of time based on historical theme about October Revolution. The third ones regard as the basic principle an existence of epic events and exposure of historical personalities. There also those who think that any contemplation about the past is a historical work, and there is still no one general opinion. There is still the need of comprehensive research of historical genre.

Historical novel demonstrates significant difference between the people's life in the past and today. Definitely, there should not be both encouragement and denial of the past in the narration. In historical novel a writer treats beingness of the people and history as interrelated.

In historical novel there is always the sense of time between the writer and the subject. I.e. "historical reality is an artistic narration within a literature work... Historical works reflect historical events formed from contemplation and real historical personalities formed by fantasies. Definitely, the story line of historical work is based on historical events that really occurred in the life. Therefore, a writer must fully know specific facts and critical information about these events. Despite artistic methods used in description, a writer cannot alter the history. Although, a writer combines the past times, he should disclose its historical essence; for this a writer must approach to historical documents" [5, 195-196].

An author of historical novel must show the era through combining two paradigms; paradigm of inner and outer worlds. From one hand, while creating an era in its original form it is essential to show specifics of ideology and nature of historical persons. From the other hand, a writer should represent his/her opinion to the history based of the documents and other materials.

Thus, the aim of an author of historical novel is to inform the readers through artistic methods the nature of the described era based on historical facts and documents, not altering the history. If the work gives only historical facts by sequences, this unlikely to be interesting for the audience. Therefore, a writer must have skills to effectively and successfully use the instruments of creation of artistic image.

Historical novel through artistic creation will reflect the relation of the people between the past and the present. The genre of historical novel has educational importance.

References

1. Баканов А.Г. Современный зарубежный исторический роман. - Киев: Выща школа, 1989. - 328 с. (A.G.Bakanov "Modern Foreign Historical Novel")

2. Атымов М. Қазақромандарының поэтикасы. – Алматы: «Ғылым», 1975. – 312 б. (M.Atymov “Poetry of Kazakh Novels”)
3. Бахтин М.М. Вопросы литературы и эстетики. Исследования разных лет. – М., 1975. – 502 с. (M.M.Bakhtin “Issues of Literature and Aesthetics. Studies of Various Years”)
4. Томашевский Б.В. Теория литературы. Поэтика /Учебное пособие. – М.: «Аспект Пресс», 2001. – 334 с. (B.V.Tomasheskiy “Theory of the Literature. Poetics /Study Guide”)
5. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі /Құраст. З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 384 б. (Z.Akhmetov, T.Shanbayev “Literature Science. Glossary”)

ҒТАМР 17.07.29

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ АРНАЛАРЫ

О.К. СҰЛТАНҒАЛИЕВА

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада әдебиеттану ғылымының маңызды мәселелерінің бірі поэзиядағы тақырыптық арналар туралы мәселе қарастырылады. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясы тақарыптық және идеялық тұрғыдан жаңарған, жаңашылдыққа құрылған тың бағытта дамып келеді. Бұл ретте қазіргі қазақ поэзиясының белгілі өкілі Гүлімай Әбішқызы туындыларының тың тақырыптық сипатқа құрылуы туралы айтылады. Ақын шығармаларындағы ұлттық сананы қалыптастырушы мәселелер ретінде Тәуелсіздік жемісі, туған жер тағдыры, елге қызмет ету мәселелері талданады. Ақын өлеңдерінде ұлттық сананың, тарихи сананың оянуы қаншама жылдар бойы айтылмай, жазылмай келген ақиқаттың ақтаңдақтарын анықтауға, жүріп өткен асуларымызбен алдық деген асқарларымыздың қаншалықты тарихи маңызы болғанын жырлауға мән берілген.

Кілт сөздер: қазақ поэзиясы, тәуелсіздік кезеңі, Гүлімай Әбішқызы шығармашылығы, тақырып, көркемдік ізденістер

Аннотация. В статье рассматривается один из важнейших проблем литературоведения – новые направления темы поэтических произведений. Казахская поэзия периода независимости развивается по новому направлению и обновленной русле. Между тем автор рассматривает творчество известного представителя современной казахской поэзии Гулимай Абишқызы. Анализируются стихи поэта о достижениях Независимости, судьбе родного края. В творчестве поэта уделяется внимание на воспевание исторического значения прошлого нашего народа, национального сознания и исторического сознания, связи времен и достижений нашей страны после получения Независимости.

Ключевые слова: казахская поэзия, период независимости, творчество Гулимай Абишқызы, тема, художественные искания

Annotation. The article discusses one of the most important problems of literary criticism - new areas of the theme of poetic works. Kazakh poetry of the period of independence is developing in a new direction and a renewed channel. Meanwhile, the author considers the work of the famous representative of modern Kazakh poetry Gulimay

Abishkyzy. The poet's poems about the achievements of Independence, the fate of the native land are analyzed. The poet's work focuses on chanting the historical significance of the past of our people, national consciousness and historical consciousness, the connection of the times and achievements of our country after independence.

Key words: kazakh poetry, period of independence, creativity of Gulimay Abishkyzy, theme, art searches

Ұлттық мәдениетті, халықтық мұраларды сақтап, өркендетіп, ата-бабаларымыздан келе жатқан гуманистік идеяларды жан-жақты бойына сіңіріп, халықтың адамгершілік мұрат-мүдделерімен үндесетін рухани қазыналарымызды бүгінгі күнге жеткізу – әдебиеттану ғылымының маңызды мәселелерінің бірі. Тәуелсіздігімізді жариялап, дербес мемлекеттік дәрежеге ие болған күннен бастап Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасының қолдауымен тарихи-мәдени құндылықтарымызды қайта жаңғырту, ұлықтау істері қолға алынды. Тәуелсіздік таңын аңсап, ұлт мүддесін, халық мұратын көксеген әдебиет өкілдерінің өмірі мен шығармашылығын зерттеп, мәдениет пен әдебиет тарихынан лайықты орнын иелендіруді мақсат еткен еңбектер әдебиеттану ғылымына тың серпіліс әкелді.

Соңғы отыз жыл ішінде қазақ қоғамында болып жатқан түбегейлі өзгерістер әлеуметтік рухани өмірімізді жаңа белеске шығарды. Кеңес кезіндегі саяси шектеуден, социалистік реализм құрсауынан босаған қазақ көркем сөзі алғашында абдырап қалғаны рас. Мұның өзі қоғамда «қазақ әдебиеті тоқырауға ұшырады, бүгінгі заманның жедел даму қарқынына ілесе алмай қалды» деген пікірлер тудырды. Алайда, көркемөнер тез күш жинап, уақыт көшінен қалмай, жемісті ізденістерге батыл кіріскенін зерттеу нәтижелері көрсетіп отыр. Ұшқыр да оңтайлы жанр поэзия ширақ қимылдап, жаңа заман биігінен қарап жазылған бірқатар үлкенді-кішілі шығармалар жаңа тақырыптарды алып келді.

Гуманистік танымның белең алуы субъективтік таным дәрежесінің өсуі мен жаңа дәуір әдебиетінің талаптарының өзешеленуінің нәтижесінде деп айтуымызға болады. Гуманистік идея коммунистік дәуірде бірде пайда болып, бірде жоғалып кететін болды, яғни, гуманистік идеяға деген біркелкі көзқарас болмады. Гуманизм жоғалған кезде халықтың субъективтік белсенділігі жойылатын. Ал гуманизм пайда болғанда демократия салтанат құратын. Демократия – адам және оның ойының азаттығы. Ой бостандығы адамның рухына, ой-санасына еркіндік береді. Сол арқылы адам өзін, өзінің тарихтағы орны мен рөлін таниды.

Гуманизм адамның өз тарихын, танымын суреттейді. Ол адамгершілік, адам еркі мен қадірі деген сияқты ұғымдардан құрылады. Адамның өзін-өзі тануы – тарихи құбылыс, әрдайым тереңдеп отыратын процесс. Гуманизм адамгершіліктің ортақ қасиеттеріне негізделеді және таныммен өзара байланыстылығын дәріптейді.

Белгілі бір ұлттың әлемді тануы мен қабылдауы тұрмыстық жағдайға, мекен ететін географиялық және климаттық ерекшеліктерге байланысты болып келеді. Адамның ойы мен

түсініктері осы аталғандармен тығыз байланысты. Ұлтқа тән ерекшеліктер мен оны басқа халықтардан дара ететін айырым белгілер алдымен мазмұн ретінде қарастыруымыз қажет. Себебі, сол айырым белгілер мазмұнға байланысты танылады. Поэзияның фольклорлық түрінен бастап, жазба поэзияға дейінгі, одан соңғы қазіргі әдеби туындыларға дейінгі ұлттық дәстүрді жалғасытырып келе жатқан мұрамыз мол, бай.

Ертеден бері сөздік қорын поэзиямен толықтырып, сақтап, оны келешек ұрпаққа жеткізу дәстүрі бар. Осы туындылар арқылы біз өзіміздің ұлттық санамыз бен ертеден келе жатқан салт-дәстүрлерімізді ұмытпай, осы күнде қайта жаңғыртудамыз. Осындай мұрамыздың ішінен көзге түсетіні ұлт психологиясына, ұлттық мінезге байланысты айырым белгілер сақталып қалған өзгешеліктер. Осы аталған халық психологиясы мен мінезі белгілі бір мекенде, белігілі бір қалыппен өмір сүруінен түзіледі.

Психика деп өмірлік танымға, тіршілік қамына байланысты қалыптасып қалған мінез-құлықты айтамыз. Әдеби туындыларда қалыптасып қалған сарын, мотив, тақырып, тұрақты бейнелеу құралдары мен көркемдік тәсілдер осы аталған үрдіс пен әдеттен таралады. Бейнелеу құралдары хақымыздың кең даласын, табиғат көрінісін, ұлан-ғайыр, шексіз даланы суреттеу деген сияқтылар болып табылады.

Қазақ ұғымының маңызды факторлары болған табиғат пен қоғамдағы көріністер. Өлең мен жырдың, халықтық поэмалардың түр формаларына байланысты ерекшеліктер өз алдына бір сала. Жыр, толғау, қара өлең, айтыстың көптеген түрлері, жаңылтпаш және т.б. формалар өзінің бағыты мен мақсатына байланысты қазақ әдебиетіндегі поэзия мен прозадағы елгіл бір өзіндік ерекшеліктер қалдырған.

Кезінде Ә.Бөкейханов: «Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынан өзі де жоғалуға бейім тұрады... Дүниеде өңге жұрттар қатарында қор болмайын, «тұқымым құрып қалмасын» деген халық өзінің шежіресін имани дәрежесінде ұғып білуге тиіс болады», - деп жазған болатын [1, 15]. Сондықтан ол бастаған Алаш азаматтары қазақ болмысын айқындайтын рухани құндылықтарға ерекше көңіл бөліп, ұлт тарихын, ұлттық сананы қалыптайтын, бірізге түсіретін істерге ерекше назараударды. Алайда Кеңес өкіметі ұстанған саясат Алаш азаматтарының бұл ойын жүзеге асыртпады. Өйткені ол тұстағы ұстаным бойынша, кіші халықтардың мемлекет субъектісі ретінде өз тарихтары болмайды, ол тек үлкен тарихтың объектісі деп түсіндірілді. Осы ұстаныммен бұрынғы ұлт-азаттық көтерілістер бүлікшілік ретінде бағаланып, оның жетекшілері тарихи тұлғалар емес, елге іріткі салушылар деп қараланды. Ал Ресей империясының өзінің шет аймақтарын жаулап алуы бұратана халықтарды өркениетке бастау, жақсылыққа жетелеу, көзін ашып, көкіректерін ояту деп түсіндірілді.

Тарих – адамның әлеуметтік әрекеттерінің жиынтығы. Адам – өмір мен тарихи таным субъектісі. Өмірлік тәжірибе арқасында адам өзін жетілдіре отырып, тарихты жаңарта алады. Солай тарих пен өзін тануға мүмкіндік алады. Осы тұрғыда қарайтын болсақ, тарихи сана дегеніміз адамның тарихты тануы, қабылдауы, меңгеруі болып табылады. "Тарихи сана екі салаға бөлінеді: 1) еске алу, бүгінді бағамдап, ертеңге болжам жасау; 2) тұлғаның айналасындағы тарихи іс-әрекеттердің орны, рөлі және мәні туралы өзіндік ерекшелігі. Екінші бағытты «тарихтың субъективті санасы» деп атауға болады. Мұндай санаға қатысты гуманистік, субъективті таным, батырлық тұрғысынан талдау жүргізуге болады [2, 15-16].

Тәуелсіздікке қол жеткізген соңғы отыз жыл ішінде жазылған поэзиялық туындылардағы көркемдік үлгі-өнегелер өте күрделі. Ол қаламгерлердің ұлттық ауқымындағы шеберлік нақыштарымен ғана шектелмей, әлем әдебиетіндегі көркемдік үрдістерді қазақ топырағында жаңғырта, түлете білгендігімен көңіл аудартады. «Қазақстанның тәуелсіз, егеменді ел болуы – біздің жаңа тарихымыздың басы. Ендігі жерде біз өз тарихымызды бұрынғыдай көп ұлтты мемлекеттің құрамында емес, дербес зерттеп, ұлтымыздың тарихтың ұзақ жолында ұтқаны мен ұтылғанын, жеткені мен жете алмаған тұстарын кең ашып, бүгінгі егемендікке келуіміздің заңды жолын көрсетуге тиіспіз. Жалпы ұлтпен, ұлт мәдениетімен бірге қайшылықты жолдан өткен біздің әдебиетіміздің тарихы да осындай талғаммен қайта қарауды керек етеді» [3, 10].

Жаңа замандағы қазақ поэзиясы ұлт өміріне ынта қою, ұлттық мінезді терең зерттеу, сәйкес көркемөнер құралдарын іздеуімен ерекшеленеді. XX ғасырдың соңғы ширегі мен XXI ғасыр басында қазақ әлемі өзгерістер мен күрт бұрылыстарды аз көрген жоқ. Осы уақыт ішінде ұлттық сана да адам айтқысыз өзгерді. Қазақ ақындарының көркемдік шығармашылығы да бұған жақсы дәлел бола алады. Ақындар жаңа көркемдік әдістерді іздеу жолында көптеген деректерге және әдеби ескерткіштерге сүйенді, мұның ішінде әлемдік поэзияның ең соңғы тәжірибелері, қазақ фольклоры мен жыраулар поэзиясының көркем мұралары, жанрлық формалар мен стильдер, баяндау арқылы ажыратылатын ұлттық әдебиет үлгілері бар. Қазақ ақындарының қазіргі уақыттағы жаңаша мазмұндағы шығармалары ойдың небір нәзік иірімдері мен бояуларын дөп басып, адамның рухани кедейлігін бейнелей алады, жер шарының әртүрлі нүктесінде жүрген адамдары толғандырып, қобалжытатын сауалдар қоя алады. Ақындарымызды халықтың болашағы қатты толғандырады. Бұл ретте қазіргі қазақ поэзиясының белгілі өкілі Гүлімай Әбішқызы туындыларының тың тақырыптық сипатқа құрылуын атап өтуге болады. Бұл туралы белгілі журналист И. Асқар былай дейді: "Мен бұрын білген Гүлімай жырларынан ілкіде осы секілді жігерлі жолдар, тіршіліктің ащылыау, қаттылау тұстарына назар аударған жолдарды көбірек көріп едім. Ол енді өте жас

уақыттағы әлденеге үмітті, әлденеден толқулы сезімдерінің өлең жолдары арқылы сезілуі деп ой түйгенмін. Бірақ олардың бәрі өсе келе, жетіле келе, кемелдене келе өзгеше сипат алатындығы аңғарылғандай еді. ...Бұрын ойлары майысып, иіліп, сынып кетердей көрінген жолдар енді... жоғалатыны көп өмірде тек жігер, ұмтылыс керек екендігін ұғындырғандай. Оның бұрынғы өлеңдері, негізінен жеке басының сезімдерін нәзік баяндауға құрылатын сияқты еді. Қазіргі Гүлімай кеңістікке шығып, кең ойларға бара жатқанын аңғартады, осы күннің де өзекті тақырыптарын қозғауға ұмтылады" [4, 5].

Ақынның "Алаштың ақ ордасы" өлеңі тәуелсіз елдің Ақ ордасының айбынын асырып жырлауға арналған:

"Аллаға аян, айдан да табылар үнмін.
Алашпын. Аластап ардың тағына міндім.
Кереге кермен жаңныңнан жабыларыңның
Уығын шаншығам ұлтына табынар ұлдың.
Күлдіреуіші алтын медальдар шаңырағымның.

...Отауым осы, айбыны аласармаған.
Басқа өрлемегің, балақтан әрі аса алмаған.
Жүрегі жылап тұрса да бауыры жібіп,
Жанына жұртым еш елдің жара салмаған.
Жаратқан мен жүгінсем жеті жарғыма
Желбіреп туым, жер жүзі қарасар маған" [5, 82-83].

Ақын өлеңдеріндегі "Ақтөбенің көктемі", "Құландым, ұран ұшқан ұямсың..." өлеңдерінде туған мекен қасиеті сипатталады:

"Көп киімнен, отты үйімнен жалығам
Дейде бала. Көктем күтіп налыған!
Күткенге ақыр келер көктем салып ән.
Өктемдіктен көптен күткен жақсы ғой
Келмес күткен үміт біткен арығын.
Тарихым бар жел жеп, аяз қарыған
Қалай айтсам,

Шернияздың шер қоржынын шешсем бе,
Сыр тартсам ба Сарыдан", - деп Ақтөбенің тарихына тоқтала келіп, егемендік желі ескен кезеңді масаттана жырлайды:

"Күткен көктем желтоқсанға қақталып,
Ақтөбеге беттеді, ырыс, бақты алып.

...Оралдың ба, Егеменді көктемім
Оймауыттан көріп Сағи мектебін
Дұрыс бопты "Жазушылар Одағы" -
Жарқамысқа жетелдетіп жеткенің.
...Алғанымнан аздау екен бергенім,

Қалғанымнан көптеу болғай ергенім", - деп, ел алдындағы жауапкершілікті де айтып өтеді [5, 47-49 бб.].

Ұлттық сананың, тарихи сананың оянуы өткен жолымызға қайта оралып, қаншама жылдар бойы айтылмай, жазылмай келген ақиқаттың ақтандақтарын анықтауға, жүріп өткен асуларымызбен алдық деген асқарларымыздың қаншалықты тарихи маңызы болғанын бағалауға, мәдени, әдеби әлеміміздегі жарық жұлдыздарымыздың тарихи әділетті орнын анықтауға мүмкіндік ашты. Бұл ретте ақын, М. Мақатаев атындағы сыйлықтың лауреаты А. Әлімұлы былай дейді: "Өлеңінің әрбір жолынан сөз киесін пір тұтқан нағыз ақынға тән тазалық көзге ұрып тұр. Мұқағали ақындай "жүрегінің түбіне кір қалдырмай" айтып өтуді мақсат тұтқан ақын қыз өмірдің қаталдығына қарсы тіректі қасиетті сөз өнерінен тауып, жылаған жүрегін, құлазыған көңілін жырмен жұбатады. Сондықтан да оның:

"...Толқыса көңілім
Төңірек тегіс райланып,
Жадырап өңім,
Жаныма жалау байланып.
Дөңгелей берем,
Дөңгелей берем дамылсыз,
Табанымда жер,

Төбемде аспан айналып..." - деген жыр жолдарындағы сезім мен сенімнің алғаусыздығы күмәнсіз сезіледі" [5, 5].

Ақын Г. Әбішқызы "Түпкі атам аңыз Маку-Қалу бопты" атты өлеңінде:

"Жат жұрттық жаным түйіп, тастап кеткем,
Табалдырық түбінен табыламын.
Іргесін ілмесін деп үп еткен жел,
Жаныммен ықтырма боп жабыламын.
Түндігін түн түргенде таң атқанша,
Жарық болам, жалындап жағыламын.
Қақтаған қара темірге айналсам да,
Күмбірлі қоңырау боп тағыламын.

Шаңырағым сіл ғана сықырласа,

Сар далама дабыл боп қағыламын.

Шөлікесе шиыршық атамын да,

Сөл бөлемін, суша еп ағыламын.

Сол шаңырақ астында селтең қағып,

Сезімге ерген бал шағым - ақ лағым", - деп, жат жұрттық қыз баланың өз елімен сырласуы арқылы, ұлт алдындағы ұрпақ борышын жырлайды [4, 17].

Жалпы, тәуелсіздік жылдарындағы жазылған жырлардың қоғамдық-ой сананың жаңаруына сай көптеген жаңа ұғымдар, атаулар, түсініктер, танымдық тақырыптар пайда болғанын, көркемдік ізденістерге өріс ашылғанын байқаймыз. Бұл ең алдымен тәуелсіздік дейтін қасиетті ұғымды қастерлеумен байланысты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бөкейханов Ә. *Шығармалары*. – Алматы: Казак энциклопедиясы, 1995.
2. Алпысбаев Қ. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 232 б.
3. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. 8-том. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 48 б.
4. Әбішқызы Г. Ай қызы – арман. – Ақтөбе: "А-Полиграфия", 2011. – 112 б.
5. Әбішқызы Г. Дат, тақсыр тағдыр. – Алматы: Жазушы, 2015. – 192 б.

МРНТИ - 14.35.09

DEVELOPING LEARNERS' COMMUNICATIVE SKILLS WITHIN THE HIGHER EDUCATION PROGRAM AND INTEGRATING WITH PUBLIC SPEAKING

A. ORAZOVA, S. USENOVA

K. Zhubanov Aktobe Regional State University, Aktobe, Kazakhstan

Аңдатпа. Мақала «5В011900 - Шет тілі: екі шет тілі» жоғары білім беру бағдарламасы бойынша ағылшын тілін шет тілі ретінде оқытудың ерекшелігіне арналған. Жұмыста ежелгі және орта ғасырлық өркениеттердегі ашық сөйлеу шеберлігі мектептерінің қалыптасуы туралы негізгі мәліметтер берілген. Мақалада студенттердің коммуникативтік дағдыларын 3 курстың «Шетел тілін арнай мақсатта оқыту» пәнінің практикалық сабақтарында және 4 курс студенттері үшін «Тілдік материалдарды коммуникативті бағытта оқыту» элективті курсының дамыту мәселелері талқыланады. Авторлар жоғары оқу орындарының оқытушыларының тәжірибелері барысында оқыту кезінде байқалған шетел тілін меңгеруі студенттердің психологиялық типтері және әртүрлі оқу стильдерін зерттейді. Мақалада авторлар сөйлеу шеберлігін дамытатын стратегиялары мен принциптеріне ерекше назар аударады. Мақалада шетел тілін

оқытудасөйлеу шеберлігін қалыптастыратын тапсырмаларын қолданудың бірнеше айқын артықшылығы бар екендігі туралы айтылады: сөйлеу шеберлігін барлық төрт тілдік дағдыларды практикада қолдануға мүмкіндік береді, сыни ойлау дағдыларын дамытуға септігін тигізеді, білім алуға-оқуға ықпал етеді

Түйін сөздер: ағылшын тілін оқыту, білім беру бағдарламасы, ағылшын тілін шетел тіл ретінде меңгеруші студент, сөйлеу әрекеті, көрермендер, сөйлеу құрылымдары, жабдықтар, көрнекі құралдар, әдістер, стратегиялар, нанымдар, ымдау тілі, хабар-ақпарат, тіркес-сөздер, риторика, тыңдаушы, аудиториямен керібайланыс.

Жаратылыс болмысын «әлемдік ақыл-парасат» деп таныған ежелгі дәуір ойшылдары. Бұның мағынасы әлем мен табиғаттың, қоғам мен рухани өмірдің арасында жаратылыс мәніне бағынатын құбылыстардың ерекше орын алатындығы. Бұны үйлесімділік дейміз. Ал, адам (жеке адам, ұлт, адамзат) санасының рухы оны әлемдік мәнмен байланыстырып отыруында. Қазақ дүниетанымындағы тарихи сана құбылысы халықтың өмір болмысын өткінші құбылыққа теңейтін ұғымымен тереңдейді. Қазақ даналығында өмір болмысы уақыт құбылыстарымен өлшеніп отырған. Адамды, халықты жаратылыс мәнімен байланыстыратын нәрсе руханилық. Ел мен оның құндылықтары сақталған жерде адамның өмірі мәнге айналады деген тарихи сана ұғымы халық өмірінде ұлттық идеяға айналып отырған. «Адам дүниеге жалаңаш келіп, жалаңаш кетеді» деген халық ұғымының негізінде адамгершіліктің, Отанға деген адалдықтың қадір-қасиетін зерделеу бар. Кейінгі ұрпақ тарихи сана құбылысына айналған ұғымдар, тәжірибелер арқылы ел болып өмір сүрудің мақсатын біледі. Бүгінгі дәуіріміздің тұсында әлемдік мәдениет пен төл мәдениетіміздің қалыптасу негіздерін зерделейтін болсақ, біздің заманымыздан бұрынғы уақытта орын алған мәдени дамудың бастауы, аға ұрпақ буын

өкілдерінің жүріп өткен жолы, тарихи сана мен руханилыққа қатысты көптеген нәрсенің мән-жайын аңғартады. Осы жерде «соңғы ғасырларда адам баласы табиғи ортада жаңа өркениетін құрамын деп мәдениет жолындағы бағдарынан айырылып қалған жоқпа?» деген сауал туындайды. Бұл мәселеге батыс ғалымдары өткен ғасырдың басында ақ ерекше көңіл бөле бастағандығы белгілі.

Адамзат баласының өзіндік санасының тарихи сана мен ұлттық сана деңгейіне көтерілуін оның ойлау мәдениетімен ұштастырамыз. Өзіндік сананың тарихи сана мен ұлттық санаға айналуында, ұрпақтың танымдық мүмкіндіктерге ие болу, тәжірибе мен білім арқылы игіліктерді жасау қызметі жатыр. Соның негізгілерінің бірі (бабаларымыз негізін салған) атқа міну мәдениеті. Тығырықтан шығудың жолын іздестіруде адам баласы үшін ойлау мәдениетінің бір қыры, табиғат мүмкіндігін дұрыс пайдалануда жатқандығын осыдан ақ білуге болады. Яғни өзіндік сананың тарихи сана негізіне айналуында, тарихи кезеңдегі адамдардың әлеуметтік және мәдени дамуға ықпал ететін қажеттіктерді өтеу жолында жаңа мүмкіндіктерге ие болуы, осыны іске асырудағы танымы ерекше көзге түсуде.

Адамзат әлемінде, адамзаттық мәдениеттің рухани негіздерінің қалыптасу уақытының айшықты белгісі, тарихи сана құбылыстарынан, адам санасының жасампаздық табиғатынан көрінеді. Сананың интеллектуалдық феномендері арқылы халық ұлтқа айналып отырады. Ұлттық қалыптасудың негізінде сана тәжірибелерін, даналықты сақтап отыру, оның қызметі арқылы ұлттық болмыстың рухани өрісін кеңейту, уақыт кеңістігінен тарихи кеңістік пен мәдени органы қалыптастыру әрекеті ерекше көзге түседі. Ұлттың қалыптасуында мемлекетті қалыптастырудағы тарихи сана қызметі, оның тарихи оқиғаларды қалыптастырып отыруы және ұлттың дербес тарихы мен мәдениетінің әлемнен өзіне лайықты орынды белгілеп отыруымен ерекше көзге түседі. Ұлттың мәдениетінде өзіндік санасын тарихи сана өрісіне бағытай білген кез келген адам ел азаматы ретінде, өзінің әлеуметтік ұстанымын іске асыруда, ұлттық мүдде құндылықтарын қалыптастырып немесе оны кейінгі уақытқа табыстаумен шектелмейді. Өзінің төл мәдениетіне жаңа серпіліс, сол арқылы қоғамына, адамзат әлеміне өзгеріс әкелетін жаңа тәжірибелерді иеленуге ұмтылып отырады. Бұны қазіргі сөзбен айтқанда жасампаздық, бәсекеге қабілетті болу дейміз. Осы бір адамзаттық мәдениет пен қазіргі өркениеттің бастау көзіне айналып отырған танымдық қасиеттер, жасампаздық және өркениетті бәсекеге қабілетті болу, тарихи уақыт өрісінде ерекше орын алатын көшпелі тұрмыстағы мәдениет иелерінің болмысында жатыр. Бұны тарихи уақыттағы тарихи сана құбылыстарының негізі өнімдерінің бірі деп айтудыңға болады. Мәселен жаһан, жаһанды тану, жаһандағы өзгеріс ұғымы түркілердің танымында ерте орын алған, тарихи сана құбылысының мәнін айқындайтын мәселелердің бірі. Мәселен Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Жаһан наме» дастанында жаһандық болмыс келбеті былай суреттелген:

Мадақ – жаһанды жаратушыға бұрын,

Ешкімнің де емес одан ісі жасырын.

Неңдей бір адамның ақыл-ойы жетсе де,

Кімде-кім ұлыстан құпия етсе де,

Бәрі оның [Алланың] алдында бірдей болар,

Ашық дала мен қара түнек болса да мекені[4.7 б.]. Түркі ойшылдарының ұғымында жаһандық құбылыстар жаратылыс құзырындағы мәнге негізделеді. Адамның іс-әрекетінен туындайтын дүниелер объективті әлеммен ғана шектеледі. Ал адам баласы сана арқылы ғана әлеммен байланысты. Жаһандық әлем кеңістігінде объективті әлем кеңістігінен өте алатын сана, ақыл-ой. Адамның іс-әрекеті мәдениет пен қоғамға игілік әкелетін деңгейімен тарихи мәнге ие. Идея да ұрпақтың тұлғалық қызметтерінің нәтижесінде адамзат игілігіне ортақ құндылыққа айналады. Себебі әр аймақта адамзатқа ортақ тарихи уақыттың басталу кезеңінде, әлеуметтік дамудың негіздерін қалыптастыруға бағытталған тұлғалардың зердесі тұр. Тұлғалық зерде өрісі сол аймақтың әлеуметтік тарихи жағдайына байланысты, әр түрлі бағытта жүзеге асып отыруы ықтимал. Бірақ кейінгі ұрпақ тарихи уақыт құбылыстарының негіздерін зерделеп отыруда екі нәрсені үнемі естен шығармауы қажет деп есептейміз. Ол сана феномендерінің қалыптасу ерекшеліктері және әлеуметтік дамудың заңдылықтары.

Адамзат мәдениетінің, оның ішінде ұлттық мәдениеттің негізінде игіліктерді тану мәселесі де жатыр. Адам баласы үшін бақ негізгі құндылық. «Бақ береке мен бірлік бар жерде орнығады» делінген қазақ даналығында. Береке мен бірлік сана құбылыстарының адам мен қоғам өмірінде игілікке айналуы арқылы келеді. Сана құбылыстарын игілікке айналдыратын адамның өзі. Адамға сананың өрісін кеңейтуде мінез, білім, тәжірибе қоса қажет. Осы үшеуін қалыптастыруда (иеленіп отыруда) білімнің қызметі ерекше. Білім болмаса ой-өріс, адамның ойлау мәдениеті қалыптаспайды. Кез келген қоғамның негізгі ұстанымы өркениетті қалыптастыру болса, өркениеттіліктің өлшемін айқындайтын ізгілік. Ізгілік қоғамда тарихи сана құндылықтары арқылы сақталып отырады. Ізгілікке қоғам болып қол жеткізу үшін ұлттық ойлау қажет. Қоғамды құрайтын адамдар. Қоғам мүшелерінде ұлттық мінез болса, ізгілік әлеуметтік танымның негізгі құндылығына айналады. Ізгілік, адамгершілік тарихи сана тәжірибелері негізінде қоғамдық психологияның тірегіне айналғанда қоғамда даму, мәдени өзгеріс орын алады. Түптеп келгенде бақ пен байлықтың қоғамға ақыл, білім, тәрбие мен мінездің бірлігі арқылы қатар келетіндігін ойшылдар айтып кеткен. Бақыт, ақыл мен мінез, қанағат пен төзіп, әділеттілік бір жүрген жерде, ел, халық өз мақсатына қол жеткізеді деген. Паракорлық, жемқорлық, жалқаулық пен надандық, сақындық, екі жүзділік пен озбырлық қатар жүрген жерде жеке адамнан бастап қоғамның санасы бақытсыздыққа айналады делінген ойшылдар даналығында. Жүсіп Баласағұн жазғандай:

Адамды хақ жаратты да ескерді:

Оған ақыл, білім, өнер, ес берді.

Көңіл берді, әрі тілін тербетті ,

Ұят берді, берді құлық, келбетті.

(Ділін оңдап, ерік берді тіліне,

Ұят берді қылық-құлық, тініне!) [5. 90 б.]. Сонымен қоғамның, мәдениеттің дамуы ұрпақтың ақыл-парасатына тәуелді. Неғұрлым қоғам тарихи сана арқылы жетілген сайын бар нәрсені сақтап, жаңа нәрселерді жасауға қабілетті болады. Сананың тарихи және ұлттық сипат алып отыруы деп ұлттың өзіндік табиғатына, болмысына сай қамдануын, қалыпты түрде дамуын және тарихи кезеңдерде өзіне тән ерекшеліктерін сақтап отыруын, адамзаттық дамудың талаптарына бейімделуді айтамыз. Жоғарыда айтып өткеніміздей, кез келген мемлекет өзіне қажетті мүмкіндікті (білім, тәжірибе, ғылым) әлемдік мәдениеттің өрісінен іздейді. Ал адамзаттық даму өзінің мәдени дамуының негізін әлем болмысына тән үлесімділікті зерттеуден алады.

Ел, мемлекет уақыт кеңістігінде теңіз үстінде жүзіп бара жатқан кеме немесе қайық сияқты. Әрине кемемен қайықты салыстыруға келмейді. Бірақ адам баласы бастапқыда қайықты жасап шығарды, қайықпен жүзуді үйренді. Қайықпен жүзуде көздеген жеріне жету үшін кезекпе кезек оған күш жұмсады. Тарихи кезеңдеге адамзат қоғамы да, әрбір тарихи уақытты басынан өткізген елдердің өмірі де осы қайықтағы адамдарға ұқсайды. Қайық өз бетімен жүзе алмайды оны жылжыту үшін, желден, дауылдан қорғап теңіздің шетіне жеткізу үшін көп күш керек. Сол күшті интеллигенция немесе ұлттық сана иелері деп айтамыз. Ал теңізде жүзіп бара жатқан кеме өзіне өзі сенімді мемлекет, ол қашықтықты жүзіп өту үшін өзіне қажетті, өзін өзі қорғап отыратын бар мүмкіндікті (білім, өнер және ғылым тәжірибелерін) өзіне жасап алған.

Ұлттық интеллигенция, саяси элита өкілдері дегеніміз әрбір тарихи уақыт шеңберінде қоғамның ішінен тәрбиеленіп шығатын ұлттық сананың өнімі болып табылады. Бұлардың қатарына кешегі алаш зиялыларын жатқызуымызға болады. «Қазақ жастарының ардақты тәрбиешісі Ақаң сөйлегенде менің есіме Қазақ газетінің әуендері түседі – деп жазып кеткен Мұхтар Әуезов, - біз ол күнде мектеп ішінде жүрген бала едік. Бірақ патша саясаты темір бұғаудай мойынға батып, қазақ жұртын әлсіретіп, «Кедейді шалапқа мас қылып, байды қымызға мас қылып», елдігін жоғалтып бара жатқанын тұманды оймен сезуші едік. Көмескі жауы қазақтың бесіктегі баласының көзінеде елестегендей еді. Сол уақыттарда «Қазақ» газетінің бетінен анда-санда оқып отырған әсерлі анық сөздер қауіптің пішінін айқын қылып көрсетіп, мектептегі жас балалардың сезімін түзу жолға беттеткендей болушы еді. Жас буынның жаңа туып келе жатқан әлсіз ойын «жол мұңдалап», жетегіне алып бара жатқандай

байқалушы еді. Мектептегі сабағын оқымайтын бала «Қазақ» газетін көрген жерде қадалып тұрып қалатын. Бөтен қалада қыр есіне түсіп, елін ойлап жүрген балаға «Қазақ» газеті ауылынан келген сәлемдемедей болатын, ел басына келген бәленің атын білмей, түсін танымаса да, елі мінген еспесі жоқ қайықты теңіздің ішінде жылжытып бара жатқан жел мен құйынның бар екенін оқып жүрген бала да сезе тұғын. Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын. Ол газеттің жаны кім еді? Ішіндегі қажымайтын қайрат, кемімейтін екпін кімнің екпіні еді? Ол екпін, ұйықтаған қазақты айқайлап оятуға заман ерік бермеген соң, маса болып қалай ызындап оятамын деп, ұзақ бейнетті мойнына міндет қылып алған Ақаңның екпіні болатын»[6].

Қоғам қашанда интеллигенция өкілдерінің ағартушылық қызметіне мұқтаж. Мемлекет мүддесіне қажет мамандарды тәрбиелеуде мемлекет пен халықтың арасындағы байланыс, интеллигенция өкілдерінің ағартушылық қызметтері арқылы жүзеге асып отырады. Халықтың шынайы субстанция ретіндегі қызметі мемлекеттің дамуына қызмет ететін ұрпақты тәрбиелеуде жатыр, ал шынайы сана деңгейіндегі интеллектуалдар қызметінің мәні, тәуелсіздікті қорғау жолында мемлекет пен халықты біріктіретін ұлттық құндылықтарды қорғап, оған қоғамды бастап отыруында. Бұның барлығы бір ғана сананың қызметі арқылы жүзеге асып отырады.

Интеллигенция өкілдерінің шынайы қызметінің нәтижесінде халықтың әлеуметтік танымы өзінің тарихи деңгейін сақтап отырады. Қоғамның әлеуметтік танымы мен оның бағытын, рухани негіздерін сақтап отыратын интеллигенция өкілдері болмаса жастардың қоғамдық ортада әлеуметтенуі қиын. Жастардың әлеуметтенуі негізінде тарихи сана тәжірибелерін, ұлттық сана принциптерін иелену тұр. Ал қоғамға бағыт-бағдар беруде әлеуметтік танымның негізіне, қоғамның рухани ой елегіне айналып отыратын интеллигенция зердесі. Интеллектуалдар зердесі болмаған жерде қоғамның ақпараттану мен ақпараттану деңгейі әр бағытта жүруі мүмкін. Тарихта да, қазіргі уақытта да бұған мысалдар жетерлік.

Сонымен әр ұрпақ буын өзіндік санадан ұлттық сана деңгейіне жетуде тарихи сана құбылыстарын, тәжірибе түрлерін қалыптатырып отырғандығы белгілі. Бақытты сана деп ұлттың өзіне қажетті құндылықтарын қалыптастырып, өзінің мүддесіне қызмет ететін ұрпақты тәрбиелеп, оның игілігін көруін айтамыз. Ал бақытсыз сана дегеніміз уақыттың өтпелі құбылыстарына төтеп бере алмаған қоғамның қателігі. Бұның себеп-салдары мен мысалы бір. Ол жоғарыда айтып өткеніміздей ұрпақтың мың жылғы тәжірибесі мен білімін, құндылықтарын игере алмаудан шығады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жұмабаев М. Шығармалары: Өлендер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1989. - 448 бет.
2. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық /Қаз. ССР Ғылым акад., М. О. Әуезов атын. әдебиет және өнер ин-ты: Жауапты ред. А.Сейдімбеков. Алматы: Қазақстан, «Ғақлия» ғыл.-зерттеу орталығы, 1991.-80 бет.
3. Абай. Қара сөз. Поэмалар. А., 1993.-272 бет.
4. Мұхаммед Хайдар Дулати. Жаһан наме. [Құрастырған Әбсаттар қады Дербісәлі]. - Алматы: «Білім» баспасы, 2006. – 432 бет.
5. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: «Өлке», 2006. – 640 бет.
6. Ахмет Байтұрсынов, Ақ жол: Өлендер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991 – 464 бет.

МРНТИ 02.41.51

ОСОБЕННОСТИ СОЦИАЛИЗАЦИИ КАЗАХСТАНСКОЙ МОЛОДЕЖИ: ТРУДНОСТИ И ВОЗМОЖНОСТИ

Д.А. МАЦЮК

*Актыбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова,
г.Актобе, Казахстан*

Аннотация: В данной статье исследуются особенности процесса социализации казахстанской молодежи как особой демографической группы в возрасте от 15 до 29 лет. Подчеркнута роль молодежи в древних восточных цивилизациях. В разрезе различных этапов отечественной истории изучается роль молодежи и отношение к ней со стороны государства и общества. Показана социальная значимость молодежных групп в советский период истории Казахстана. Вместе с тем, изучены основные тенденции государственной молодежной политики в республике. Осуществлен анализ наиболее актуальных жизненных трудностей современной казахстанской молодежи и пути выхода из них. В целом, продемонстрировано внимание государства к проблемам отечественной молодежи.

Түйіндеме: Бұл мақалада 15-29 жас аралығындағы ерекше демографиялық топ ретінде қазақстандық жастарды әлеуметтендіру үрдісінің ерекшеліктері зерттеледі. Ежелгі Шығыс өркениеттеріндегі жастардың рөлі ерекше атап өтілді. Отандық тарихтың әртүрлі кезеңдерінде жастардың рөлі және оған мемлекет пен қоғамның көзқарасы зерделенеді. Қазақстан тарихының кеңестік кезеңінде жастар топтарының әлеуметтік маңыздылығы көрсетілді. Сонымен қатар, республикадағы мемлекеттік жастар саясатының негізгі үрдістері зерделенді. Қазіргі қазақстандық жастардың ең өзекті өмірлік қиындықтарына және олардан шығу жолдарына талдау жүргізілді. Жалпы, отандық жастардың проблемаларына мемлекеттің назары көрсетілді.

Annotation: This article explores the features of socialization of Kazakhstani youth as a demographic group in the population from 15 to 29 years old. The role of youth in ancient eastern civilizations is emphasized. The attitude to youth

from the state and society at various stages of national history is studied. The social significance of youth groups in the Soviet period of the history of Kazakhstan is shown. Also, the main trends in youth policy in the republic were studied. The analysis of the most urgent life difficulties of modern Kazakhstani youth and ways out of them. In general, the attention of the state to the problems of domestic youth is shown.

Ключевые слова: молодежь, социализация, культура, казахстанцы, образование, карьера, мобильность, рождаемость.

Түйінді сөздер: жастар, әлеуметтендіру, мәдениет, қазақстандықтар, білім беру, мансап, ұтқырлық, туу.

Key words: youth, socialization, culture, Kazakhstan people, education, career, mobility, fertility

В истории человеческого рода молодежь всегда играла важную роль, поскольку являлась не только физически сильной частью населения, но и транслятором культурных ценностей от предшествующих поколений. Мы, как и отечественные социологи, условно под понятием молодежь будем подразумевать молодых людей в возрасте примерно от 15 до 29 лет. Если то или иное общество ставит перед собой долгосрочные стратегические цели в рамках усовершенствования своего человеческого капитала, то оно будет уделять пристальное внимание, прежде всего, молодежи. Недаром еще великий китайский мудрец Конфуций (551-479 до н.э.) говорил: «На молодежь следует смотреть с уважением. Почем знать, что будущее поколение не будет равняться с настоящим. Но тот, кто в 40-50 лет не приобрел известности, уже не заслуживает уважения» [1].

Сделав краткий исторический экскурс в отечественное прошлое, можно увидеть, что на заре становления Казахского ханства (середина XV в.) молодежь не столь сильно выделялась из общей массы традиционного общества. Более влиятельное место тогда занимали именно старцы в лице биев, родовых правителей, достаточно взрослых батыров и т.д. Ведь молодые на тот период не обладали столь большим жизненным опытом. Ситуация коренным образом начинает меняться с начала джунгарских набегов на казахскую степь (XVI-XVIII вв.), когда целью чингизидов уже становится не выработка важных сводов законов, что требовало жизненного управленческого опыта, а быстрые меры по организации военного отпора врагу. Именно в этих условиях выдвигаются достаточно молодые ханы и батыры (Аблай, Абулхайр, Богенбай и др.). В этих условиях произошел некий переход от застоявшейся мудрости старцев к энергичности молодых политиков. Хотя, безусловно, жизненный опыт аксакалов всегда был важной социальной ценностью степняков.

В период же пребывания Казахстана в составе Российской империи (1731-1917 гг.) после многочисленных антицарских восстаний казахов, царизм нацелился на вопросах образования части казахской молодежи в духе реализации собственной политики в степи. Была большая необходимость в выращивании управленцев, переводчиков, инженеров, юристов, педагогов и т.д. В этой связи из состава местных жителей (преимущественно обеспеченных) казахская

молодежь направлялась в крупные российские города. В будущем из их числа выйдут выдающиеся просветители, инженеры, врачи, ученые, чиновники, которые внесут огромный вклад в экономическое, политическое и социально-культурное развитие казахского края XIX-начала XX вв. Накануне Февральской революции 1917 г. они составят костяк либерально-демократической партии «Алаш» (А. Букейханов, С. Торайгыров, М. Дулатов, М. Тынышпаев и т.д.), а также пролетарско-молодежного движения (С. Сейфуллин, М. Жумабаев, Б. Майлин, Т. Рыскулов и др.). К сожалению, в революционные годы и период гражданского противостояния просвещенная казахская молодежь понесет большие потери.

В период существования Казахской ССР (1920-1991 гг.) новая власть стала уделять молодежи пристальное внимание. Так, уже в первые годы своими Декретами и постановлениями советская власть создала такие молодежные организации, как комсомол, пионеры и октябрята. Невзирая на современную моду критики советской власти, именно эти сообщества сыграли важнейшую роль в процессе просвещения детей и молодежи, их продвижения в области образования, культуры, спорта, производства и т.д. И сама советская молодежь всегда стремилась оказаться в рядах данных организаций. К тому же, активная деятельность в комсомоле была залогом дальнейшего продвижения молодых по партийной лестнице. И, конечно же, нельзя не отметить тот факт, что большим достижением советской власти в рамках проведения молодежной политики был всеобщий охват детей и подростков процессом получения начального и среднего образования.

В постсоветском независимом Казахстане многие традиции предыдущей советской эпохи в контексте бережного отношения к подрастающему поколению продолжились. К примеру, в кризисные 90-е годы многие учебные заведения республики были охвачены процессом компьютеризации. А в наши годы всемирная сеть интернета дошла даже до отдаленных сельских школ. Более энергичному процессу социализации казахстанской молодежи помогает реализация государственной программы «Болашак», в рамках которой наши студенты могут проложить учебу не только в других вузах страны, но и в ведущих университетах ближнего и дальнего зарубежья. По официальным данным, «за 22 года оплачена учеба за рубежом свыше 11 тысяч стипендиатов. На это израсходовано, по разным оценкам, от 500 миллионов до 1 миллиарда долларов» [2]. На эти нужды ежегодно в бюджете страны закладываются немалые средства.

Важным доказательством того, что казахстанские власти уделяют пристальное внимание вопросам молодежи, стало регулярное упоминание проблем молодежи в выступлениях Елбасы Н.А. Назарбаева. Так, в своем Послании «Новое десятилетие – новый экономический подъем – новые возможности Казахстана» в 2010 г. Президент говорил, что «Молодежь – основа будущего, которая получит новые возможности строить свое будущее» [3]. В октябре 2018 г.

Елбасы отмечал, что: «... молодежь – это ключевой фактор конкурентоспособности нашей страны. Сегодня ... победит та страна, у которой будет креативное поколение, которое поднимет науку, образование и не будет отставать. Я это сегодня вижу. Именно от вас, от вашей энергии, знаний, патриотизма зависит будущее Казахстана. Я это говорю всей казахстанской молодежи» [4]. Во многом, благодаря пониманию важности молодежи для нашего государства, Елбасы в конце 2018 г. официально объявил следующий 2019 год – годом молодежи в Казахстане. Символом данного года стал оригинальный логотип, символизирующий полет стаи журавлей.

Численность молодежи в нашей стране составляет 22 %, а если брать абсолютную цифру, то это 4 миллиона человек [5]. Именно поэтому молодежные проблемы должны вовремя решаться. Ни сколько не преуменьшая роли нашего государства в решении тех или иных проблем молодежи, тем не менее, стоит констатировать, тот факт, что эти проблемы имеют место быть. И среди целого их комплекса, можно выделить следующие наиболее острые:

1. Жилищные проблемы. Дело в том, что, несмотря на развитие фермерских хозяйств, сельская молодежь все-таки старается переселиться в город ради получения образования и дальнейшего продвижения по карьерной лестнице. Поэтому в ходе миграции в город молодые сельчане, зачастую сталкиваются с определенными жилищными вопросами в контексте поисках временного жилья. Ведь не секрет, что в современных рыночных условиях не каждые родители имеют возможность приобрести своим детям даже недорогие квартиры. И если будучи студентами, молодые люди еще как то преодолевают жилищные проблемы, кооперируясь вместе, то при вступлении в брак, молодая семья вынуждена тратить на съем отдельной квартиры уже большие деньги.

2. Поиск высокооплачиваемой работы. В нашей стране, как и на всем постсоветском пространстве, получение молодежью дипломов об окончании средне-специальных или высших учебных заведений не есть залог нахождения рабочего места с желаемой зарплатой. Это обусловлено тем, что, во-первых, при устройстве на работу большое значение имеет профессиональный опыт. Хотя парадокс состоит в том, что трудно устроиться на работу без опыта, который невозможно получить в 18-22 года. Во-вторых, работодатели, не всегда желают трудоустраивать молодежь, особенно замужних девушек, зная, что в ближайшее время они могут уйти в декретный отпуск. Молодые же мужья, при появлении первых детей, во избежание нехватки денег в семейном бюджете, стремятся работать на двух и более работах, что отнимает у них большие физические и моральные силы. В-третьих, при устройстве на работу, молодежь на протяжении долгого времени занимает второстепенные должности, а по карьерной лестнице зачастую продвигаются их коллеги более старшего

возраста. И как бы государство не старалось помочь молодежи, работодатели (в особенности в частном секторе) отдаст предпочтение более зрелым кадрам.

3. Проблема молодежной преступности. Первый и второй вид проблем подталкивает ряд молодых людей искать легкие пути решения финансовых проблем путем использования преступных методов – воровство, мошенничество, убийства, грабеж и т.д. Предположим, молодой семьянин рабочей профессии испытывает нехватку средств со своей официальной заработной платы при ее трате на собственную семью, состоящую из него самого, двух детей и супруги. Работая, к примеру, на стройке, он может «налево» продавать строительные материалы, тем самым рискуя быть пойманным и, нанося финансовый ущерб данной строительной организации. А если молодой работник работает в правоохранительных органах или на государственной службе, подобного рода противоправная деятельность рано или поздно даст о себе знать. Именно поэтому, государство стремится регулярно повышать размер минимального прожиточного уровня, что сказывается на регулярных повышениях зарплат работникам бюджетных организаций (учителей, врачей, полицейских и т.д.).

4. Проблема получения качественного образования. Под качественным образованием мы будем иметь в виду, главным образом, предоставление государственными или частными учебными заведениями целого комплекса знаний, отвечающих современным требованиям времени, а также процесс усвоения их молодежью честным путем, исключая проявления коррупции, кумовства и иных подобных явлений. Не секрет, что выбирая, например, инженерно-техническую или экономическую специализацию, студент столкнется со сложными учебными дисциплинами. И если старательный студент определенные пробелы своих знаний достигнет путем посещения библиотеки или занятия на вспомогательных курсах, то найдется и иная категория учащихся, которая попытается «закрыть» сессию, прибегнув к практике подкупа. Осуществляя подобного рода действия, наши будущие специалисты будут обманывать самих себя, а стереотип о «бездарной молодежи» на долгие годы будет предметом рассуждений со стороны старшего поколения.

5. Слабый уровень мобильности обучающейся молодежи. Проблема тоже достаточно актуальная, поскольку подразумевает под собой устаревший подход в рамках получения образования и дальнейшего трудоустройства только в пределах своего города, области или страны. Дети из достаточно патриархальных семей при трудоустройстве на том или ином месте исходят из мысли, что не желательно далеко уезжать от своих родителей и родственников, которые им помогали во время учебы и, возможно, от их помощи будет в дальнейшем зависеть их карьера. К примеру, в 90-е годы были массовые случаи, когда родители не желали отпускать своих детей (даже по государственному гранту) на учебу за границу. Когда же прошли годы, то эти вчерашние дети поняли, что родители не дали им

шанс получить более престижное зарубежное образование, а современное незнание иностранного языка не позволяет им сейчас заполучить высокооплачиваемую должность в какой-либо иностранной компании. Поэтому современная государственная идеология в рамках программы развития трехязычия и реализации образовательных программ предоставления учебных грантов для обучения за рубежом нацелена на усиление образованности молодежи, чьи навыки в будущем помогут формированию конкурентоспособной нации.

6. Ну и конечно такой острой социальной проблемой современной казахстанской молодежи является ежегодное увеличение количества распадов молодых семей. «В Казахстане за последние 10 лет поженились 1,5 млн пар. Более полумиллиона за этот же период развелись, сообщили в Комитете по статистике Министерства национальной экономики РК» [6]. Если в советское время семейный развод считался экстренной, но все же осуждаемой обществом мерой, то в наши дни развод стал вполне привычным явлением. Классические его причины (финансовые трудности, участившиеся бытовые ссоры, измена супругов, злоупотребление алкоголем, вмешательство родственников в семейные проблемы, неумение решать семейные проблемы путем диалога и т.д.) в современных реалиях дополняются такими негативными для всего общества последствиями, как неполноценное воспитание детей, кризис ценности сильной патриархальной семьи, подростковая преступность и т.д. Тем не менее, рождаемость в стране продолжает расти. Поэтому «в отличие от той же России, Казахстан не нуждается в дополнительных мерах по стимулированию рождаемости» [7]. Несмотря на большое количество разводов, и как следствие неполных семей, в республике среди молодежи участилась практика заключения повторных браков, что позволяет все-таки воссоздать или дополнить уже существующие ячейки общества.

Таким образом, изучение различных вопросов процесса социализации казахстанской молодежи является достаточно интересным исследованием, поскольку включает в себя анализ всех сфер казахстанского общества (экономики, внутренней политики, этнополитики, воспитания, образования и т.д.). Если у казахстанского общества придет осознание того, что молодежь достаточно неопытная социальная группа, которой необходимо оказывать психологическую, финансовую, образовательную и иную помощь не только со стороны государства, но и гражданского общества, то многие молодежные вопросы найдут свое рациональное решение. Именно от этого зависит не только развитие четверти населения страны, но и развитие всего Казахстана.

Список использованной литературы:

1. Конфуций. Беседы и суждения [Электронный ресурс]. – 2019. – Режим доступа: https://www.inform.kz/ru/nursultan-nazarbaev-molodezh-eto-klyuchevoy-faktor-konkurentosposobnosti-nashey-strany_a3491036
2. Обучение казахстанских студентов за рубежом: какая от этого польза? [Электронный ресурс]. – 2016. – Режим доступа: <https://camonitor.kz/21022-obuchenie-kazahstanskih-studentov-za-rubezhom-kakaya-ot-etogo-polza.html>
3. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана. 29 января 2010 г. [Электронный ресурс]. – 2010. – Режим доступа: http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstan-29-yanvary-2010-goda_1340624693
4. Байгарин М. Нурсултан Назарбаев: Молодежь – это ключевой фактор конкурентоспособности нашей страны [Электронный ресурс]. – 2019. – Режим доступа: https://www.inform.kz/ru/nursultan-nazarbaev-molodezh-eto-klyuchevoy-faktor-konkurentosposobnosti-nashey-strany_a3491036
5. Тулекбаева А. Численность молодежи в Казахстане составляет 4 млн. человек [Электронный ресурс]. – 2018. – Режим доступа: <https://inbusiness.kz/ru/last/chislennost-molodezhi-v-kazahstane-sostavlyayet-4-mln-chelov>
6. Число разводов в Казахстане увеличивается с каждым годом [Электронный ресурс]. – 2018. – Режим доступа: <https://informburo.kz/novosti/chislo-razvodov-v-kazahstane-uvelichivaetsya-s-kazhdym-godom.html>
7. Нужна ли государству высокая рождаемость? [Электронный ресурс]. – 2019. – Режим доступа: <https://informburo.kz/stati/-nuzhna-li-gosudarstvu-vysokaya-rozhdaemost.html>

ҒТАМР 03.20

ОСПАН БАТЫР

Ж.О. ОРАМАХ, Р.Б. ТАСҚЫМБАЕВА

Қ. Жұбанов атындағы өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада жат елдің қарамағына өтіп кеткен этникалық қазақстардың Шығыс Түркістан аймағында Гоминьдан өкіметіне қарсы ұлт-азаттық көтерілістің басшысы Оспан батырдың әділдіктің ақ туын көтеріп, өліспей берілмеген ерліктері баяндалады. Ол қорқу, үрейлену дегенді білмеген қас батыр болғандығы, оның ұлттарды кемсіту, қорлау саясатына қарсы, бірақ жауға қатал болғандығы, ұлт-азаттық күрес үшін жанында аямағындығы айтылады.

Түйінді сөздер: Шығыс Түркістан Гомиьндан, қолбасшы, «Үш аймақ», «Үш отау», азаттық, қызыл амия, «ханзу», қас батыр, этникалық қазақтар.

Аннотация. В статье рассказывается о национально-освободительном восстании под предводительством. Оспан батыра в Восточном Туркестане, против Гомиьнданской власти, котором восставшие проявили героизм под флагом справедливости и независимости.

Ключевые слова: Восточный Туркестан, гомиьнданская власть, предводитель, «Ушаймак», «Уш отау», свобода, красная армия, «ханзу», настоящий батыр, этнические казахи.

Annotation. The article tells about the national uprising and under the leadership of Ospan Batyr in East Turkestan, against the Kuomintang, authorities. which the insurgents showed heroism under the flag of justice and independence.

Key words: East Turkestan, Kuomintang, leader, «ushaymak», «ushotau», Liberty, red army, «hanzu», real batyr, ethnic Kazakhs.

Шығыс Түркістан аймағындағы ұлт-азаттық көтерілістің басшысы әрі батыры Оспан Исламұлының туғанына өткен жылы 120 жыл толды, яғни ол 1899 жылы дүниеге келген.

Кешегі коммунисттік идеологиямен уланған қоғамда Оспан батыр «банды, қарақшы» деп аталып, шындық ашылмай халыққа солай насихатталған. Шындықтан құтыла алмайсын дегендей әр жағы жариялылықтан, бергі жағы тәуелсіздікке қол жеткеннен кейін Оспан батыр туралы да ақиқаттың көзі ашылып, «банды деп жүрген Оспан Исламұлы батыр болып шықты» [1]. Азба көппе қырық жылдай еленбеген ақиқат жарыққа шығып, баспасөз беттерінде Оспан батыр туралы шындық жариялана бастады.

Шығыс Түркістан аймағына жататын Алтай, Іле, Тарбағатай қазақтардың атамекені. Қытай мен Ресей арасында шекара белгіленгенге дейін екеуіне де бағына қоймай, шекара аймақтарында емін-еркін көшіп-қонып жүрген еді. Қытай үкіметі қазақтарды қайтарып алуды талап етіп, Абылайға бірнеше рет нота жолдағанмен бұл әрекеті көздеген нәтиже бермей, енді Қытай Шығыс Түркістан жерін Ресеймен бөлісу мәселесін қозғайды.

Аталаған мәселе бойынша екі елдің арасында ондаған жылдарға созылған келіссөз жүргізудің нәтижесі 1881 жылы Санкт-Петербург келісіміне қол қоюмен аяқталып, келісім бойынша екі елдің шекара маңын мекендеген қазақтардың біразы Қытайдың, біразы Ресейдің қарамағына өтіп екіге бөлініп кетеді. Нәтижесінде Ресей мен Қытай арасында кейін 1883 жылы ресми хаттамаға қол қойылып, қазақтардың көпшілігі Шығыс Түркістан өлкесінде қалады да Қытай мемлекетінің қарамағына өтеді, сөйтіп қазақтар диаспорасының ирридентіне айналады. Шығыс Түркістанның жат елдің қарамағына өткеніне жүз қырық жылдың шамасы болып қалды. Елу жылда ел жаңа деп қазақ халқы бекер айтпаған. Осы жылдардың ішінде Шығыс Түркістанның басынан талай оқиғалар, тіпті қанды оқиғалар өтті. Олар туралы кешегі қызыл империя қылышын қайрап тұрған кезде ашық айтылмағанмен ардақты азаматтар, тарихшылар, ғалымдар, жазушылар сол кездегі шындық туралы жазды, айтты. Тарихтың шын

сырын әліде болса біле алмай жүрген кейінгі ұрпаққа шындықты жеткізу ғой авторлардың міндеті.

Тарихтан белгілі 1940 жылы Алтайдың Көктоғай, Шіңгіл аудандарындағы қазақтар Есімхан, Ырысхан, Ақтекенің басшылығымен Гоминьдан өкіметінің үстемдігіне қарсы қарулы көтеріліс бастайды. Көтерілістің шығу сесбебі, қазақтарды саяси, әлеуметтік шеттетумен қорлау; Гоминьдан өкіметінің қазақтың ақсүйектерін құрылтай болады деген сылтаумен Үрімшіге шақырып алып, түгел түрмеге қамап, жазықсыз жазалай бастауынан туындады[1]. Бұлардан кейін іле-шала әділеттің ақ туын көтеріп әйгілі Оспан батырда қаруын қолға алып, өліспей берілмейтін ерліктер көрсетеді. Сонымен, Шығыс Түркістандағы қазақтар Гоминьдан өкіметіне қарсы тұңғыш рет оқ атып, ел болып азаттықтың туын көтерген қаһарман халық ретінде тарихқа енді. 1940 жылдан 1945 жылға дейінгі бес жыл ішінде Гоминьдан мыңдаған әскерінің быт-шытын шығарып, халықты қоқан-лоққымен қорқытып ұстаған билікті жеңетін күш бар екенін дәлелдеді. Алтай қазақтарынан кейін 1944 жылы шілде айында Іленің Нылқы ауданының Әкпар, Сейт батырлар бастаған қарулы көтеріліс бас көтерді. Іле өңірінде Гоминьданның жан-жақты қаруланған 128-дивизиясының 383-полкінің 3 батальоны, өлкеден толық жабдықталып жіберілген бір батальон және қауіпсіздікті қорғайтын 4 полкі, сондай-ақ, әрбір ауданда оның бөлімшелері тұрған болатын. Шындығында, бүкіл Шығыс Түркістан көтеріліс алаңына айналды[2]. Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін Кеңес Одағымен арадағы сауда-саттық байланыс үзіліп, мал және мал өнімдерін сататын алушылар таба алмай, қазақтардың тұрмыс-күйі төмендеп, күн көруі қиындап кеткендіктен халық қарулы көтеріліске аттанған. Осы кезде Шыңжан өкіметі 1944 жылы 2-қыркүйекте Гоминьдан орталық армиясы 7-дивизиясы командирінің орынбасары Ду Дыфуды дереу Ілеге барып, ондағы әскерге толықтай қолбасшы болуға бұйырады. 3 - қыркүйекте ол Ілеге жетіп қарамамағындағы бір батальонды Құлжа қаласын қорғауға бұйырық береді [3,56-57-66.]. Ду Дыфудың қоластындағы әскердің саны үш маңға жетіп үлкен күшке айналады. Бірақ, Құлжаға барар жолда оның әскері Әкпар, Сейт жасақтарынан оңбай жеңіледі. Жол бойы жасақшылар қатарын көбейтіп, ел ішінен мал жинап сатып, оған қару-жарақ сатып алады. Мерейі үстем болған партизандар Құлжа қаласына лап қойып, 1944 жылы 12-ші қарашада қаланы өздеріне қаратады. Екі айға созылған қаладағы соғыс аяқталып, Гоминьдан мекемелеріне, соларға қызмет еткендер түгелдей өлтіріледі.

1944 жылы 12-қарашада Құлжада жаңа өкімет құрылады. Ол Шығыс Түркістан өкіметі деп аталады. Оның төрағасы етіп Кеңес Одағы әдейі алып келген Әлихан (өзбек) тағайындалды. Оған Шығыс Түркістан армиясының маршалы деген атақ береді. Әлихан билік басына келгеннен бастап мемлекетті діни бағытпен басқарып, шариғат заңдарын түсіндіріп, алла - тағаланың парыздарын жеткізіп, дұғалар айтып, ислам дінін үгіттейді. Тіпті, Шығыс

Түркістан Республикасының туына, әскерилердің киімдеріне, орден- медалдарға мұсылмандық белгілер енгізеді. Бұндағы басты себеп біріншіден, Әлихан төренің Шығыс Түркістан Республикасын мұсылман мемлекеті етіп таныту болса, екіншіден, қиын жағдайларда мемлекет басқару қабілетінің аздығы болса керек. Ал, Кеңес Одағы Шығыс Түркістанды ислам республикасы етіп құру ұнаған емес, мүлдем ойламаған болатын. Кеңес Одағы оны биліктен дереу алып тастамады, өйткені оны өлкенің халқы ұйып тыңдап, соңына еріп қостап жүрген еді.

Осындай стратегиялық себептермен аз уақыт өткеннен кейін-ақ 1945 жылы 8-сәуірде Кеңес Одағы Шығыс Түркістан өкіметінің тізгінін өз қолына мықтап ұстау үшін қарулы күштердің барлық салалары мен буындарына өз адамдарын тағайындайды. Олар: Бас қолбасшы - Малинов (орыс), штаб бастығы-Мажаров (орыс), саяси бөлім бастағы – Аббасов, Әлиханды, генерал-лейтенант Ысқақбекті, генерал-майор Палиновты, Подполковник Әбдікерімді әскери кеңестің мүшелігіне тағайындайды. Осы жылы, яғни 1945 жылдың қыркүйек айында Шығыс Түркістан армиясы Іле, Тарбағатай, Алтай (Үш аймақ)аймақтарын түгел азат етіп, Үрімжіге шабуыл жасауға сақадай сайланып дайындалды [2].

Гоминьдан өкіметі Шыңжаңның қолдан кетіп бара жатқанынан қорқып, генерал Жаң Жыжынды дереу Шыңжаңға аттандырып, ол 1945 жылы 13- қыркүйекте Үрімжіге келіп, Кеңес Одағының консулы Иеусеевпен кездескеннен кейін Үрімжіге шабуыл жасауға дайындалып жатқан Түркістан армиясы алған беттен өзгеріп, кейін шегінеді. Бұл кеңес Одағының бұйырығы болатын. Шығыс Түркістан халқының көп жылдық қанды соғысының жемістерін Ахметжан Қасым, Ысқақбек, Мононов, Әбдікерім Аббасовтар өздерінің жеке мүдделеріне айырбастайды. Гоминьдан өкіметінің өкілі Жаң Жыжынның тасы өрге домалап, Шыңжаңдағы жаңа өлкелік өкіметтің төрағасы болып тағайындалады. Өкімет құрамындағы негізгі лауазымды орындарға Жаң Жыжынның адамдары қойылады. Ал, Шығыс Түркістан жақтан өкімет құрамына кеше ғана Гоминьдан өкіметіне өліспей V беріспейміз деген Ақметжан Қасым, Әбдікерім Аббасов, Сәйпиден Әези, Рақымжан Сабырқажиев, Дәлелқан Сүгірбаев, Әбілияйыр төре, Ысқақбектер қосалқы лауазымдарға тағайындалады. Сөйтіп, екі жарым ай ішінде 1946 жылы Шығыс Түркістан өкіметі жойылады. Тарихқа және сол кездегі болып жатқан оқиғаларға жүгінетін болсақ Шығыс Түркістанға басшылыққа жіберілгендер Кеңес Одағының тыңшылары-коммунистер еді. Себебі, олардың бірде-біреуі Шығыс Түркістанды сақтап қалдыруға шынайы қызметтенбеген сияқты.

Осыны сезген болуы керек Гоминьданға қарсы күресте қазақ халқының 1940 жылы басталған ұлт-азаттық қозғалысын 1942 жылдан кейін Оспан Исламұлы басқарады. Алтай халқы осы жылдардағы қазақтардың бас көтеруін «Оспан төңкерісі» деп те атайды.

Алтай қазақтары 1940 және 1941 жылдары екі рет қарулы көтеріліс жасап, өлкелік өкіметтің үгіт-насихат жасау белсенділігінің нәтижесінде көтерілісшілер қаруын тастап, бейбіт өмір сүреміз деп келіскен болатын. Тек, Оспан батыр өкіметтің бұл келісімі алдау екенің сезіп қаруын тапсырмай, көтерілісті одан әрі жалғастырады. Алтайдағы ұлт-азаттық қозғалыс өзінің үшінші кезеңін бастайды. 1944 жылдың күзінде Алтай көтерілісін Іле мен Тарбағатай құптап бүкіл Үш аймақ қазақтарының Гоминьдан билеушілеріне қарсы ұлт-азаттық қозғалысы кең қанат жаяды.

«Үш аймақтың» немесе "Үш отаудың» басын қосып хандық құрып, Оспан өзі хан болып», «Үш отаудың» түтінін бір жерден шығарып, Гоминьдан өкіметке қарсы тұру деген идеяны таратқан Қытай белсенділері болатын [4]. Шынында оның ойында Тәуелсіз Шығыс Түркістан Республикасын құру әбден мүмкін. Бұл Қытай өкіметінің әдейі ойлап тапқан саяси жалғасы. Алтайда құрылған ұйымның аты «үш отау» емес, «ХИП (халық инклави партиясы) партиясының «Алтай бюросы» деп аталған. Оның тікелей басшысы Сейтхан Әбілқасымұлы Ақбаев болатын. Ол 1969 жылы

Моңғолияға аман-есен қашып өтіп, 1993 жылы Қазақстанға оралып, 1997 жылы Алматы түбіндегі Райымбек ауылында қайтыс болған [5,37-6.].

1943 жылы қаңтарда Гоминьданның Шыңжан өлкелік партия комитеті құрылып, әскери-өкімшілік жұмысына тікелей араласа бастайды, ішкі Қытайдан қыруар әскер әкеледі. Осы кезде Шыңжанға АҚШ пен Англияның ықпалы күшейе бастайды. Ол Кеңес Одағын қатты алаңдатады. Аталған елдер Үрімжі мен Қашқарда дипломатиялық өкілдіктерін ашып, гоминьданшылармен бірлесіп, екінші дүниежүзілік соғыста фашистік

Германияға қарсы екінші майдан ашуға уағдаласқан АҚШ пен Англия Кеңес Одағына қарсы іс-әрекеттерін жүргізеді. Ал Кеңес Одағы Оспан бастаған көтерілісшілерге іргелес Моңғолия үкіметінің қолдауын сұраған. Оған жауап ретінде Моңғолия Оспанға әдейі адамдар жіберіп, ол бастаған ұлт-азаттық қозғалысына тілеулес екендіктерін білдірген. Осы жерде біздерге мынадай ой келеді. Біріншіден, Кеңес Одағы Ұлы Отан соғысы кезінде Оспанға әскери, қарулы көмек беруге мүмкіндігі болмағаны түсінікті, екіншіден,

Шыңжандағы ұлт-азаттық қозғалысының шоғын басқа біреудің қолымен көсегісі келгендігінің белгісі емес пе?

Оспан батыр Моңғолияға тілеулестігіне жауап ретінде және арадағы түсіністіктің ақиқат және тереңдігін түсіну мақсатында өз ұлы Шердиман бастаған 4 кісілік өкіл жібереді. Моңғолия үкіметі елшілерді жылы қарсы алып, уәдеге берікпіз дегендей сеніммен елшілердің әрқайсысына бір-бірден пистолет, Оспанға сәлемдеме ретінде арнайы бір автомат, бір дүрбі, Қаби Бітімшұлына бір пистолет беріп жібереді. Осыдан кейін Оспан мен Моңғолия үкіметінің

арасындағы байланыс көтерілісшілерге тікелей көмектесуге ұласады. Моңғолия көтерілісшілерге 200 винтовка, 10 жеңіл пулемет, 30 сандық оқ береді.

Мұндай көмектен Моңғолия кейінде аянып қалмайды. 1944 жылы сәуірде мемлекет басшысы Чайболсан Бұлғы озені бойында Оспан бастаған көтеріліс басшыларымен кездесіп, көтерілісшілердің жағдайымен танысады. Сол кездесуде Оспан өз қазақтарынан 1000 адамды күреске дайындай алатындығын айтқанда, Чайболсан соларды қаруландыру үшін Кеңес Одағында жасалған 1000 дана винтовка, 1000 ат және фашизмге қарсы соғысты басынан өткізген Ноғай деген қазақ жігітінің басшылығымен, қару-жарағы түгелдей 300 қазақ солдатын беруге келіседі. Оспанды бас қолбасшылыққа тағайындайды. Кейінде Моңғолия тарапынан әскери көмектер үсті-үстіне келе бастайды, 17 соғыс ұшағын жібереді. Жаудың әскерін, соғыстық базаларын әуеден бомбылаудың нәтижесінде және жер бетімен шабуыл жасаған 1500 адамдық Оспан әскері жаудың 8000 адамының көзін жояды. Шіңгіл ауданы ұлт-азаттық қозғалыс басталғаннан кейін тұңғыш рет азат етіледі [1].

Төңкерістің қанатын бүкіл Алтай аймағына жаю үшін көтерілісшілер жоспарлы нақты қимылдарға көшеді, стратегиясы белгіленеді. "Тұрғын халықты қауіптен сақтау үшін Моңғолия арқылы Буыршын, Алтай аудандарының халқы Өр Алтайға, ал Төменгі Алтайдағы Жеменей, Қаба, Қобық аудандарының біраз халқы көрші Кеңес Одағының жеріне көшіріледі. Нәтижесінде Гоминьдан әскери күштері оқшау қалады. Ендігі кезекте Гоминьданның маңызды бекіністері мен олар билеп тұрған қалаларға шабуыл жасау міндеті қойылады. Гоминьдан әскеріне сырттан күш келтірмеу үшін партизандар қырағылықты жұмыс жасап, жаудың Алтайға жіберілген әскери қару-жарақтары, тағы басқада құралдар, азық-түлік тиелген 45 автомобилі мен 100 түйелік керуенін қолға түсіріп, 80 адамын, тағыда оқ-дәрі тиелген екі автомобилін жойып жібереді. Бұл кезде Оспан бастаған көтерілісшілер 60 мыңнан астам халықты өз жағына шығарған қуатты әскери күшке айналады. Көтерілісшілердің жеңістеріне риза болған Моңғолия үкіметі тағы да миномет, пулемет сияқты ауыр атқыш құралдар, винтовка, автомат, 1700 маузер жеткізіп көтерілісшілерді толық қаруландырған [6]. Сөйтіп, көтерілісшілер 1945 жылдың ақпан айының соңында Көктоғай, Жеменей қалашықтарын, наурыз айында Бурылтоғай қалашығын жаудан азат етеді. Әрине, бұл қалашықтарды жаудан тазарту оңай болған жоқ. Осы кезде әскери ақылшы Дәлелхан басшылығындағы 2000 әскер (мұның ішінде моңғолиялық 500 жауынгер де бар болатын) келіп қосылғаннан кейін Алтай аймағының орталығы Сарысүмбе қаласын алуға аттанады. Бұл кезде Сарысүмбе қаласында Гоминьданның 2000 әскері, 3000 тұрғыны тұрған. Қаладағы жаудың күші 2500-3000 адамдай болғанға ұқсайды. Көтерілісшілер Дәлелханның басшылығымен Гоминьдан күштеріне қарсы төрт рет шабуыл жасап, жаудың жан-жақтан байланысы үзіліп, Шығыс Түркістан ұлттық армиясының Алтайды азат етуіне қолайлы жағдай

туғызады. 1944 жылы тамыз айында Гоминьдан билеушілеріне қарсы Іле халқының ұлт-азаттық қозғалысы басталып, жау күштеріне ауыр соққы беріп, осы жылдың қараша айында көтерілісшілер Құлжа қаласының көптеген тактикалық нысандарын басып алып, тек бейбіт қала халқының ұрыс аймағынан шығып кетуге мүмкіндік береді. Гоминьдан армиясына сырттан не әскери, не басқалай көмек келе алмайды. Көтерілісшілерге Кеңес армиясының аздаған бөлімдері көмекке келгенмен жау бұл кезде тізе бүккен болатын. 1944 жылы 12-қарашада ұйғыр, қазақ, қырғыз халықтарының "Құлжа азаттық ұйымы» Шығыс Түркістан Республикасы (ШТР) уақытша үкіметі құрылғандығын жариялады. 1945 жылы 5-қаңтарда ШТР үкіметінің декларациясы жарияланды. Оның мазмұны төмендегідей:

1. Шығыс Түркістан территориясында Қытайдың колониялық үстемдігін түп-тамырымен жою.
2. Шығыс Түркістан территориясында аз ұлт халықтарының тең құқығын қамтамасыз ете отырып, шынайы еркіндікке, тәуелсіздікке ие мемлекет құру.
3. Шығыс Түркістанның экономикасын жан-жақты дамыту үшін алдымен өнеркәсіпті, егін шаруашылығын, малшаруашылығын және жеке кәсіпкерлікті дамыту арқылы халықтың тұрмыс жағдайын жоғарлату.
4. Шығыс Түркістандағы халықтың басым бөлігі ислам дініне сенетіндіктен, аталмыш дінге зор маңыз беру, сонымен бірге басқа діндерге де еркіндік және оны қорғау.
5. Мәдениет, оқу-ағарту, денсаулық сақтау істерін дамыту.
6. Жер бетіндегі демократиялы елдермен, әсіресе Шығыс Түркістанмен көрші болып отырған Кеңес Одағымен қарым - қатынас орнату, сонымен бірге саяси, экономикалық жақтан Қытай үкіметімен болған байланысты да дамыту.
7. Шығыс Түркістанның бейбітшілігін қорғау үшін әр ұлт халқының құдіретті әскери қосынын жасақтау.
8. Банк, почта, телефон, телеграмма, орман және жер асты ресурстарын мемлекет иелігіне алу.
9. Мемлекеттік қызметкерлер арасында өзімшілдік, бюрократтық, ұлтшыл экстремистік және коррупциялық пиғылдарға қатаң тосқауыл қою [7,10-11-бб.]. Декларация мазмұнынан көріп отырғанымыздай кейін кейбір толықтырулар мен өзгертулер болғанмен ШТР-ң өзінің ішкі және сыртқы мәселелерін өзі шешетін Тәуелсіз Респубика болуды көздегені айқын байқалады.

ШТР құрылғаннан кейін АҚШ елшілігі Гоминьдан үкіметімен Шыңжандағы ұлт-азаттық күреске назар аударып отырғандығынан басқа ештеңе айтпасада, Кеңес Одағы Алтайдағы көтеріліс жетекшісі Оспан батырмен байланыс жасау үшін өкілдер жіберген болатын, бірақ олар гоминьданшылардың тосқауылына тап болып кейін қайтуға мәжбүр болады.

Өлкедегі ұлт-азаттық күрестің ауқымы ұлттық армияның құрылуына байланысты күрт өзгереді. Ұлттық армия жер-жердегі партизан ұйымдары қозғалыстары негізінде құрылады. Ұлттық армияға партизан күштерінің бәрі бірдей кірмеді. Түрлі саяси күштердің араласуы ұлт-азаттық күрестің мақсат - мұратын, ұрыс жүргізу тәсілдерін қиындатып жіберді. Оның

үстіне ШТР-дың жаңа басшылық құрамы әуелі Гоминьдан өкіметімен, кейін Қытай Коммунистік партиясымен ымыраласу жолына түсті. Ал Оспан батыр болса, өзінің бұрынғы мұрат-мақсаттарынан ауытқысы келмеді. Оның жолы, мұраты - толық тәуелсіздік, еркіндік еді. Ол өле-өлгенше осы бетінен еш уақытта қайтқан жоқ.

Авторлар Оспанды мінсіз көреген көсем, айлалы саясаткер, білгір дипломат жасаудан аулақпыз. Мұндай дәрежеге жете алмауы, оның сауатының, әсіресе саяси сауатының жетпегені деп түсінуіміз керек. Өзінің тактикалық, стратегиялық бағыттарын айқындау да Қытай мен орыс, америка барлауының әзәзіл ниеттерінің құрбанына айналдырады. Американың Үрімжідегі бас консулы Пакстон, оның орынбасары Маккернан Оспанды коммунистерге, Кеңес Одағына, Қытай үкіметтеріне қарсы күресін тоқтатпау, ол үшін көмектерін аямайтығындарына сендірді. Шын мәнінде олардың мақсаты, қайткенде де Оспанды пайдаланып, ат-көлік, жол бастаушы алып, шекараға жетіп алу еді. Батыр оларға 20 ат, төрт жол бастаушы жігіттерін беріп шығарып салады.

Оспан бастаған ұлт-азаттық көтеріліске Қытай қызыл армиясы, Кеңес Одағы тарапынан қыспақ күшейе түседі. Қытай қызыл армиясының бас қолбасы, аса катігез генерал Уақ Жың "егер Оспан батыр бейбіт келісімге келсе, оған қандай мәмле жасар едің деп сұрағандарға : «Оған екі метр жер беремін» деп жауап берген. Демек, Уақ Жың Оспанға берілер жазаны күні бұрын шығарып қойған[8]. Сталин «Шыңжанға ие болуды кешеуілдетуге болмайды, бұған басқа елдердің араласуы мүмкін, қаласаңыздар біз сіздерге Ма Буфанның (Қытай Гоминьдан әскерінің қолбасы) 40 мыңдық кавелериясын, Шыңжандағы 100 мың адамдық Гоминьдан армиясын быт-шытын шығаратын күш беретіндігін мәлімдеді. Оспан батыр оған көнбеді, қорғаныссыз, көмексіз қалды. Батырдың соңына түскен қытай қызыл армиясы 1951 жылы 19-ақпанда Гансудың Хайзы деген жерінде оны қолға түсіріп, түйенің үстіне байланып, қол-аяғы кісенделіп бара жатқан әкесіне қызы Пәнсия дауыс салып жылайды. Сол сәтте Оспан ақырып: «Өшір үніңді, дұшпанның алдында көз жасыңды көрсетпе! Мені қытай мықтылығынан ұстаған жоқ, Құдайдың бұйрығымен ұстады. Алла бұйырды, мені ұстап алды. Мен өкінбеймін, қайт кейін" [5,205-бб.] деп паң күйінде қол-аяғы кісендеулі түйе үстінде қақайып кете барды.

1951 жылдың 29 - сәуірінде 52 жасында «банды, контрреволюционер» ретінде өлім жазасына кесіліп, 1-мамыр күні Үрімжіде атылады. Оспанды атқан кім? Интернет Facebookте жарияланған Тоқтар Мақаштың парақшасында көрсетілгендей Оспан батырды Әнуар Жакулин деген атқан. Қытайдан келгендер және сонда тұратын қазақтар біледі, бірақ сонда тұратын ағайындардың арасында жауыздық, араздық туып кетпес үшін, рулық түсініктің терең болуы тақырыпты жылы жауып қойған. Әнуар Жакулин кім еді? Оспан батыр қарулы күштерін жоюға жетекшілік еткен, кезінде үш аймақта әртүрлі басшы қызмет атқырған, ҚКП-

ң мүшесі, аймақтың қазақтарын Оспанға қарсы үгіттеген адам[9]. Жакулин сияқты сатқындар опасыздық жасамағанда көтерілістің, Оспанның тағдыры басқаша болар ма еді?

Оспанның рухынан қытайлар неге қорқады? Тарихи тұлғаның бағасын беру үшін сол баға беруші ең алдымен тарихи тұлға дәрежесіне көтерілуі керек, ең болмағанда кемінде тізесіне дейін жететін қал-қуаты болған жөн. Оспан батыр-өз заманының алтын аңызы, ұлттың шынайы батыры. Оны көлеңкелеу-ұлтқа деген мейірімнің жетімсіздігі, сананың таяздығы. Оспанға баға беруші және бере алмаушы бүгінгі қытай қоғамы. Олар Оспанды басты жауы әрі тарихтағы аса қауіпті тұлға ретінде бағалап отыр. Кезінде Сталин санасқан, АҚШ-тың назарына іліккен, Жия Жешімен одақ құрған, Чайболсанмен дос болған, Мао Цзедунды алаңдатқан Оспан енді қытайдың бүгінгі билігінің қарауына ілігіп, ҚХР мемлекетінің қауіпсіздігі сөз болғанда, қазақтар мәселесінде Оспанды «ауызға алуға болмайтын №1 адам» деп жариялапты. Бұл - даттау, қаралау, қорқу, үрейлену. Қазақта: «Өлген бураның басымен тірі атанды қорқытыпты» деген сөз бар. Ендеше, өлген Оспанның тірі қытайлар неге қорқады. Шын мәнінде - бұл тарихи тұлғаға деген шынайы баға. Оның өз ұлтына халқына, еліне-жеріне жан-тәнімен беріліп шаһид болғандығының қарапайым мысалы. Бұл қытайлардың «Оспанды бағалауы». Ал, Оспанды бағаламай, қаралаушы топтар қытай идеясы мен мүдесін, жақтаушылар оны жау, жат пиғылды деп бағалады. Міне, осындай ойлардан кейін «Оспан қытайдың жауы екен ғой» деген ой қалыптасады. Қытай - «ханзу» ұлт аты, КХР-қытай мемлекеті. Оспан қытай мемлекетінің де, қытай ұлтының да жауы емес. Оспан КХР билігінің, оның аз ұлттарды кемісту, қорлау саясатына жау. Оспан сот процесінде соңғы сөзіңді айт дегенде: «кім менің еліме-жеріме, дініме, тіліме тиссе сол менің жауым болды. Оны қара қытай, ақ қытай деп айырмадым, қарсы оқ атқанды аямадым, қырғаным рас. Кінәм мен күнәм сол болса, бәрі шын, енді ең соңғы жазаларыңды қолданыңдыр» деген. Оспан шынымен де қазақтың аты-затына сай қас батыры болған.

«Кім менің еліме-жеріме, дініме, тіліме тиіссе сол менің жауым болады» - дегені сонау сақ, ғұн, түркі заманынан оғыландарына қалдырған алтын аманат. Оны қытайлар жақсы білді, түсінді. Түркі рухынан қорқуының, алаңдауының себебі де сол болар. Бүгінгі қытайда болып жатқан қазақ және өзге де мұсылман ұлттарына жасалып жатқан қысымдарды ойлағанда, олардың «Оспанды айтпайсыңдар деуіне қарағанда батырдың рухынан, халықтың қаһарынан қорыққандай сияқты.

Бұл мақаланы жазуымыздың басты себебі Оспан батыр туралы білгенімізді, оқығанымызды оқырмандарға жеткізіп, оның көзсіз батыр, алған бетінен қайтпайтын ержүрек күрескер екенін жеткізу. Оспан батырдың бастап кеткен ұлт-азаттық күресі одан кейінде тоқтаған жоқ. Оның аты қазақ тарихынан орын алып, қазіргі және болашақ ұрпақ білсе құба құп болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Мауқараұлы А. «Банды деп жүргеніміз батыр болып шықты. //Жас алаш, 2019, 18- маусым.
- 2.Интернет. Сайт.Казах.Ру.
- 3.Мұхамбетқанұлы Н. Қытай қатынасы (ХҮІІІ-ХХ ғғ.). Алматы, «Ғылым», 1996.-197 б.
- 4.Рысқұлов Т. 1916 жылғы көтеріліс (Жетісу облысы.// Ақиқат.-1992.-№ 1.-120 б.
- 5.Қиянатұлы З. Жылаған жылдар шежіресі. -Алматы, «Мерей», 1995. -297 б.
- 6.Зәкенұлы Т. Оспан батыр және үш аймақ төңкерісі. // Қазақ тарихы. -1997.- №6. –Б.80.
- 7.Тәтімов М. Қазақ әлемі. -Алматы:«Ғылым», 1993. -200 б.
- 8.Сәмитұлы Ж. шығыс Түркістан республикасы және оның басшылары. // Қазақ тарихы.-1996. -№ 1. –Б. 80.
- 9.Интернет. Сайт.Facebook.kz.

FTAMP 03.20

ЖҰМАБЕК ТӘШЕНОВТЫҢ АҚТӨБЕДЕГІ ҚЫЗМЕТІ (1952-1955 ЖЖ.)

Н.Ш. АБДОЛЛАЕВ, А.А. КАБИЕВ

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аннотация. Мақалада Жұмабек Тәшеновтің 1952-1955 жылдардағы Ақтөбе өңіріндегі өнеркәсіп мен ауылшаруашылық салаларында атқарған қызметтері жайында баяндалады.

Мақалада Ақтөбе мұғалімдер институтының 1935 жылдан бастап Ұлы Отан соғысына дейінгі кезеңдегі педагог кадрлары мен студенттер құрамы туралы баяндалады. Архив деректері негізінде оқытушылар мен студенттердің жастық, жыныстық және ұлттық құрамы сандық көрсеткіштермен берілген. Жалпы институттың әлеуметтік-материалдық жағдайы, кафедралардың атқарған жұмыстары қарастырылған.

Түйін сөздер: қызмет, облыс, кеңес, коммунист, партия, комитет, басшы, шаруашылық, өндіріс, жұмыс, мәселе, мекемелер.

Аннотация. В статье рассматривается состав педагогических кадров и студентов Актюбинского учительского института с 1935 года до Великой Отечественной Войны. Основываясь на архивных данных, возраст, пол и национальность преподавателей и учащихся представлены количественными показателями.

Ключевые слова: институт, курс, факультет, деканат, кафедра, библиотека, кружок, педагог, студент, семестр.

Summary. The article discusses the composition of the teaching staff and students of the Aktobe Teachers' Institute from 1935 until the Great Patriotic War. Based on archival data, the age, gender and nationality of teachers and students are represented by quantitative indicators.

Key words: institute, course, faculty, dean's office, department, library, circle, teacher, student, semester.

Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында түрлі шаруашылық, кеңес және партия қызметтеріндегі еңбектерінің нәтижесінде тәжірибе жинақтап, ысылған азаматқа республика

басшылығы 1952 жылы Ақтөбе облысын басқаруды сеніп тапсырады. Жұмабек Ахметұлы Ақтөбе облысының 12-ші бірінші басшысы ретінде тағайындалды [1]. Metallургия мен мұнай-химия өндірісі дамыған, жер аумағы үлкен, бірақ ауылдық жерде халқы сирек қоныстанған, жол қатынасы қиын осы облысты басқаруды 37 жасында қолына алады.

Ол кез биліктің коммунистік партия қолында болған тұсы, сондықтан оның ресми қызметі Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы деп аталды. Сол кездегі қалыптасқан дәстүр бойынша басшылыққа ұсынылған облыстық деңгейдегі жауапты қызметкерді Мәскеу бекітетін.

Мұндай жауапты қызметті атқаруға Жұмабек Ахметұлы дайын болатын. Лауазымды қызметтің түрлі сатыларынан сүрінбей өткен қайраткер ешкімге жалтақтамай, өзіндік жинақтаған тәжірибелерін басшылыққа қолдануға және қандай да бір күрделі мәселелерді жүзеге асыруға мүмкіндік алды.

Қайраткердің Ақтөбеде қызмет жасаған уақыттағы Кеңестік Қазақстан басшыларының қызметіне тоқтала кеткенімізді жөн санадық. Өйткені, Жұмабек Ахметұлының сол кездегі өмірі мен қызметі сол басшылардың қызметтерімен, олардың іс-әрекеттерімен тікелей байланысты болды.

Қазақта «талапты ерге нұр жауар» деген тағылымды нақыл бар. Егерде өзінің еңбегімен, алғырлығымен Ж. Тәшенев республика басшысының көзіне түсіп Ақтөбеге басшылық қызметке жіберілмегенде оның КСРО басшысы Н.С. Хрущевтің назарына ілікпеуі де мүмкін еді.

Жүз мыңдаған тың игерушілер КСРО-ның әр тұсынан Қазақстанға ағылды. Жаңадан құрылған тың совхоздарына көбіне тыңгерлердің келген облыстары мен қалаларының аттары қойылды. Тың совхоздары директорларының кейбіреулері республиканың облыс және аудан басшыларына алғашқыда «шекеден» қарады. Қазақстандықтар өздері игере алмайтын болған соң, оларды көмекке шақырғандай көріп өздерін өктем ұстады. Орталықтан жіберілген совхоз директорларының көбі қазақ даласын адам баласы аяқ баспаған, қолы тимеген жер, ал оның халқын бір бейшара, мүшкіл халық сияқты көрді. Сырттан келген мамандарды қазақтардың тарихы мен мәдениеті қызықтырмады. Қайраткер осындай күрделі жағдайда Ақтөбе өңірінде бірінші басшылық қызметте болды.

Ж. Тәшенев облыста бұрыннан тары өсірудің мол тәжірибесі болғандықтан осы дақылдың көлемін ұлғайтуға ұсыныс жасайды. Облыстық партия комитетінің бюросы 1952 жылғы 31 мамырдағы шешімімен астық өнімдерін арттыру мақсатында 9 ауданда қосымша 10 мың гектарға тары егуді қажет деп шешеді. Атап айтқанда Қарабұтақ ауданына-1,5 мың гектар, Темір ауданына-400 гектар, Ключевой ауданына 1,2 мың гектар, Ойыл ауданына 1,5 мың гектар, Қобда ауданына-1 мың гектар, Родников ауданына-1,3 мың гектар, Мәртөк

ауданына-1,5 мың гектар, Новоросский ауданына 800 гектар, Степное ауданына-800 гектары егуді міндеттейді [2].

Қайраткер басқарған облыстық партия ұйымы өнеркәсіппен қатар ауылшаруашылығын дамытуға көп көңіл бөледі. Өйткені, аймақтың ауыл тұрмысы қиын еді. Көнекөз қариялардың естеліктеріне қарағанда Ақтөбе облысындағы әсіресе қазақ ауылдарының соғыстан кейінгі жағдай өте ауыр болған. Сол жылдары іссапармен осы облыста бірнеше рет болған Сағындық Кенжебаев ауыл қазақтарының едәуір бөлігі жеркепелерде тұруға мәжбүр болғанын айтады. КОКП Орталық Комитетінің 1953 жылғы қыркүйек, 1954 жылғы ақпан-наурыз Пленумдары осы салада түбегейлі өзгерістер жасауды белгілеген еді. Ол кеңес елінің тарихында Тың және тыңайған жерлерді игеру ретінде қалды. Негізгі болмаса да тың игерілетін аймаққа ішнара Ақтөбе облысы да қамтылды. Сырттан келген тыңгерлердің қатысуымен Ырғыз бен Қарабұлақ аудандары жерінде «Ярославский», «Щербаков», «Комсомол», «Псков», «Северный», «Урожайный» т.б. кеңшарлары ұйымдастырылды. Тың кеңшарлары алғашқы жылдың өзінде 874 трактор, 845 комбайн, 1128 тұқым сепкіш т.б. ауылшаруашылық техникаларын алды. Қарабұлақ және Ырғыз аудандарында 5 ірі астық кеңшарлары құрылады. Облыс бойынша 4 машина-трактор станциялары ашылады. Колхоз төрағалығына мүмкіндігінше ауылшаруашылығы саласында еңбек еткен, ауылшаруашылық саласы бойынша арнаулы орта немесе жоғары білімі бар адамдарды ұсынуды талап етіп отырды. Ж.Тәшенев қала кәсіпорындарынан жүздеген коммунистер мен комсомолдарды егін себу мен егін орағы науқандарында ұжымшар-кеңшарларға көмекке жіберіп отыруды үнемі назарда ұстады.

1954 жылы тың көтеру жоспарын кеңшарлар 246,6 пайызға, ұжымшарлар 155,6 пайызға орындады. 1955 жылы облыстағы егіс көлемі 979,3 мың гектарды құрады, бұл 1953 жылмен салыстырғанда 2 есе артық болды. 1956 жылы Ақтөбе облысы тарихта тұңғыш рет мемлекет қоймасына 661,3 млн. тонна астық өткізді. 1954 жылы әр сиырдан сауылатын сүт мөлшері 697 литр болса, 1955 жылы 806 литрге көбейді. Бір қойдан қырқылатын жүн көлемі колхоздарда 800 грамға, совхоздарда 300 грамға өсті. Ауылшаруашылығын дамытудағы табыстары үшін Ақтөбе облысы 1956 жылы Ленин орденімен марапатталды [3].

Осы арада бір мәселенің басын ашып алғанды дұрыс деп білеміз. Ел арасында Ж. Тәшенев тың игеруге да қарсы болыпты деген пікір кездеседі. Біздің ойымызша ол негізсіз пікір. Біріншіден, Ж. Тәшеневті 50 жыл білетін, жақын араласқан адамының бірі, прокуратура саласының ардагері Төре Болатовтың мына пікіріне жүгінейік. Ол Жұмекең менімен болған әңгімесінде: «Мен ешуақытта тың көтеруге, Қазақстан байлығын игеруге қарсы болып көргенім жоқ. Тек қазақ елінің дербестігі жөнінде Орталықпен қатты айтысқа түсіп жүрдім» деп куәлік етеді [4].

Екінші бір дәлел мынадай. Кеңес Одағының басшысы Н.С. Хрущевке 1953 жылы Кеңес Одағы Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінің Қыркүйек Пленумының алдында партияның Орталық Комитетінде өткен Бүкілодақтық партиялық кеңесте Ж.Тәшеневтің сөйлеген сөзі қатты ұнайды. Сондықтан да Хрущев оны жадында сақтап қалады. Осылардың әсері болар Н.С. Хрущев 1954 жылы Алматыда өткен тың игерушілердің тұңғыш слетінде мінбеде тұрып: «Тың және тыңайған жерлерді игерудің көшбасшысы, инициаторы Ж.А. Тәшенов», - деген пікір айтқан [5].

1954 жылы Ойыл ауданы колхоздарында мал қыстату науқанында қиыншылықтар болады. Мал шығыны басталады. Облыс басшысы Ж. Тәшенев дереу шара қолданып көмек бергізеді. Облыстық партия комитетінің бюро мүшесі А.Т. Неделько бастаған облыстық мекемелердің жауапты қызметкерлерінен құралған топты 25 күнге көмекке жібереді. Олар қайтып оралған соң облыстық атқару комитетінің бірінші орынбасары Ғ. Қадырбеков бастаған топты 20 күнге көмекке тағы жібереді. Сөйтіп қысылтаяң шақта аудандағы негізгі мал басын аман сақтап, қыстан шығуға нақты көмек береді [6].

Облыс басшысы ұжымшар демократиясының, ауылшаруашылық артелі жарғысының бұзылмай сақталуын қадағалап отырған. Мәселен, Мәртөк ауданында «Жаңа таң» колхозының төрағасын колхозшылардың жалпы жиналысын шақырмай, жоғарыдан тағайындағаны үшін аудандық партия және кеңес органдары басшыларына ескерту бергізеді.

Қайраткер облыс басшысы ретінде аймақтағы пайдалы кен орындарының жұмыстарын жандандырып, ел игілігіне айналдыруды назарда ұстады. Ол жаңа өндіріс орындарының ашылуы немесе кеңейтілуі облыс халқын жұмыспен қамтуға, тұрмыс-жағдайларын жақсартуына әсер ететінін жақсы түсінген еді. Сондықтан Ақтөбе облыстық партия комитетінің тікелей қолдауымен 1952 жылы мамыр айында Ақтөбе қаласында Қазақ КСР Ғылым Академиясының ұйымдастырған республикалық деңгейдегі ғылыми конференция өткізіледі. Ғылыми-тәжірибелік конференцияда Академияның Минералды ресурстар бөлімі мен Ақтөбе ферросплав, химия комбинаты мамандары бірлесіп облыстағы табиғи ресурстардың мөлшері, оларды игерудің жолдары мен мүмкіндіктері туралы пікір алысты. Назар аударылған басты мәселенің бірі табиғи қоры 138 миллион тонна деп мөлшерленген Жайсан қоңыр көмір өндіру орнының болашағы туралы болды [7].

Ж. Тәшеневтің облысқа бірінші басшы болып келгеннен кейінгі қолға алған бір ісі партиялық басқару аппаратының штатын кеңейту болды. Облыс негізінен өнеркәсіп орындары көп шоғырланған аймақ болғанымен, осы саланы қадағалауда, жалпы басшылық жасауда партиялық аппараттың адамдары жетпей жататын. Сондықтан, ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің алдына Ақтөбе облыстық партия комитетіндегі өнеркәсіп және транспорт бөлімін екіге бөліп, штаттық қызметкерлер санын көбейтуді ұсынады. Ол басшы

ретінде іс тетігін кадрлар шешетінін түсінді, сондықтан облыстық партия комитетіне осы салаларды жетік білетін азаматтарды тартуға іс-әрекет жасады.

Ақтөбе облысына Ж. Тәшенев жетекшілік еткен жылдары бұл аймақта қара металлургия, мұнай-химия, тамақ және жеңіл өнеркәсіптер салалары дамыды. Ақтөбе облысында әлемдегі ең үлкен фосфор кендерінің бірі орналасты. Алға станциясында ірі химия комбинаты жұмыс істеді. Кемпірсай да никель, Новоресей ауданының Дөң ауылы маңында хром кен орындары жұмыс жасайтын. Берчигөрде көмір, Жақсымай мен Шұбарқұдықта мұнай өндірісі болды. Республикада жасалынған тері және аң терісінен жасалған сыртқы киімдердің жартысынан астамы Ақтөбе кәсіпорындарының үлесіне тиді. Тамақ өнеркәсібі саласында жылдан-жылға ет және ет өнімдерін өндіру арта түсті.

«Ақтөберентген» зауыты рентген аппаратының жаңа үш түрін және «Большевик» ауылшаруашылық машина жасау зауыты бірнеше ауылшаруашылық машиналарының түрлерін шығаруды игерді. Ол машиналар облыстың машина-трактор станциялары (МТС) мен колхоз-совхоздарында кеңінен пайдаланылды. Ақтөбе облысының өнеркәсіп орындары 1950-1955 жылдарға арналған халық шаруашылығын дамытудың 6-шы бесжылдық жоспарын уақытында орындап шықты.

Жұмабек Тәшенев облысқа басшы болып келгенде Ақтөбе облысының құрылғанына 20 жыл толған екен. 1932 жылы құрылғанда қаланың халқы 35 мың ғана еді. Қалада 8 мектеп, 1 кинотеатр, 3 денсаулық сақтау мекемесі, санаулы ғана сауда нүктелері, механикалық шеберхана, диірмен, бірнеше кәсіптік кооператив болған. Содан бері қалада және облыста экономика және мәдениет саласында үлкен өзгерістер, алға басушылықтар болды. Жаңа өндіріс орындары, теміржол мекемелері, білім беру, денсаулық сақтау, қоғамдық тамақтандыру мен сауда орындары ашылды. 1952 жылы қалада одақтық маңызы бар 9, ал республикалық маңызы бар 13 өндіріс орны мен кәсіпорындары болды. Атап айтқанда Ақтөбе ферросплав зауыты, № 692 зауыт, № 406 автожөндеу зауыты, КСРО Мұнай министрлігіне қарасты механикалық зауыт, арақ-шарап зауыты, №23 мелькомбинат, «Ақтөбемұнайбарлау» тресі, «Ақтөбекұрылыс» тресі, Батыс Қазақстан геологиялық барлау басқармасы, Ақтөбе шахта басқармасы, «Большевик» зауыты, ет комбинаты, нан комбинаты, сыра зауыты, баспахана, №5 диірмен, сүт зауыты, тігін шеберханасы, электр станциясы, автожөндеу шеберханасы, «Маслопром» тресі, кірпіш зауыты, «Ақтөбекөмір» тресі, Ақтөбе теміржол станциясы (құрамында тепловоз, паровоз, вагон деполары, жол дистанциялары, байланыс бөлімі бар, барлығы 35 кәсіпорны бар 6 мың адам еңбек ететін). Қала аумағындағы кейбір өндіріс орындарының арасындағы қашықтық 25 шақырымға дейін созылып жатты. Ақтөбеде 100 дүкен, 19 мектеп, мұғалімдер институты педагогикалық, теміржол, мәдени-ағарту училищелері, музыка мектебі, авиамеханиктер мектебі, бухгалтерлік мектеп, медбикелер,

теміржол мектебі, қолөнер мектебі, 3 жетім балала үйі, 15 білім беру мекемелері болды. Педагогикалық институт салынып жатты. Облыстық мәдениет үйі, Теміржолшылар клубы, Металлургтер сарайы, 2 стадион, 3 кинотеатр жалпы алғанда 20 астам мәдени мекемелер жұмыс істеді. Қалада металлургтерге, химиктерге, мұнайшыларға арналған тұрғын үй аудандары болды. Ал партиялық басқару аппаратының құрамы сол бұрынғы қалпында қалды. Осы нанымды деректерді ескерген жоғары органдар Ж. Тәшеневтің ұсынысын қабылдайды [8].

Кеңес қоғамында 50 жылдары өткен жылдардың бір теріс көрінісі - адал коммунистердің шаруашылық, мекеме басшыларының үстінен қаралап «домалақ арыз» жазудың сарқыншақтары әлі де сақталған еді. Ж. Тәшенев сондықтан арыз-шағымдарды мұқият тексертіп, адамдарды жазықсыз жазаланбауын қатаң қадағалап отырды. И.В. Сталиннің қазасынан кейін Н.С. Хрущевтің бастамасымен КСРО-да аз уақытқа созылған «жылымық кезеңі» жүрген болатын. Бұл ұғым кеңестік көрнекті жазушы Илья Эренбургтің «Жылымық» повесінен алынған болатын. Қазақстан халқы да демократиялық жаңарулардан жақсы өзгерістер күткен еді. Бірақ ол үміт орындалмады.

Кен барлау жұмыстарын дұрыс жолға қою, кен орындарының мүмкіндіктерін арттыру, жұмысшылар мен колхозшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, оқу-білім, мәдениет, денсаулық сақтау салаларындағы мәселелерді шешу, санай берсең ұшы-қиыры көрінбейтін бір дүние. Жұмабек Ахметұлы 4 жыл Ақтөбе облысын басқарғанда осы жұмыстардың барлығын мойымай атқарып, әр саланың күрмеуі көп мәселесінің көзін тауып реттеп отырды. Соның арқасында оны ақтөбеліктер сол өңірдегі есімі ел есінде қалған басшылардың бірі деп қабылдады.

Басшы ретінде қарапайым еңбек адамдарының өтініштеріне, арыз-шағымдарына сергек қарап, қолынан келген көмегін аямаған. Мысалы, 1955 жылғы 4 ақпандағы бір құжатта, А. Шарапов деген азамат материалдық қиын, жағдайға ұшырып облыс басшылығынан көмек сұрағанда облыстық партия комитетінің қорынан Ж. Тәшеневтің қолымен 500 сом ақшалай көмек бергізгені туралы дерек бар [9].

1953 жылы Ж. Тәшеневтің атына келесі бір шағым Шалқар балалар үйінің директоры Кириллоадан түсіпті. Онда ол өзін заңсыз жұмыстан босатқан жоғары орган атына шағымданады. Одан кейін Ж. Тәшеневтің тапсырумен бұл істі тексеру барысында облыстық білім бөлімінің басшысы Кириллованы заңсыз жұмыстан шығарғаны анықталып, қызметіне қайта орналастыру және жұмыстағы тағы басқа кемшіліктері үшін облыстық білім басқармасының бастығына шара қолдану туралы шешім шығарылады. Сонымен қатар тексеріс барысында, осы балалар үйінің бұрынғы директоры тәрбиеленуші қыз баланы зорлап, қылмыс жасағаны, бірақ облыстық соттың мүшесі оны қорғап жазаға тартқызбағаны

анықталады. Тағы да оның талап етуімен кінәлілер түгел жауапқа тартылып тиісті жазаларын алады [10].

Жұмабек Ахметұлының тапсырмасымен Ақтөбе қаласындағы ауылшаруашылығы саласы бойынша жоғары және арнаулы орта білімді 20 және Жұрын ауданындағы механизаторлық мамандығы бар 10 адамды іздеп тауып колхоздарға мамандығы бойынша еңбек етуге жібереді [11].

Облыстық және аудандық басшы қызметкерлерге ауылдық жерлерге барып, еңбекшілермен кездесіп, мұң-мұқтаждарын біліп, жағдайларымен жете танысып, мәселелерді шешуді тапсырады. Жұмабек Ахметұлы басшы қызметке кадрлар тандауда ұқыптылық танытты. Кездейсоқ, біліктілігі төмен адамдардың жауапты жұмыстарға өтіп кетпеуін қатты қадағалаған. Өзі болса ұсақ-түйек мәселелерге дейін мән беріп қадағалап отыруды әдетке айналдырады. Өзінің атқарып отырған қызметімен мақтануды, бұлдануды білмейтін. Халыққа қызмет етуді бәрінен жоғары қойды. Облыста басшы ретінде Ақтөбе қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуын да назардан тыс қалдырмады. Қалада жолаушылар тасымалдау біршама жақсарды. 1950-1955 жылдары қалада автобус қозғалысының 8 бағыты ұйымдастырылды [12].

Облыстың бірінші басшысы болғандықтан облыстың мәдени-рухани және әлеуметтік өмірі де басты назарында болды. Кеңестік заманда партияның «көзі мен құлағы» іспетті облыстық «Актюбинская правда» және «Социалистік жол» газеттері арқылы облыстың алдына жоғары органдар қоятын міндеттер, облыстың барлық тыныс-тіршілігі, шешілмей жатқан мәселелері ашық жазылып, сынға алынып түзетілетін. Басшы қызметкерлер партия газеттерінің сынына әрқашан сергек қарап, тиісті қорытынды жасап отыратын. Газеттің бас мақаласында облыс коммунистері мен еңбеккерлері алдында тұрған өзекті мәселелер көрсетілетін. Газет жұмысы облыстық партия комитетінің үгіт және насихат бөлімінің қырағы бақылауында тұратын. Облыстық газеттердің бас мақалалары әрбір ай сайын облыстық партия комитетінде қаралып бекітілетін. Мәселен, мұрағат құжаттарында обкомның бюросында 1952 жылы сәуір айында облыстық «Актюбинская правда» газетінде басылатын 13 бас мақала және «Социалистік жол» газетіндегі 20 мақаланың атауы талқыланып, өзерістер кіргізіліп бекітілгені туралы мәлімет кездеседі [13].

Сол жылы 17 шілдеде облыстық партия ұйымының және Мәртөк аудандық партия ұйымының облыс пен аудандағы интеллигенция арасында жүргізген жұмыстары арнайы бюрода қарап талқылаған. Құжаттарда негізінен мектеп мұғалімдерінің оқу-тәрбие саласындағы жұмыстары сараланған. Мәселен, аталған ауданда еңбек ететін 480 интеллигенция өкілінің 329 мектеп мұғалімдері болған. Ал, Ақтөбе облысындағы 2350 мұғалімнің қатарында ерлері-1300, қыздары мен әйелдері-1550, ал барлық қазақ мұғалімдері

1386 екені көрсетілген. Бюрода облыстық және аудандық партия ұйымдарының осы саладағы жұмыстарындағы оң істері бағаланып, жіберілген кемшіліктері көрсетіліп, оларды түзету міндеттелді.

Осы жылы 3 маусымда обкомда облыс ұжымшарларындағы балабақшалар жағдайы арнайы қаралып, балаларды бала бақшалармен қамту 1950 жылы 72 пайыз болса, 1952 жылы 57 пайызға дейін төмендегені, бұл әсіресе Ойыл, Темір және Родников аудандарында көп орын алғандығы атап көрсетіліп, оның себептері талқыланған. Сонымен қатар Байғанин, Ырғыз, Қарабұтақ аудандарында балабақшалардың жағдайы мүлде сын көтермейтіні, балабақшаларға бейімделген арнайы үйлердің жоқтығы, бүлдіршіндерге берілетін тағам түрлері мен сапасы нашар және жетімсіз, педагогикалық білімі бар тәрбиешілер саусақпен санарлық екені сынға алынды. Мекемелерге мүмкіндігінше облыстық ұйымдар тарапынан тиісті көмектер көрсету тапсырылды.

Жұмабек Ахметұлы басқарған кезде облыстағы білім беру ісінде оң өзгерістер болды. Шалғай ауылдардағы балаларды оқытуға арналған орта және орталау мектептер жанындағы интернаттар саны екі еседен артық көбейді. Бала бақшалар саны 3 есеге жуық өсті. Қаладағы мектеп мұғалімдерін даярлайтын Н. Байғанин атындағы оқытушылар институтының жұмысы жақсарды. Мектептерде жоғары білімді мұғалімдер саны өсті. Тек 1955 жылы ғана облыста 22 мектеп, 42 клуб, 162 қызыл бұрыштар, 12 фельдшерлік-акушерлік және 19 дәріхана пунктері ашылды. 393 мәдени-ағарту мекемелері жұмыс істеді [14].

Облыста денсаулық сақтау мекемелерінің қызметі жақсарды. 1952 жылы облыста 486 денешынықтыру ұйымдары жұмыс істеп, 1953 жылы облыс орталығында дәрігерлік-денешынықтыру диспансері ашылды.

Жұмабек Ахметұлы облысты басқарып тұрғанда Қазақ КСР және КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутаттар сайлау науқаны, олардың сайлаушылармен кездесулері жақсы деңгейде ұйымдастырылып, жоғары жақтан алғыс алып отырды. Бұл да басшының іскерлігін, ұйымдастырушылық қабілетін көрсетсе керек.

Н. Хрущев 1954 жылы күзде тың игерушілердің тұңғыш жиынында Ж.А. Тәшеневты құрметтеп, араға біраз ай салып, басқа да үздік жетістіктерін бағалап Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төралқа төрағалығына ұсыну туралы республика басшылығының шешімін қолдады. Олар айтқанына көнетін, қолшоқпар, әрі іскер кадрлар тәрбиелегісі келді. Бірақ, қазақ жеріне осыншама Атымтай жомарттық танытқан Н.С. Хрущевтің саясатының зымияндығы да күннен-күнге айқындала берді. Астықты аймақты біржолата Ресейге қосып алу үшін орталық-теріскей бес облыспен (Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Павлодар) бірге Қарағандының солтүстік бөлігін біріктіріп мемлекет ішіндегі мемлекет-«Тың өлкесін» құрды. Астанасы - Ақмола қаласы болған Тың өлкесінің өз алдына партия комитеті мен атқару

комитеті, тікелей Мәскеу тағайындаған 1-ші, 2-ші хатшылары, төрағалары және өз алдына бюджеті болды. Тың өлкесіндегі осы облыстарда қазақ тіліндегі барлық облыстық, аудандық газеттер жабылып, олардың орнына бір ғана “Тың өлкесі” газеті пайда болды. Ең сұрқиясы- республика басшыларына бағынбауы үшін жергілікті билікті уысына ұстаған совхоз директорларын тікелей Кремль таңдап, жасақтап жіберіп отырды. Олардың көбі-азулы генералдар мен полковниктер, зауыттар мен фабрика басшылары еді. КСРО-ның ауыл шаруашылық министрі В.В. Мацкевич «Тың өлкесі» атқару комитетінің төрағасы етіп жіберілді [15].

Ж.Тәшеневтің облыстық партия комитетінде, облыстық атқару комитетінде, түрлі конференциялар мен жиындарда жасаған баяндамалары мазмұндылығымен, мәселені өткір қоя білетіндігімен және түйінді мәселелерді шешу жолдарын көрсетумен ерекшеленді.

Қайраткер кеңес немесе партия жұмысында болсын өзіне тапсырылған міндетті әрқашан адал атқарды. Артынан өсек-аяң, сыпсың сөз ергізбеді. Коммунистке тән төзімділік пен адалдық, принциптілік таныта білді. Коммунистік партияның жарғысын дәл орындауға тырысты. Партия тәртібін қатаң ұстады, одан қия баспады және қол астындағы қызметкерлерден де соны талап ете білді.

Зерек, алғыр, білікті мамандарға қандай қоғам болсын зәру болады. Жұмысқа құлай берілген, еңбекқор Жұмабек Ахметұлы республиканың бірінші басшысының назарына ілігуі заңды да, өйткені ол кезде екі тілге бірдей жүйрік, қолынан іс келетін қазақ кадрлары тапшы болатын. Сөйтіп коммунистік жүйеде оқып білім мен тәрбие алған, тәжірибесі толысқан Ж.А.Тәшенев 50-ші жылдары биліктің жоғары сатысына қарай өрледі. «Бағың өскенше тілеуінді ел тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң өзің ғана тілейсің» деген хакім Абайдың сөзі осы ұлт қайраткерінің өмір жолына арналғандай. Азаматтың бағының өсуі деген, өзі өмір сүрген қоғамның қажетіне жарап, лайықты орынын иеленіп, лауазым биігіне жетуі болар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мақсатқызы А. Ақтөбе облысының құрылғанына-80 жыл. // Қазақстан мұрағаттары. -2012. - №12. –Б. 108
2. АОММ. 13-қ., 21-т., 20-іс, 28-п.
3. Ақтөбе Энциклопедия. «Отандастар-Полиграфия» ЖШС баспасы, -Ақтөбе, 2001. 121-122 бет.
4. Болатов Т. Аңыз бен ақиқат // Арқа ажары. 1997. 18 қараша.
5. Асан Ата. К. Шынжырда өткен жолбарыс. – Алматы: «Үш қиян», 2004.- 16 б.
6. ҚРПМ.708-қ. 27-т. 770-іс, 154-155-пп.

7. АОММ. 13-к., 21-т., 19-іс, 444-465-пп.
8. АОММ. 13-к., 21-т., 20-іс, 121-129-пп.
9. ҚР ПМ. 708-к., 21-т. 649-іс. 46-п.
10. ҚР ПМ. 708-к. 26-т., 825-іс. 16-п.
11. ҚР ПМ 708-к. 26-т. 829-іс. 126-п.
12. Ақтөбе Энциклопедия. «Отандастар-Полиграфия» ЖШС баспасы, -Ақтөбе 2001. 111 бет.
13. АОММ. 13-к., 21-т., 19-іс, 313-п.
14. Есеркепов А.К. Социально-экономическое развитие Западного Казахстана во второй половине XX века: на примере Актыобинской области. Диссертация на соискание ученой степени к.и.н. М., 2007, 148 с . 93 бет.
15. Ақиқат. 2010 жыл. № 8.ХҒТАР 68.35.01

SRSTI 71.37.01

HISTORICAL CULTURAL HERITAGE AND TOURISM: PROBLEMS OF INTERACTION AND CONFRONTATION (ON THE EXAMPLE OF THE AKTOBE REGION)

M.ZH. OMIRZAKOVA, D.U. DOSMYRZA

K.Zhubanov Aktobe Regional State University, Aktobe, Kazakhstan

Андағпа. Тарихи және мәдени тақырыптар әрдайым әр түрлі деңгейлерде өзіне назар аудартады және туризм саласы да осыдан тыс қалмайды. Мәдени туризм - туристерді әртүрлі қалалардың, аймақтардың, елдердің мәдени мұрасымен таныстырудың көптеген тәсілдерін біріктірген туризмнің кең таралған түрлерінің бірі. Мақалада «мәдени туризм» түсінігі ашылып, мәдени және сәулеттік мұраны сақтау мәселелері қарастырылған. Бұл мәселе қазіргі кезде өркениетті қоғам алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Сондай-ақ, Ақтөбе облысының тарихи-мәдени мұра объектілеріне SWOT талдау берілген.

Кілт сөздер: туризм, тарихи- мәдени ескерткіштер, кесенелер, саяхат.

Аннотация. Историко-культурная тематика неизменно привлекает к себе внимание на самых разных уровнях, и сфера туризма не является исключением. Культурный туризм — один из наиболее распространенных видов туризма, вобравший в себя многочисленные способы знакомства путешественников с культурным наследием тех или иных городов, регионов, стран. В статье раскрывается понятие «культурный туризм», рассматриваются вопросы сохранения культурного и архитектурного наследия. Данная проблема является одной из важнейших задач, стоящих в настоящее время перед цивилизованным обществом. А также, дана SWOT анализ объектов историко – культурного наследия Актыобинской области.

Ключевые слова: туризм, историко-культурные памятники, мавзолеи, путешествие.

Abstract. Historical and cultural subjects invariably attract attention at various levels, and the tourism industry is no exception. Cultural tourism is one of the most common types of tourism, which has incorporated numerous ways of introducing travelers to the cultural heritage of various cities, regions, countries. The article reveals the concept of "cultural tourism", discusses the preservation of cultural and architectural heritage. This problem is one of the most

important tasks currently facing a civilized society. And also, a SWOT analysis of the objects of historical and cultural heritage of the Aktobe region is given.

Key words: tourism, historical and cultural monuments, mausoleums, travel.

The preservation of historical and cultural heritage is a specific field of knowledge that is interdisciplinary in nature and has a certain ideological orientation. Scientific basis for the preservation of cultural heritage is associated with such disciplines like history, archeology, history of architecture and art history. This problem is addressed by a fairly narrow circle of scientists, by gender their activities related to the work of public and state organizations for the protection of monuments. Cultural protection heritage is an essential social phenomenon plan. It is inconceivable without scientific research, ascetic activity of museum workers, the state [1].

From this, we can conclude that improvement of a sphere-like tourism will be beneficial for our country. Because, Kazakhstan has a lot of natural, historical-cultural sites which stand on a par with foreign attractions.

Especially Aktobe, have a lot of opportunities for developing cultural tourism. In this article, we will talk about seven historical and cultural places which will show us the potential of tourism in Aktobe. They are chosen from every region of Aktobe. They are Alga, Bayganyn, Mugalzhar, Temyr, Kobda, Khromtau and the city Aktobe.

First of all, the monument of Abul Khair Khan. The majestic monument was opened in 2000 and has become one of the favorite attractions of citizens and guests of Aktobe. The total height of the monument is 12.3 m. The height of the sculpture is 2.8 m. The authors of the monument to the Great Khan are the famous Kazakh sculptor E. Sergebaev and architects B. Egimbaev and N. Kozhagulov. The Raised hand of Abul Khair Khan calls on the people to unity and the desire for victory. Also, the horse is a symbol of freedom. Honor and respect Abul Khair Khan earned during his lifetime for courage and military tactics and strategies. Also, he was not only an excellent commander but also a skilled diplomat. Nowadays, a monument of Abul Khair Khan situated in Aktobe near the park after Kunanbayev A [2].

Kobda- a special place which includes a lot of mausoleums of great batyrs' of Kazakh steppe. There is we can find the mausoleum of Kobylandy Batyr, Abat Baytak. The burial place of Koblandy batyr is located on the left bank of the Kobda River. In 1995, a stone with an inscription was installed at the burial site, and a year later the remains of the batyr were reburied, the territory is fenced. The mausoleum, which was erected by Koblandy batyr in 2007, has no analogs among similar structures of the 21st century. unique in its architectural appearance. The height of the mausoleum is 17.5 meters, the width is 12 [3]. Abat Baitak Mausoleum is an architectural monument of the XIV-XV centuries. The only and rare sculptural monument in Western Kazakhstan, Abat Baitak, is located twelve kilometers east of the village of Beskopa [4].

Mazar Yeseta Batyr is located in the Alga district. The Mazar has a cubic base and a helmet-shaped dome. Mazar was founded in 1992 in honor of the celebration of the 325th anniversary of Tarhan. At the moment, there is a memorial complex with a free house for spending the night and a dining room for a funeral dinner [6].

There is another wonderful mausoleum which is located in the Baigany. Namely, it is located in the necropolis Karasakal, which is 60 km southwest of the village of Zharkamys. In 1988, Mazars were updated and a three-domed mausoleum and “kulpytas” were installed over the grave of the batyr. Baktybai Batyr Tolesuly was born in 1698 and is one of the faithful followers of Abulkhair Khan. Despite the fact that he was only 15 years old, he distinguished himself from his peers in courage and courage. It should be noted that at such a young age he was in the detachment of Khan Abulkhair. The batyr units made an invaluable contribution to the victory over the enemy in the Bulantinsky and Anirakai battles. The role of Baktybai Batyr, whose name has turned into a war cry and has been preserved on the lips and in the memory of the people, is invaluable in the history of the Kazakh people [7].

The mausoleum of Kotybar Basenuly is located in the Alga district, 15 km. west of the village of Akkemer. The building is 12 meters high, decorated with Kazakh ornaments inside and out. In front of him are three stone boulders on which the tamgas (patrimonial signs) of 29 genera of the main tribal associations are carved: alim, shomen, bayuly, and jetira. They are a symbol of the unity of the Kazakhs of the Younger Zhuz. Also in front of the mausoleum, you can see a tombstone with the names of friends of Kotybar. Kotybar himself was a fighter against colonialism [8].

The Oysylkar Antiquity is located 2 kilometers from the Oysylkar settlement of the Khromtau district. The name Oysylkar means the patron spirit of camels and the keeper of camel herds. Archaeologists have revealed that the monument was built in the XVIII - the beginning of the twentieth century. Necropolis is a cemetery with an area of 100 by 170 meters, consisting of 150 gravestones. In the center of the cemetery, there is a monument of iron, painted in green. It is here that Saint Oysylkar is buried [9].

Historical and cultural subjects invariably attract attention to the most different levels, and the tourism industry is no exception. Cultural tourism - one of the most common types of tourism, which has absorbed numerous ways to familiarize travelers with the cultural heritage of various cities, regions, countries [10].

At the same time as improving the infrastructure of cultural tourism and raising public interest in certain historical and cultural monuments and tourist clusters corresponding profile continues to create thematic routes, which should integrate these monuments, and provide infrastructure [11].

For analyzing data that we found from literatures, was chosen a method «SWOT».

Table 1. Monument of Abul-Khair Khan

S	W
<ul style="list-style-type: none"> * Located in the center of the city * Does not require money to visit * Nearby is the boulevard named after Abaya 	<ul style="list-style-type: none"> * Information regarding Batyr is not located nearby
O	T
<ul style="list-style-type: none"> * Put up a bulletin board in three languages 	<ul style="list-style-type: none"> * Destruction of the monument by local vandals

Table 2. Kobda

S	W
<ul style="list-style-type: none"> * Unique historical site * Does not require a lot of money to visit 	<ul style="list-style-type: none"> * Information regarding Batyr is not located nearby * Infrastructure is not developed * Few places to sleep * There are no conditions for foreign tourists
O	T
<ul style="list-style-type: none"> * Build a special hotel near the monument * Build a small restaurant for tourists * Hire guides who speaks on several languages or digitalize information about this place, making a program through which you can watch and listen to information about the place through the phone 	<ul style="list-style-type: none"> * Environmental issues may occur * Due to undeveloped infrastructure, may occur an anti-advertising for tourists

Table 3. Mazar Yeset Batyr

S	W
<ul style="list-style-type: none"> * Widely known * Located near the road * There is a free house for the night and a dining room for funeral lunches 	<ul style="list-style-type: none"> * The language barrier between foreign tourists and the person who represents this area * Shortages for all places for spending the night and in general for funeral dinners
O	T
<ul style="list-style-type: none"> * It is possible to attract a lot of tourists by advertising the holiness of this object * It is possible to develop a special application in English 	<ul style="list-style-type: none"> * There are no conditions for foreign tourists

Table 4. Mazar Baktybai Batyr

S	W
<ul style="list-style-type: none"> * The area is far beyond the city and has untouchable nature 	<ul style="list-style-type: none"> * This object is far from the city, respectively, a lot of problems with the infrastructure of the area. * Not very well known among the people
O	T
<ul style="list-style-type: none"> * Camping construction 	<ul style="list-style-type: none"> * Pollution

Table 5. Mausoleum of Batyr Kotybar

S	W
<ul style="list-style-type: none"> * Very popular among citizens 	<ul style="list-style-type: none"> * No options for foreign tourists

* The infrastructure of the area is more or less developed compared to other historians in cultural areas	* Overnight stay is not provided.
O	T
* Arrange with local residents on the provision of overnight accommodation for tourists thereby improving the local economy.	* In addition to environmental problems, there may be problems with local residents who will not be completely happy about the noise due to tourists

Table 6. Oisylkara Antiquity

S	W
* Located near the city * Does not require large expenses for visiting%%	* Not widely known among people. * Not much information about this object * This place is not at all ready to receive foreign tourists.
O	T
* It is possible to develop a special application in English	* Since the monument is not fenced off, there is a possibility of destruction by animals

Table 7. Necropolis of Maulimberdy

S	W
*The area has untouchable * Like all of the above objects does not require a lot of money for visiting	* Necropolis is not protected from natural phenomena * This place is not ready to receive foreign tourists.
O	T
* To fence the plot * Put a bulletin board in different languages * Build a small house for tourists	*Since the monument is not fenced off, there is also a possibility of destruction by animals

According to A. I. Zaitseva, «models of using objects of cultural and historical heritage are used in various types of tourism: D.V. Bugrov. Historical heritage as a resource of tourist potential of the regions sightseeing, educational, ethnographic, environmental, rural. The choice of this or that model should correspond to national features and traditions of the country or region» [12] .

On the example of seven sites that were discussed, one can generally imagine the general picture of domestic tourism in the Aktobe region. You can also conclude that tourism in the region is poorly developed mainly due to infrastructure and lack of training for visitors from abroad. Nevertheless, thanks to the historian, the cultural places that have been indicated and not only can be concluded about the potential of tourism in this region

References

1. Свичкаръ И.Г. Теоретико-методологические основы сохранения историко-культурного наследия // Вестник Челябинского государственного университета. - 2013. - Т 1. № 12. - С. 90–94.

2. Памятник Абилкайырхана. [Electronic resource]. Официальный туристский портал. URL: <http://visitaktobe.kz/putevoditel/dostoprimechatelnosti/pamyatnik-abilkajyir-xana> (date of the application 10.11.2019)
3. Мавзолей Кобланды батыр. [Electronic resource]. Официальный туристский портал Visit Kazakhstan. URL: <https://visitkazakhstan.kz/ru/guide/places/view/104/> (date of the application 25.10.2019)
4. Мавзолей Абат Байтак. [Electronic resource]. Международное информационное агенство. URL: https://www.inform.kz/ru/mavzoley-abat-baytak_a2373193 (date of the application 29.10.2019)
5. Есет батыр – любимец Всевышнего и защитник народа. [Electronic resource]. Сакральный Казахстан. URL: https://ru.sputniknews.kz/Sacral_Kazakhstan/20171003/3397331/eset-batyr-lyubimes-vsevyshnego-i-zashchitnik-naroda.html (date of the application 05.11.2019)
6. Мавзолей Бактыбая – Толесулы. [Electronic resource]. Сакральные места. URL: <http://visitaktobe.kz/putevoditel/sakralnyie-mesta/obektyi-oblastnogo-znacheniya/mavzolej-baktyibaya-tolesulyi> (date of the application 05.11.2019)
7. Мавзолей батыра Котибар Басенулы. [Electronic resource]. Интерактивная карта.объекты. URL: <http://visitaktobe.kz/interaktivnaya-karta/obektyi/mavzolej-batyira-kotibar-basenulyi> (date of the application 15.11.2019)
8. Некрополь Ойсылкара. [Electronic resource]. Путеводитель Ақтөбе. URL: <http://visitaktobe.kz/putevoditel/dostoprimechatelnosti/mavzolei/nekropol-ojsyilkara> (date of the application 15.11.2019)
9. Мазар Маулимберди Аулие. [Electronic resource]. Путеводитель Ақтөбе. URL: <http://visitaktobe.kz/putevoditel/dostoprimechatelnosti/mavzolei/mazar-maulimberdi-aulie> (date of the application 20.11.2019)
10. Бургов Д.Б. Историческое наследие и этнокультурные традиции как ресурс развития туристского потенциала регионов //Известия УрФУ. Серия 2. Гуманитарные науки. - 2017. - Т. 19. № 4 (169). - С. 268–278
11. Александрова А.Ю., Аигина Е.В. Туристский вектор в актуализации культурного наследия // Современные проблемы сервиса и туризма. - 2016. - Т. 10. № 2. - С. 19–28.
12. Зайцева А.И. Модели использования объектов историко-культурного наследия в экскурсионно-познавательном туризме // Вестник Кемер. гос. ун-та - 2015. - Т. 7. № 2. - С. 78–81.

GTAMP 02.91.09

ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ИСЛАМ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ РУХАНИЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

А.Ч. ЕШНИЯЗОВА

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Сол кездегі қоғамдық қатынастардың және араб әміршілерінің қолдауы мен қамқорлығынан араб-мұсылман елдерінде философия мен ғылымының өріс алды. Әл-Фарабидің элеуметтік философиясында және этикасында «бақыт» мәселесіне лайықты көңіл бөлінеді. Бақыт- адамның өмірдегі негізгі мұраты, абсолюттік игілік. Бақыт кенеттен тап болмайды, оны ешкім сыйламайды. Бақытқа ұмтылған адам өне бойы еңбектенеді, ізденеді, жан-жақты жетіледі деп көрсетсе, ал Ибн Сина зердедегі ойлардың бөліктері болғандықтан, олардың бөлінбейтін және денесіз нәрсеге тиесілі болу керектігін айтады. Осылайша, ол жан денесіз субстанция және дененің пішіні немесе қабілеті ретінде анықталмауы тиіс деген қорытындыға келді.

Кілт сөз: философия, психология, сана, зерде, бақыт.

Аннотация. Благодаря поддержке и заботе арабских правителей и общественных отношений в то время в арабо-мусульманских странах развивались философия и наука. В социальной философии и этикете Аль-Фараби уделяется должное внимание проблеме «счастье». Счастье-основной идеал человека в жизни, абсолютное достояние. Счастье внезапно не сталкивается, его никто не может подарить. Если человек, стремящийся к счастью, говорит о том, что он трудится, ищет, разносторонне совершенствуется, а Ибн Сина-это части мыслей, что они должны принадлежать к неотделимому и безобразному вещи. Таким образом, он пришел к выводу, что не должен быть определен как форма или способность тела и субстанции без тела.

Ключевые слова: философия, психология, интеллект, сознания.

Annotation. Thanks to the support and care of Arab rulers and public relations, philosophy and science were developing in Arab-Muslim countries at that time. In al-Farabi's social philosophy and etiquette, due attention is paid to the problem of "happiness". Happiness is the main ideal of a person in life, an absolute asset. Happiness suddenly does not collide, no one can give it. If a person who is striving for happiness says that he is working, searching, improving in many ways, and Ibn Sina are parts of thoughts, that they must belong to an inseparable and ugly thing. Thus, he concluded that it should not be defined as the form or ability of a body and substance without a body.

Key words: philosophy, psychology, intellect, consciousness

Араб елдерінде философия мен ғылымның өріс алуына сол кездегі қоғамдық қатынастардың және араб әміршілерінің қолдауы, қамқорлығы көп ықпал етті. Әл-Мансур, Харун әр-Рашид, әл-Мамун, Сайф ад-Даул сияқты халифтер сарайға философтарды, ғалымдарды, ақындарды, аудармашыларды жинап, оларға ғылым-біліммен айналысуға жағдай жасаған. Олар үшін Бағдатта "Даналық үйі", кітапханалар іске қосылған. Деректерге қарағанда Бағдат кітапханасында XII ғасырда жүз мыңдай кітап, қолжазба болған. Мақаланың негізгі зерттеу мәселесі "*зерденің*" қарастырылуы сана философиясының өзіндік даму ерекшелігі

болды. Бұл христиандық мектептерде емес, Бағдаттың мұсылмандық мектептерінде қалыптасты.

Орта ғасырда Батыс философиясында *зердені (разум)* елемеу, рөлін кеміту орын алды. Фома Аквинский, мысалы, ақылды сенімнен төмен қояды. Әл-Фараби ілімінде ақыл философияның, ғылыми танымның негізгі құралы деп есептеледі. Ғылымда адасулар, қателіктер болып тұрады. Бірақ адамды дұрыс жолға салатын, қателіктерді түзететін ақыл-зерде болып табылады. Әл-Фарабидің «О разуме и науке» деген трактаты бар.

Әл-Фараби адамдарды ынтымақта, татулықта, молшылықта өмір сүруіне жағдай туғызатын *«қайырымды қала»*, идеалдық мемлекет туралы ойланып толғанады. Бұл жөнінде ол «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы», «Мемлекет қайраткерінің нақыл сөздері» деген еңбектер жазып қалдырған.

Әл-Фарабидің әлеуметтік философиясында және этикасында *«бақыт»* мәселесіне лайықты көңіл бөлінген. Бақыт- адамның өмірдегі негізгі мұраты, абсолюттік игілік. Бақыт кенеттен тап болмайды, оны ешкім сыйламайды. Бақытқа ұмтылған адам өне бойы еңбектенеді, ізденеді, жан-жақты жетіледі. Бақытты адам, әл-Фараби түсінігінде, жан-жақты жетілген, толық адам (инсан камил). Әл-Фараби өзі сондай тұлға, ғалым, философ, саясаткер, сазгер, ақын. Бақытқа жету үшін адамдар бақытты өмірдің кепілі болып табылатын қоғамды құруы керек. Адам қоғамда ғана бақытқа жете алады.

Мұсылмандық орта ғасыр философиясының көрнекті өкілі, жан-жақты ғұлама, дәрігер әрі философ Әбу Әли Хусейн ибн Абдаллах ибн Сина (980-1037) болды. Еуропада ол латынша Авиценна деген атпен белгілі. Ибн-Синаның пікіріне сүйенсек, заттың бір бөлігі дамып, адамның жанын қабылдауға дайын болған кезде, белсенді зерде, яғни форма беруші, оған жанды енгізеді. Ибн Сина мұны түсіндіру үшін ерекше дәлелді қолданады.

"Әлдекім өзінің бір сәтте пайда болғанын және көзінің сыртқы нысандарды көре алмайтындай байлаулы болуын елестетіп көрсін делік. Сонымен қатар ол адамның ауада немесе вакуумде ауаның ешбір қысмын сезбей, құлап бара жатқанын елестетіңіз. Оның қолдары мен аяқтары бірінен-бірі ажырап, ештеңе ұстай алмайтын жағдайда мүмкіндік берейік. Ол өзінің тірі екенін ешбір қобалжусыз растайды. Бірақ ол аяқ-қол немесе жүрек, ми және басқа да сыртқы және ішкі дене мүшелерін бар деп айта алмайды. Ешбір ұзындық, ен және тереңдік мөлшерлерін қолданбастан, өзінің тірі екенін растайды. Осы жағдайда қолының немесе аяғының бар екенін елестеткенде, оларды өзінің дене мүшесі ретінде не өзінің тірі екенінің шарты ретінде елестете алмайды" [1, 285 б].

Ибн Сина зердедегі ойлардың бөліктері болғандықтан, олардың бөлінбейтін және денесіз нәрсеге тиесілі болу керектігін айтады. Осылайша, ол жан денесіз субстанция және дененің пішіні немесе қабілеті ретінде анықталмауы тиіс деген қорытындыға келді.

Ибн Сина *адам зердесінің* болуы мүмкін *төрт жағдайын* бөліп көрсетеді. Адам нәресте болып дүниеге келгенде, оның зердесінде ой болмайды. Тек жанда ғана ойлау қабілеті болады. *Екінші сатыда* - зерде алғашқы зерделік құрал-жабдықтармен толықтырылады. Ол қарама-қайшылық қағидаларын ұға бастап, бүтіннің бөлікке қарағанда үлкенірек болуы сияқты басты ұстанымдарды игереді. Ибн Сина бұны қалам мен сияны қолдануды үйретіп, хат жазуды жаңа меңгерген балаға теңейді. *Үшінші сатыда* - адамда түсініктер мен сенім-нанымдардың жиынтығы қалыптасқанымен, олар туралы ой болмайды. Бұл ықыласы барда кез келген жазуды жаза алатын шебер жазушы тәрізді. Осы кезеңнің үшеуі де әрқайсысы - алдыңғысына қарағанда, ақиқатқа бір қадам жақындай түсетін мүмкіндік сатылары. Үшінші сатыны ибн Сина "мінсіз мүмкіндік" деп атады. *Төртінші сатыда* - ойлаушы белгілі бір дүниені (бір мезетте бір ғана ойды) ойлайтын, яғни сөйлем жазып жатқан жазушы сияқты.

Authors' model of small enterprise management is fundamentally practical.

The introduction of adaptive management will make it possible to improve the financial and economic condition of a small enterprise and increase its competitiveness by making appropriate management decisions in a timely manner.

The most complete account of the dynamics of the project during the preparation and analysis of the business plan is possible with the use of specialized computer systems of economic and financial modeling, adapted for solving such problems.

In accordance with modern management theory one of the main functions of an enterprise management system is considered to be optimal regulation parameter of key business processes and coordinate the activities of its constituent units.




Figure 3. Diagram of a computer support of this model

Note: compiled by the author

Thus, the application of an adaptive approach to management will allow small businesses to adapt and flexibly respond to both external environmental influences and internal variables.

References

1. Business Code of the Republic of Kazakhstan, October 29, 2015, № 375-V ЗРК - <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000375>
2. Adjei Luther Ntim, Oteng Evans, Fianu Anthony. Accounting Practices and Control Systems of Small and Medium Size Entities: A Case Study of Techiman Municipality. Journal of Finance and Accounting. Vol. 2, No. 3, 2014, pp. 30-40. doi: 10.11648/j.jfa.20140203.11 - article.sciencepublishinggroup.com
3. Dzhetspisova A. Actual problems of adaptation of industrial enterprises to market conditions // Transit economy. - Almaty, 2006.

FTAMP 10.01.39

ДӘСТҮРЛІ ӘДЕТ ЗАҢДАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ АЗАМАТТЫҚ ЗАҢДАРМЕН ҮНДЕСТІГІ

А.А. СМАГУЛОВ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Аңдатпа. Мақалада қарастырылған әдет заңдары ұзақ жылдар бойы қалыптасқан қоғамдық қатынасты реттеу нормасы есебінде қолданысқа енеді. Бірақ әдет – ғұрып нормалары заң нормасынан аспаған. Ол тек мемлекеттік билігі бар қоғамның мүддесіне сай заң нормасына айналған. Осындай әдет - ғұрыптардың және соларға негізделген құқықтық заңдар қоғамдағы реттеуші факторлар арасында беделі басым болуы. Сол қоғамда әдет – ғұрыпқа негізделген заңдар жинағын қабылдауға негіз болған. Бұл заңдар әр елде, әртүрлі деңгейде құқықтық күшке ие болып, бірі адамзат баласының мүддесін жан-жақты қорғауға бағытталса, ал кейбіреулері керісінше сол қоғамның даму саясаты, экономикалық, әлеуметтік жағдайына қарауда каталдығымен көзге түсті. Сол кездерден бізге дейін жеткен құқықтық ескерткіштерді саралайтын болсақ, олардың ұстанған бағыты, қамтитын саласы әр түрлі болғандығын байқаймыз, дегенмен қоғамдық өмірдің барлық жағын қамти алмағандығын да көреміз. Әдет - ғұрыптың негізгі реттеуші аймағы сол қоғамдағы адамдар арасындағы, жеке адамдар мен басқарушы мемлекет арасындағы ара қатынасты реттеуші норма түрінде қолданылады.

Кілт сөздер: әдет заңдары, азаматтық заңнама, үндестік, ерекшелік.

Аннотация. В данной статье рассматриваются правовые аспекты обычного право, как нормы регулирующие общества. Но обычное право казахов соответствовало нормам закона, т.е. обычное право имело нормы закона, которые имели силы закона соответствующего политическим строям того общества. Такое обычное право было во всех странах и они защищали права человека, а некоторые законы были суровыми, т.е. не соответствовали политике, экономике и социальным положениям народа. В настоящее время изучая и сравнивая правовые памятники древности можно делать выводы, что не все законы охватили правовые стороны общества. Но они, как норма права в основном регулировали правовые отношение между личностями и правящими органами государства. Несмотря на это, обычные право во всех странах имеет положительные стороны. Так как на основе этих обычных прав формировались правовые нормы того общества и защищали право человека на собственность, на жизнь и иные права.

Ключевые слова: обычное право, гражданское законодательство, созвучность, особенность.

Annotation. This article discusses the legal aspects of customary law as norms governing society. But the common law of the Kazakhs corresponded to the norms of the law, i.e. customary law had the norms of law that had the force of law corresponding to the political systems of that society. Such common law was in all countries and they protected human rights, and some laws were harsh, i.e. not consistent with the politics, economy and social situation of the people. Currently, studying and comparing legal monuments of antiquity, we can conclude that not all laws covered the legal aspects of society. But they, as a rule of law, mainly regulated the legal relationship between individuals and the ruling bodies of the state. Despite this, customary law in all countries has positive aspects. Since, on the basis of these ordinary rights, the legal norms of that society were formed and protected the human right to property, to life and other rights.

Key words: customary law, civil law, consonance, feature.

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қоғамдық құрылыстың барлық саласын қамтыған. Соның ішіндегі құқық саласында қоғамдық құрылыстың даму эволюциясында үнемі қолданыста бола отырып өз маңызын әлі күнге дейін жоймаған, қайта бүгінгі күннің қажетіне жарап, қайта жаңғырып отырған әдет заңдарының кейбір тұстары бүгінгі азаматтық қатынас саласындағы заңнамаларға еніп отыр. Қазіргі қазақ атанған көшпелі халықтың әдет заңдары қоғамдық дамудың ұзақ үрдісінде біртіндеп қалыптасып, ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып, заман талабына сай жетілдіріліп отырды. Көшпелілер қоғамы бытыраңқы, әрі үнемі өзгерісте болғандықтан, адамдар құқын тану, ру мүддесін қорғау, рулық қауымдағы қатынасты реттеу қажеттігінен әрекет нормалары толығы келе көшпелілер тіршілік еткен даланың тыныс – тіршілігі, өзгерісі, дамуы барысында қоғамдық қатынасты ретке салатын әдет заңдарына айналды. Ал тіршілік, өмір қажеттілігі әдет заңдарының мазмұнын молайтты, рөлін күшейтті, толықтырды, жетілдірді, салалады. Өзіне тән ерекшелігі бар әдет заңдары тарих беттерінен көрініс тауып халықтың санасына әбден сіңген әдет - ғұрыпқа айналды. Шаруашылық салалары айқындалып, жіктеліп, шаруашылық мүліктері дамыған сайын, адамдардың қатынастары күрделіне келе қоғам әлеуметтік топтарға бөлініп, жеке меншік қалыптаса түсті. Таптық қоғаммен таптардың өзара қайшылығы пайда болуға байланысты бұрынғы ақсақалдар мен көсемдердің беделі енді адамдар арасындағы барлық қатынасты реттеуге мүмкіндігі жетпеді. Әдет-ғұрып алғашқы формасын сақтағанмен, оның мазмұны, мағынасы өзгеріп ауқымы кеңее түсті. Мемлекеттің пайда болуына байланысты басқару органдарының заңдары пайда бола бастады. Бірақ олар алғашқы әрекеттерінде және ұзақ мерзімде әдет құқығын басшылыққа алып отырды. Әдет құқы – ұзақ жылдар бойы қалыптасқан қоғамдық қатынасты реттеу нормасы есебінде қолданысқа енеді. Бірақ әдет – ғұрып нормалары заң нормасынан аспаған. Ол тек мемлекеттік билігі бар қоғамның мүддесіне сай заң нормасына айналған және заңды күші бар саяси өкімет жол берген әдет – ғұрыптар ғана құқықтық әдет – ғұрыпқа айналған. Осындай әдет - ғұрыптардың және соларға негізделген құқық заңдарының қоғамдағы реттеуші факторлар арасында беделі басым болуы сол қоғамда әдет – ғұрыпқа негізделген заңдар жинағын қабылдауға негіз болған және бұл заңдар әр елде, әртүрлі деңгейде құқықтық күшке ие болып бірі адамзат баласының мүддесін жан-жақты қорғауға бағытталса, ал кейбіреулері керісінше сол қоғамның даму саясаты, экономикалық, әлеуметтік жағдайына қарауда қаталдығымен көзге түсті. Міне сол кездерден бізге дейін жеткен құқықтық ескерткіштерді саралайтын болсақ, олардың ұстанған бағыты, қамтитын саласы әр түрлі болғандығын байқаймыз, дегенмен қоғамдық өмірдің барлық жағын қамти алмағандығын да көреміз. Алайда әдет - ғұрыптың негізгі реттеуші аймағы сол қоғамдағы адамдар арасындағы, жеке

адамдар мен басқарушы мемлекет арасындағы ара қатынасты реттеуші норма түрінде қолданылады. Себебі алғашқы қоғамдық құрылыстың қойнауында пайда болып, қалыптасқан, жеке меншікті қорғау, оны пайдалану, оған билік ету күші бар нормалар жиынтығын реттестіріп қоғам мүшелеріне мойындату қажеттігі туды. Міне осылайша қоғамдық қатынастар жүйесінде жеке меншіктің пайда болуы қоғамның даму сатыларының ерте бастауының өзінде-ақ аса маңызды орынға ие болып қоғамдағы адамдар арасындағы қатынастың қалыптасуы, жіктелуі, салаға бөлінуіне әсер етті. Солардың негізінде қазіргі азаматтық қатынастың жеке институттары: меншікке ие болу, міндеткерлік, мұрагерлік, неке-отбасы қатынастарын реттеу институттары қалыптасты. Осылайша әдет – құқы ұзақ жылдар бойы қалыптасқан қоғамдық қатынасты реттеу нормасы есебінде мемлекеттік биліктен қолдау тауып, заңды норма есебінде оның орындалуын күш қолдану арқылы жүзеге асыруды қамтамасыз ететін заңдардың пайда болуына негіз болды.

Нәтижесінде осылайша біздің дәуірімізге дейінгі адамдар арасындағы қатынасты реттеуші жеке институттар қалыптасып, олар мындаған жылдармен өлшенетін дәуірлерден өтіп, түрлі қоғамдық құрылыстарды бастан кешіріп әлі күнге дейін өз мәнін жойған жоқ. Себебі сол қоғамның талабына сай қалыптасып, ол өмірмен біте қайнасып жатырған, қоғамдық институттар еді. Қазіргі таңда бұл институттар егеменді еліміздің қайта жаңғырған құқықтық институттарының бірі ретінде қайта түлеп, мемлекетіміздің құқықтық қорын қорландыра түсуге өз үлесін қосуда. Қазақ қоғамындағы әдет – ғұрып негізінде пайда болған заңдар жүйесінде азаматтық құқықтың алар орны ерекше. Ол өзінің демократиялық даму қалпымен ғасырлар екшесінен өткен құқықтық нормалар мен жеке құқықтық жүйелерге айналды. Қазақ қоғамындағы азаматтық – құқықтық нормалар сол қоғамдағы қоғамдық қатынастарды реттеуден тұрады.

Оның негізін сонау біздің дәуірімізге дейін өмір сүрген көшпелі тайпалар ғұндар, үйсіндер, түркілердің отбасы қатынастары, мұрагерлік, меншік қатынастарын реттеу заңдары біздің дәуірімізге дейінгі кезеңде - ақ қолданылған. Меншік көшпелі халықтың дала өміріндегі мәңгілік мүдде ретінде танылған. Ол жеке отбасындағы, рулар арасындағы түсініспестік болған жағдайда дау-дамайды тудыратын, ал ушыққанда ұлыстарды дауластыратын, дала халқы өміріндегі мәңгілік мүдде ретінде қаралады. Көшпелі халық өздерінің меншік қатынастарын бұрыннан жалғасып келе жатқан әдет заңдарымен үйлестіріп отырды, яғни жайылым жер рудікі болғанымен малдың жекенікі болуы да меншік аясына сыйып келді. Дегенмен мал басының көбеюі, қоғамдағы өзгерістер адамдардың меншікке көзқарасын, өзгертті. Енді отбасы меншігі, ру меншігі, елбасы меншігі арасы айқындалып жауапкершілік күшейді, меншік мүддесін қорғап дамыту қажеттілігін тудырды.

Сол заманда көшпелі халықтар үшін жайылым жер мемлекеттегі ең негізгі өндіріс құралы болды. Себебі жердің шөбі мен суынсыз мал басын өсіру, көбейту мүмкін емес еді. Сондықтан жайылым жерді иелену мен пайдалану болып есептелді. Қолында билігі барлардың қанағатсыз иемдену мен шектеулі жайылым арасындағы қайшылық көшпелі мемлекеттердің өміріндегі ең басты қайшылық болды. Ол реттелмесе ел ішіндегі тұрақтылық бүлініп, мемлекет билігінің іргетасы шайқалмас үшін үйсіндерде жайылым жерді иелену мен пайдалану нормаларын, ел билеушілері мен ру басыларының мүддесін, меншігін заңмен бекіту керек болды, яғни жер мен ел иеліктерге бөлінді әр иеліктегі отбасына қарай малы, малына қарай жайылым жері, жайылымына қарай иелігі, соған сәйкес мүддесі мен меншігі танылды. Ел билеушілері реттеу құқығын мемлекет билігінің құзырына алды. Осылайша құқықтық деңгейі әдет заңының деңгейінен жоғары, орындалуын мемлекет билігі қамтамасыз ететін жаңа құқық нормасы өмірге келіп, ол мемлекет заңы болып, өзінің жаңалығымен, күшімен нормативтілігімен ерекшеленеді. Бұл қабылданған нормативті биліктің мазмұны әркім өзіне бөлінген жеріне ие болып, өзгенің меншігіне қол сұқпасын, меншік тұтастығы қорғалсын деп мал мен жайылым ендігі жерде мемлекеттің қорғауында болатындығын аңғартты және меншік ұғымының ортақ танымға жеткендігін көреміз. Мұндай реттеуші құқықтық нормалардың қалыптасуы, өмірге енуі елдің тұтастығын, іргенің тыныштығын қорғайтын ұлағатты үлгі боларлық нормалар еді. Көшпелі халық өмірінің тірегі болған жер, су, жайылымды реттеу мәселесінің көтерілуі қоғамдық қатынастарды реттеуші нормалардың қажеттігін көрсетті.

Осылайша өмір талабының өзгерісін ескере отырып, ежелгі көшпелілер ішінде үйсін мемлекетінің билеушісі ендігі жерде қоғамдық қатынасты реттеуді мемлекет билігінің құзырына алды. Мемлекет билігінің құқықтық деңгейі бұрыннан қолданып келе жатырған әдет заңдары деңгейінен жоғарырақ болып, оның орындалуын енді мемлекет билігі қамтамасыз ететін құқықтық нормаға айналды. Ел билеуші Күнби бүкіл елге бітім жариялап: «Өріске аймақ, табынға тұяқ қосылмасын» деген заңын қабылдаған деп көрсетеді. Қытай деректеріне сүйеніп зерттеуші ғалымдар. [1,2] Заңның құндылығы қысқа да нұсқа мазмұнында жатыр. Атап айтқанда жайылым жер малдың қаралуы тіршілігінің негізі ретінде ішетін суы, жайылым шөбі, қыс қыстағына ешкімнің қол сұқпауын көздеген, яғни меншік тұтастығы қорғалсын дегенді танытқан. «Табынға тұяқ қосылмасын» дегені әркім жеке меншігіндегі малына ен салып өзі ие болсын, өзгенің малын қосып алудан аулақ болып, мал басының саны анық, адамдардың жауапкершілігі күшті болуын көздегендігін көреміз. Біреудің жеке меншік малына қол сұғу ағайын арасын араздастыратын жағымсыз әрекет ретінде қаралып, жауапкершілікті күшейтті және де ел ішіндегі осындай ауыс – күйістер ру

басының алым-салығына, мемлекет тарапынан салынатын салықтардың жиналуына кедергі болмау жағында ескерген болу керек. Тең салық салу арқылы ел қазынасын қорландыруды көздеген. Осы арқылы мемлекеттегі меншіктің негізі мал мен жер екені айқындалып, мемлекет басшысының үнемі назарында болғандығын көреміз. Күнби бітімін орындау, ел ішіндегі және көршілермен бейбіт тіршілік етуге үлкен әсер еткендігін байқатады.

Әрине меншік әдет заңы ғұндарда да болғандығын білеміз. Ғұндар меншікке иелікті мүдде, байлық, абырой, билік деп түсінген. Ол бастан рудың ата қонысы болып саналатын жайылым жері, қазған құдығы, аққан бұлағы, қыс қыстауы «әкеден балаға мұраға қалуы», ғұндарда меншік институтының қалыптасқандығын көрсетеді. Сол мұраға қалған мүлікке, мемлекет шекарасына ие болу, оны қорғай білу, сондай-ақ оның малын көбейтудің, жерін кеңейтудің ең ұтымды жолдарын іздесітірген.

Қаңлы мемлекетінде өзінің ішкі шаруашылығында азаматтық қатынастарын реттейтін, яғни сауда жасау, айырбас шарты, басқа мемлекеттермен сауда байланысын реттейтін мемлекеттің өзі қалыптастырған әдет заңдары болғандығын көрсетеді. Ол заңдар жетілдіріліп V-VI ғасырларда жазу, кітап заңдары хан сарайында сақталғаны туралы айтылып отырған мәліметтерден білеміз.

Егер біз азаматтық қатынастардың қалыптасу ерекшеліктерін басқа мемлекеттердің әдет заңдарымен салыстырып қарасақ, соның ішінде Хаммурапи патша заңдарында шарттың бірнеше түрі болған міндеттілік шарты, мүлікті жалға алу, жеке адамды жалға алу, қарыз шарттары, қоғамдағы шаруашылық істерді жүргізу, яғни жерді натуралды жалдауда шарт орындалмаған жағдайда жазаның ауыр түріне дейін қолданылатындығын мына бір құқықтық мұра баптарынан көреміз «Егер редум және байрум патша әскеріне жауынгерлер ретінде бару үшін жорыққа шақырылған кезде бармаса немесе орнына басқа адам жалдап жіберсе, онда ол жауынгер өлтірілуі керек. Орнына жалданған адам өлген жауынгердің үйін иеленіп алуына болады», - деп көрсетеді. [2,34]

Сондай-ақ осылай әскери жасақтарға жалға берілген жерлер, үй, еңбек құралдары ерекше мүлік қатарына жатқызылып, оларды сатуға, мұраға қалдыруға болмайтын болған, яғни мұндай мүліктер айналымнан алынып тасталған. Ал ғұндарда «майдандасының сүйегін әкелгенге оның дәулеті берілді», - деп көрсетеді зерттеулерде. [1,22] Мұндағы ұстанған саясат қан майданда қалар сүйекті құрметпен еліне жеткізу, ит – құсқа жем қылмай жау қолына қалдырмай еліне жеткізу ерлік деп танылып, жоғары бағаланды. Мұнда екі мемлекеттің заңдарының арасындағы айырмашылық пен отан қорғау ісіндегі ұқсастықты көреміз, яғни бірінің мемлекет заңындағы шартты орындамау, отанына опасыздық деп қатал жаза қолданылса, ал ғұндар заңының оның басқа қырынан қаралып, демократиялық сипатта адамгершілікке, жауапкершілікке негізделгенін көреміз.

Хаммурапи заңында азаматтық қатынастарды реттеудегі сауда – саттық, айырбас, бөлу актілерін жасауда ант беру рәсіміне ерекше көңіл бөлген, ал шарт орындалмаған жағдайда мүліктік жауапкершілік, яғни шығынды үш, кейде алты есе көлемінде төлеуге міндеткерлігі енгізілген. Қарыз алу шартының жауапкершілігі болғандықтан оны басқа шарттармен біріктіруге тырысқан бірақ шарт жасауда адам еркі сақталған. Бұл азаматтық қатынастың негізгі қағидасының бірі ретінде танылған. Сауда шарты объектілері әртүрлі болған, заттар, малдар, құлдар, үйлер, бау-бақша, егістік жерлер. Тағы бір ерекшелік сауда объектісіне бала да кірген. Бұл қазақ қоғамындағы әдет заңдарында кездеспейтін құбылыс. Себебі әдет – ғұрып заңдары еш уақытта адамды затқа айырбастауға, сатуға жол бермеген, сондай-ақ Хаммурапи заңдарында кездесетін қарызы үшін бас бостандығынан айыру, Римдегідей құлға айналдыру қазақ қоғамында кездеспейді. Ру мүшелерінің қарызды болудағы ауыртпалығын ағайын – тумалары көтерген. Шарт құруда ерекше салтанатты нысанының қажеті болмаған.

Хаммурапи патша заңдарында мүлікті жалға алу шартының өзіндік ерекшеліктері болды. Заңда жалға алу объектілері ретінде – жер, үй, көлік, мал көрсетілген. Онда жалға алу уақыты, жалдау бағасы белгіленген. Бірақ табиғат қуаңшылығынан егін шықпаса да жалдау ақысы төленіп отырған. «Егер біреу мердігерлікке егіндік жер алып, онда өсіре алмаса, онда оған тиісті жұмысты атқара алмады деген кінә тағылады, ол жерді иесіне қайтарады және қожайынына берешегін қайтаруға тиіс», - деп көрсетеді заңда. [3,373] Заңда жұмыс күшін жалға алу мәселесі көзделген, олардың ішінде қолөнершілер, мал дәрігерлері, құрылысшылар және ауыл шаруашылық жұмысшыларын жалдау, оларға еңбек ақы төлеген. Заңның көптеген баптары қарыз шартына арналған. Вавилон заңдарында құлдар, дүние мүлік, мал, еңбек құралдары сияқты меншік объектісі болып саналды. Қожайынның құлын ұрлаған, тіпті жасырғаны үшін өлім жазасына тартқан. «Егер біреу өз үйіне сарайдың қашқан құлын жасырып қойса және оны іздеушілерге айтпаса, онда ол адам өлуі тиіс», деп көрсетеді заңда. [3,342] Бұл Хаммурапи заңдарында адам құқының қорғалу деңгейінің төмендігін көрсетеді. Қазақ қоғамындағы құлдар патриархалдық сипатта болған, бірақ құл еңбегін қолдану, оларды сату туралы қазақ әдет ғұрып заңдарында ешбір дерек жоқ. Құлды жалдаған жағдайда ақы құлға емес, қожайынына төленеді. Заңдағы алым-салық шартын жасау, сауда айналымының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, сатып алушы мүддесін қорғауға бағытталғандығын сатып алған құл бір ай ішінде ауру болса, оған төлеген күмісін сатып алушы қайта талап етуге құқы болған. Хаммурапи заңы борышқордың кепілдіктегі баласын қарыз берушінің қатал ұстауынан қорғады, егер қарыздар адамның баласын соққыдан өлтірсе, қарыз берушінің баласы да өлтіріледі. Ол заңның қаталдығын байқатты.

Қазақ қоғамында «аманат» ұғымы болған, бірақ ол көрші мемлекеттермен тыныштықты сақтай отырып қатар өмір сүруді қолдаған хандар өз балалары аманатқа берген, бірақ оларға ешбір қысымшылық жасалмай, оқып білім алуға, қалыпты өмір сүруге жағдай жасайтындай шартпен берілген. Хаммурапи заңдарында неке мен мұрагерлікке де көңіл бөлінген. Патриархатты отбасының қожайыны ер адамның рөлі зор болды, оған шексіз құқық берілді. «Неке қию» шарт жасалмайынша өз күшінде емес деп саналды. Жігіт неке ақысы ретінде қыздың анасына ақша беретін болған, неке кезінде берілген заттар қыздың жеке меншігі болып қалады, әйел өлсе ол мүлік балаларына қалды. Бұл қазақ қоғамында кездесетін кейбір әдет ғұрыптармен ұқсастықтарын да көреміз. «...әйел өлсе, мүлік байында қалады, егер де бала қалса, онда төркіні күйеуден ат, түйе, сәукелесін даулауға мүмкін», - делінген. [4,6] Көп әйел алуға да рұқсат етілген. Ер адамның үстемдігі балаға толық жүрген, яғни сатып алам деуші болса, баласының, әйелінің еркін есептелмей ақ сата алатын болған, ол баланы болашақтағы еңбек күші ретінде сатып алған. Сондай ақ Вавилонда отбасында бала асырап алуда болған, бірақ кейін өз балалары дүниеге келсе онда асырап алған баладан бас тартуға құқы болған. «Асырап алған балаға мұра беру қазақ әдет- ғұрып заңдарында да бар». Егер өгей әкесі оны мұрагер еткісі келсе, көзі тірісінде туысқандарының басын қосып әрқайсысына жолын беріп риза етеді. Асырап алған ұлды мұрагер деп жариялайды. Мұндай жағдайда оның құқығына ешкім шек келтірмейді. Ал егер мұрагер екендігі ағайын арасында жаряланбаса, өсиет етілмесе, онда әкенің жақын туыстары мұраны оған билетпеген. Оған әдетте туған ұлға берілетін енші мөлшерін толығынан беріп, үйленбеген болса, қалың малын қоса беріп, мүлікті туыстар өзара бөліседі».

Көп жағдайда қазақтар асырап алған баланы «құдай алдында да алаламаймын» деген антпен, адал көңілмен тәрбиелеуге тырысқан. Бала да асырап алған әке шешесіне қартайғанда қамқор болып, асырап, бағып қағып қызмет еткен.

Хаммурапи заңында әйелдің жеке меншік құқығы болды. Әкеден қалған мүлік балаларының мұрасы деп саналған, ал әйелге балаларымен бірдей мұралық жесірлік үлесі балаларымен бірдей берілді.

Қорыта айтқанда әдет - ғұрып негізінде қалыптасқан Шығыс елдерімен қазақ қоғамының қолданған әдет-ғұрып заңдарының арасында біршама ұқсастықтар мен әр елдің өзіне тән ерекшеліктерінің болғандығын байқаймыз. Дегенмен де, қазақ қоғамындағы азаматтық қатынастарды реттеуде рулық жауапкершіліктің, ізгілік пен қайырымдылықтың басымдылығы байқалады.

Қазіргі егеменді, тәуелсіз Қазақстанда жүріп жатқан құқықтық реформалар мен азаматтық қатынастың жаңа түрлерінің көбеюі әлемдік стандартқа сәйкес болу қажеттігін көрсетеді. Сол үшін түрлі саяси құқықтық реформалар жасалуда, құқықтық нормативтік актілер қабылдануда, дегенмен соның барлығы азаматтық қатынасты жүзеге асыруда азамат мүддесін қорғайтындай, ұлттық құқық жүйемізге негізделген, соны басшылыққа алып, жасалуға тиістілігін ескергеніміз жөн. Себебі, қазір Батыстағы өркениет өркешінде отырған елдер де еш жаққа алаңдамай, өзінің ұлттық құқық негіздерін басшылыққа ала отырып, осындай биіктерге көтеріліп отырғандығын ескергеніміз абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сапарғалиев Ғ.С., Ғаббасұлы Ғ. Қазақ көшпелі қоғамының әдет заңдарының бастауы туралы // Мемлекет және құқық журналы. -2001. -№ 1. –Б.19-20
2. Мұхтарова А.Қ. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. - Алматы, 1999. - 571 б.
3. Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке (Тарихи-этнографиялық шолу). - Алматы, 1973. - 230 б.
4. Смағұлова А.С. Мұрагерліктің қазақ әдет-ғұрып заңдарындағы көрінісі // «Ұлттық құқық жүйесін қалыптастырудың өзекті мәселелері». Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Алматы: Каз. МЗА. - 2002 ж. – Б. 210

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ
ПЕДАГОГИКА И ПСИХОЛОГИЯ
PEDAGOGICS AND PSYCHOLOGY

FTAMP 14.15.09

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ОҚИТУДАҒЫ ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚТЫҢ РӨЛІ

Т.Қ. ЖҰМАЖАНОВА, Ж.Ж. ЖАҚҰПОВА

Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі таңда ақпарат беру құралдары, технологиялар күннен-күнге қарқынды даму үстінде. Бүгінде компьютер, планшет, ноутбук, смартфонсыз өмірімізді елестету мүмкін емес. Кез-келген адам іздеген ақпаратын интернеттен тез арада тауып, өз қажетіне жарата алады. Бұрын мұқабасы қалың, салмағы ауыр кітаптарды қолға алып оқысақ, қазіргі кезде электронды кітаптан (e-book reader) оқу тиімді бола түсуде. Оқырман іздеген кітабын интернет арқылы (ақылы немесе ақысыз) немесе смартфон (түрлі гаджеттер) арқылы оқу мүмкіндігі бар. Осылайша заман ағымына қарай қағаз кітаптың орнын қазір электронды кітаптар басып келеді. Электронды кітаптың тиімділігі мол, қағаз кітапқа қарағанда анағұрлым жеңіл, көлемі де шағын. Смартфонға жүздеген кітапты сыйғызуға да болады. Егер оқитын кітабыңыздың электронды нұсқасы болса смартфоннан еш қиындықсыз тауып аласыз. Кейінгі кездері электронды кітаптарды E-link немесе SiPix секілді технологиялар арқылы да оқуға болады.

Түйінді сөздер: электронды оқулық, компьютер, әдебиет, смартфон, гаджет, көркем шығарма, технология

Аннотация. Средства передачи информации и технологии постоянно развиваются. Невозможно представить современный мир без компьютеров, планшетов, ноутбуков, смартфонов. На сегодняшний день, почти всю необходимую информацию можно найти в интернете. Если в прошлом мы пользовались книгами в толстом переплете, то сегодня выгоднее читать электронные книги (e-book reader). Пользователи могут прочитать в интернете (платно, бесплатно) любую книгу по желанию или же используя смартфон (различные гаджеты). Таким образом, по велению времени электронная книга постепенно занимает место бумажной. Электронный вариант эффективнее во многих отношениях. По сравнению с бумажной книгой она легче по весу и объему. В смартфон помещаются сотни книг. Если существует электронный вариант книги, его можно легко найти и прочитать со смартфона. В последнее время, электронные книги можно читать при помощи технологии E-link или SiPix.

Ключевые слова: электронный учебник, компьютер, литература, смартфон, гаджет, художественное произведение, технология

Abstract. Nowadays, information transmission facilities and technologies are in the process of continuous development. You can hardly imagine contemporary world without PC, plane tables, smartphones. At present almost all necessary information can be found on internet. People do not use thick books to search for information any longer; they prefer to read more effective electronic books (e-book reader). People read on internet (free or with fee) any book they like or use smartphones (other gadgets). Thus, electronic book is going to replace a paper book. Electronic version is more effective in many considerations. It is lighter and less in volume in comparison with the paper version. Hundred

books can be loaded into smartphone. If electronic version of the book exists, it can be easily found and read on internet. These days, electronic books can be read with help of E-link or SiPix technologies.

Key words: electronic textbook, PC, literature, smartphone, gadget, creative work, technology

Кіріспе. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек» деп атап айтқандай [1], қазіргі жаһандану заманында белсенді, құзіретті, бәсекеге қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеу алға қойған басты мақсаттың бірі. Бұл – ұстаздар үшін маңызды мәселелердің бірі. Ұлт тарихының, ұлы тарихи оқиғалардың, адамзаттың тыныс-тіршілігінің, таным-наымдарының көркем шежіресі – көркем әдебиет болып табылады. Оқушының білімін арттыру үшін сабақта жаңа технологияларды қолдана білу – ұстаздар қауымының міндеттерінің бірі.

Баланың кітап оқуға деген қызығушылығын ерте жастан ояту отбасы тәрбиесімен тікелей байланысты. Балаларға арналған кітаптар заман талабына сай түрлі-түсті бояулармен безендіріліп, баланың қызығушылығын оятуы қажет. Және де мектеп бағдарламасына сәйкес хрестоматиялық кітаптарды оқу талап етіліп, баланың ойлау, қабылдау, есте сақтау процестерін арттыруға мүмкіндік береді. Әдебиеттік оқу, әдебиет тарихын оқыту курс бағдарламалары мен оқулықтарын жасау – заман талабы. Осы орайда, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, С.Қирабаев, С.Қасқабасов, Г.Орда, т.б. еңбектерін ерекше атауға болады. Сондай-ақ, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің негізін қалап, дамытуда Ә.Қоңыратбаев пен А.Көшімбаевтың, Қ.Бітібаеваның алатын орындары да айрықша.

Ғылымның қай саласын алсаңыз да теориялық және қолданбалы тәжірибелік мәндес болады десек, әдебиетті оқыту арқылы оқушыға көркем шығарманы оқытуды қалыптастыру әрі теориялық, әрі қолданбалы жүйесін бірлікте қарастырумен қатар оның өнер екендігін де ескерген жөн. Соның ішінде көркем шығарманы оқыту – ғылым саласымен тығыз байланысты, себебі, айтылатын сөздің мәні, жеткізілетін ой – оқушының танымдық мүмкіндігін кеңейте түседі. Және де көркем әдеби шығармаларды оқытудағы электронды оқулықтар есте сақтауға жақсы әсер етеді. Оқыту үрдісінде оқушының өзінің қатысуы, оның ойлау қабілеті мен оқуға деген ынтасын арттырады.

Зерттеу әдістері. Мектептегі өзге оқу пәндері сияқты әдебиет пәнін оқытуда қолданылатын көптеген негізгі және көмекші әдістер бар. Бұлардың кейбіреулері барлық оқу пәндеріне, әсіресе гуманитарлық пәндерге ортақ әдістер болып табылады. Осымен қатар тек әдебиетті оқытуда ғана қолданылатын әдіс-тәсілдер де бар. Мысалы, көркем сөз текстін

мәнерлеп оқу, түсініктеме бере, талдау жасай отырып оқу, сюжетті шығарманы әр түрлі вариантта ауызша мазмұндау т.б. [2, 14].

Қазіргі таңда балаларға арналған аудио кітаптарды шығаруға аса ерекше көңіл бөлініп жатыр. Атап айтсақ, Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының бастамасымен «Қазақ эпосы» атты халық жыр-дастандары мен ертегілерінің аудио жинағы жарыққа шыққан. Хронометражы 400 минутты құрайтын аудиожинақта «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Қамбар» сынды аты аңызға айналған батырлардың ерлігі баяндалады. Сонымен қатар, бұл топтамаға қазақтың қысқа аңыз-ертегілері, қызықты сюжеттер енген. Бұл еңбек балаларды жан-жақты, интеллектуалды, эмоционалды дамыту мақсатында құрастырылған [3].

Ал жасөспірім балаларды кітап оқуға ынталандыру үшін электронды кітаптар мен кітаптарды барынша мол енгізу қажет. Электронды кітаптар жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттырады және оны қолдану өте тиімді, ыңғайлы, қазіргі заман талабына сай болып табылады.

Оқыту технологиясы мен оқыту әдістемесі – бір-бірімен тығыз байланысты ғылым. Соңғы кездері қазақ әдебиеті сабақтарында көптеген жаңа технологиялармен қатар ақпараттық технологиялар да жиі қолданылуда. Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудың негізгі құралы компьютер болып табылады. Ақпараттық технология арқылы жалпыға ортақ білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау, білімді қабылдау, оқу сапасын жоғарлату, жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастыру, ақпаратты сауатты пайдалану қабілетін арттыру – бүгінгі күннің талабы. Уақыт өткен сайын ақпарат беру құралдары, технологиялар даму үстінде. Қазіргі заманды компьютер, планшет, смартфонсыз елестету мүмкін емес. Бүгінде ақпараттың бәрін интернеттен табуға болады. Бұрын мұқабасы қалың кітаптарды қолға алып оқысақ. Қазіргі кезде электронды кітаптан (e-book reader) оқу тиімді бола түсуде. Оқырман қалаған кітабын интернет арқылы алып (ақылы, ақысыз) немесе смартфон (түрлі гаджеттер) арқылы оқиды. Осылайша заман ағымына қарай қағаз кітаптың орнын қазір электронды кітап басып келеді [4].

Зерттеу нәтижелері. Электронды әдебиет әдеби тәжірбие пен даму процесінен табиғи түрде дүниеге келіп, баспалық әдебиетке қатты ықпал етіп жатқан жаңа әдеби формат десек те болады. Бұл уақыт пен ортаның қарым қатынасының жаңа үлгісі ретінде қалыптасуқан адамның рухани дамуының өзгерісі. Ауыз әдебиеті, жазба әдебиетінен бастап, баспа, электрондық, мобильді әдебиетке дейін жүйелі түрде сатылап дамып келе жатқан тізбек десе де болады. Бұлардың әрқайсысының өзіндік сатысы, өзіндік тарихы бар.

Электронды әдебиет яғни сандық әдебиет – соңғы бес, он жылда өте қарқынды дамыды. Тарихқа көз жүгірсек, Théo Lutz 1959 жылы алғаш рет «Стохастикалық текст» деп аталатын компьютерлік поэма шығарды. Бұл поэма 1990 жылдардан бастап коммерциялық жұмыс ретінде сатыла бастады. Осы жылдардан бастап визуалды, дыбыстық, кино өнері мен компьютер ғылымының жаңа платформаларына негізделіп, біріккен ізденіс үстінде әдебиеттің жаңа формалары пайда бола бастады. Кейіннен электронды әдебиет оқырмандарына сенсорлық модульді құралдарды пайдалану тиімді болды. Және бұл гибридтік өнер түрі болып қалыптасты.

Электронды әдебиетте әдеби жанрлар жан-жақты қамтылған. Гипертекстік поэма, кинетикалық поэзия, негізгі текст, гипермәтіндік көркем туынды, интерактивті көркем шығарма, интерактивті драма сияқты толып жатқан атаулары көптеп кездеседі. Электронды әдебиетті пайымдау үшін жанр аттарының құрылымын білу міндетті. Бұлар дәстүрлі әдеби жанрлардың түрленуінің механикасы болып табылады. Біз баспалық әдебиетте қолдана алмайтын гипермәтін және поэзия, кинетикалық және поэзия, интерактивті және драма сияқты функция мен формалар да бар [5].

Электронды кітаптың тиімділігі мынада: қағаз кітапқа қарағанда анағұрлым жеңіл, көлемі де шағын және смартфонға жүздеген кітапты сыйғызуға болады. Егер оқитын кітабыңыздың электронды нұсқасы болса, смартфоннан еш қиындықсыз тауып аласыз. Кейінгі кездері электронды кітаптарды E-link немесе SiPix секілді технологиялар арқылы да оқуға болады. Яғни, осы арқылы кітабыңызды қалаған фонға, шрифтке ауыстыруға болады.

Қазіргі таңда Қазақстанда көркем әдеби электрондық кітаптарға деген сұраныс күннен-күнге артуда. Әсіресе, мұның тиімділігін жас оқырмандар сезінуде. Электронды кітап дайындауда «WikiBilim» Қоғамдық қорының «kitap.kz», «epub.kz», «Activ» компаниясы «Bookmate» жобасы т.б. жобалар іске қосылуда. Шерхан Мұртазаның «Бір кем дүние», Мархабат Байғұттың «Жоғалған жұрнақ», Әкім Ысқақтың «Жүректегі жазулар», Таласбек Әсемқұловтың «Талтүс», Дулат Исабековтің «Қарғын», Лира Қоныстың «Құлпынай қосылған балмұздақ», Аягүл Мантаеваның «Балалықтың көктемі», Есей Жеңісұлының «Бір жарық», Қанат Әбілқайырдың «Текес теріс ағады» секілді көркем-әдеби кітаптардың электронды нұсқаларына сұраныстар өте жоғары деуге болады.

Бүгінде көпшілік мобильді технологияларды белсенді қолданатындығы белгілі. Ал iOS және Android операциялық жүйелері арқылы жұмыс істейтін мобильді қосымша жылдам және ыңғайлы, қолдануға жеңіл түрде жасалған. Қосымша онлайн режимде де, офлайн режимде де қызмет көрсетеді. Кез-келген қолданушы аудиокітаптардан тұратын жеке кітапхана қорын жасақтап, аудиошығарманы мобильді құрылғысында оңай сақтай алады.

Негізгі мазмұн төрт категорияға (қазақ әдебиеті, шетел әдебиеті, балалар әдебиеті, ертегілер) жіктелген. Мұнда авторлар арқылы, сондай-ақ шығарма атауы арқылы да іздеу мүмкіндігі бар. «Қазақстанның ашық кітапханасы» жүйесіне енгізілген жаңа аудиокітаптар автоматты түрде «Audiokitap» мобильді қосымшасына жүктеледі.

«WikiBilim» қоғамдық қоры Президенті Әлібек Қисыбайдың айтуы бойынша: «Сандық дәуірде контенттің мобильді технологияларға бейімделуі – аса маңызды фактор. Қазақстанда аудиоформат көмегімен білім алу мәдениетінің қалыптасу процесі өте қарқынды жүріп жатыр. Audiokitap жобасының да бұл процесте өз орны болмақ» [6].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі және ҚР Үкіметі жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің қолдауымен «Қазконтент» Акционерлік қоғамының тарапынан «Әдебиет порталы» кең ауқымды интернет жобасы іске асырылды. Қазақ халқының әдеби-рухани мұрасына қызығушылық танытқан кез-келген оқырманның мүддесінен шығатын, ұлттық әдеби жәдігерлерді бір жерге жинақтаған әдеби платформа ретінде оқырман қауымның көңілінен шығуда. «Әдебиет порталын» интернет-жобасының негізгі мақсаты – Қазақстандағы және алыс-жақын шетелдегі ақын-жазушыларға қолдау көрсетіп, әдеби туындыларды жан-жақты насихаттап, қазақ әдебиетін әлемдік аренаға таныту, қазақ және әлем көркем әдебиетінің электронды қорын жасақтау. Порталда энциклопедиялық тәртіппен әр авторға жеке бет арналған, сонымен қатар олардың шығармашылығына қатысты барлық деректер ұсынылған. Аталған интернет-жобада балалар мен жасөспірім оқырмандарға арналған аудиокітаптар мен танымдық энциклопедиялар, ертегілер мен аңыздар жинақталған.

«Қазақстанның ашық кітапханасы» онлайн жобасының негізгі мақсаты – ұлттық әдебиетіміз мен ғылымның, өнеріміз бен сан-саладағы шығармашылық өкілдеріміздің мұраларын заңды негізде бір жерге жинақтап, халқымыздың асыл қазынасы саналған рухани мұрамызды, өнер жауһарларын халыққа таныту, келешек ұрпаққа жеткізу. Қазақ ақын-жазушыларын оқығысы келетін кез-келген адамды кез-келген жерде қажетті ақпаратпен қамтамасыз етіп, оқырманның сұранысын жоғары дәрежеде қанағаттандыру [7].

Бүгінгі таңда «Қазақстанның ашық кітапханасы» қорында әртүрлі бағыттағы 500-ден аса автордың 4000-ға жуық кітабы жинақталған. Ашық кітапханада елімізге, әлемге танымал өмірден өткен қаламгерлеріміздің шығармаларымен қатар, қазіргі ақын-жазушыларымыздың да әдеби мұралары «Creative Commons» еркін лицензиялары негізінде авторлық құқықтары сақталып жариялануда. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына серпін берер бұл жобаға алғашқы болып Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Ғабиден Мұстафин, Қасым Аманжолов, Бауыржан Момышұлы, Зейін Шашкин, Жұбан Молдағалиев, Қалижан Бекхожин, Сағи Жиенбаев, Ғафу Қайырбеков, Мұқағали Мақатаев, Фариза

Оңғарсынова, Әбіш Кекілбаев, Зейнолла Қабдолов, Сафуан Шаймерденов, Қалтай Мұхамеджанов, Мұхтар Шаханов, Сәкен Жүнісов, Софы Сматаев, Қабдеш Жұмаділов, Сәуірбек Бакбергенов сынды ақын-жазушылар енген.

Сондай-ақ, «Қазақстанның ашық кітапханасының» қоры мектеп бағдарламасындағы «Қазақ әдебиеті» пәнінде оқытылатын 130 автордың 1500-ден аса шығармасын қамтыған аудиохрестоматиямен толықты. Бұл арқылы оқырман тұтас бір әдеби әлеммен табысып, туындылардың аудионұсқасын тыңдау мүмкіндігі бар. «Қазақстанның ашық кітапханасы» тек қазақ әдебиеті шығармаларымен ғана емес, осы уақытқа дейінгі қазақ тіліне аударылған шетел әдебиетінің де көрнекті туындылары оқырман назарына ұсынылуда.

Адамның кез-келген уақытта қабылдайтын ақпараттар көлемі өте ауқымды. Сондықтанда оқырмандармен жұмыс жасауда мультимедиялық кешендер, ғаламтор ресурстарын қолдану кеңінен қарастырылады. Жаңа бетбұрысқа аяқ басқанда бүгінгі заман ағымына сай көркем әдеби электрондық кітаптарды пайдалану өте тиімді екенін көре аламыз. Ол ақпараттық белсенділікті арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен ізденуге, алынған ақпарат көздерін сұрыптауға зор ықпал етеді. Электрондық кітаптарды пайдаланудың негізгі мақсаты білім беру, білімді пысықтау, бекіту, бақылау, ақпараттық ізденіс жұмыстарын қалыптастыру, ойлау қабілетін дамыту, таным көкжиегін кеңейту. Электронды кітаптар уақытты ұтымды пайдаланып, үнемдейді.

Заман ағымына сай электрондық оқулықтармен жұмыс істеу өз нәтижесін берері сөзсіз. Ол ақпараттық белсенділікті арттырып, логикалық ойлау жүйені қалыптастырады. Электрондық оқулықтар – дидактикалық әдіс-тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негіздеген біртұтас жүйе болып табылады. Сонымен қатар электронды оқулықтар уақытты ұтымды пайдаланып, үнемдейді. Және білім беру үдерісін ақпараттандыру құралының бірі деп айтуға болады. Бұл оқушы үшін де, ұстаздар үшін де өте тиімді әдістемелік құрал болып табылатынын дәлелдеуде.

Бұл жайында зерттеуші Әбдіқасова Г.А.: «Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қапыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Әр мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық. Мектеп оқушыларының білім сапасын тексеру жүйесіне арналған компьютерлік педагогикалық құралдарды пайдалану, бақылау, өзін-өзі бақылау, жаттығу, бақылау нәтижелері бойынша түзету, тіркеу, жинау, сақтау, зерттеліп отырған объектілер туралы ақпараттарды өңдеу және түрлі формада көрсетілген

ақпараттардың жеткілікті үлкен көлемін беруді іс жүзіне асыруға мүмкіндік береді», – деп жазады [8].

Қорытынды. Қорыта айтқанда, «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасымыз атап көрсеткендей, жалпы білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы өте зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан // Ақиқат, 2007. – №4. – 33 б.
2. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1969. – 79 б.
3. Жұмажанова Т.К., Әріпова Б.А., Әбдіғазизұлы Б.Ә., Сманов Б.Ө. Жоғары оқу орындарындағы «қазақ әдебиеті» пәнінің электронды оқулықтарының мазмұндық жүйесі. – Алматы: ИП «Уатханов А.Ф.», 2012. – 226 б.
4. Қазақ эпосы. Ұзақтығы – 400 мин. – «ASIA ANIMATION» студиясы. 2014.
5. © 2016 Electronic Literature and Its Emerging Forms. Theme: Ari by Elmastudio. Proudly powered by WordPress.
6. <http://ustaz.kz/component/content/article/80-zha-aly-tar/481-audiokitaptar>; <https://adebiportal.kz>
7. <https://kitap.kz>
8. Әбдіқасова Г.А. Ақпараттық технология: оқулық. – Алматы: Эверо, 2011. – 373 б.

ҒТАМР 15. 31. 31

ТІЛДІК ОЙЫНДАРЫ АРҚЫЛЫ ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДА ИНИЦИАТИВТІ СӨЙЛЕУДІ ДАМУ

А.И. ЖУЛАЕВА

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада жалпы сөйлеу тілінің жетіспеушілігі бар балаларда инициативті сөйлеуді дамыту мәселесі қарастырылады, өйткені олардың барлық зияткерлік саласы зардап шегеді, көпшілігі өз бастамасымен басқа адамға жүгіне алмайды, кейде тіпті оларға біреу жүгінсе, тіпті тиісті түрде жауап беруге ұялады. Олар қалыптасқан қарым-қатынасты қолдап, дамыта алмайды, өз ықыласын, көңілін жеткізе алмайды, сондықтан жиі қақтығысады немесе жалғыз аяқталады. Бастамашылық сөйлеудің төмен деңгейі балалардың өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігін шектейді, еркін қарым-қатынасты қамтамасыз етпейді, бұл өз кезегінде сөйлеу, танымдық қызметтің дамуына ықпал етпейді, білімді меңгеруге кедергі келтіреді, жеке басының дамуы мен мінез-құлқына теріс әсер етеді.

Түйінді сөздер: инициативті сөйлеу, мектеп жасына дейінгі балалар, жалпы сөлеу тілінің жетіспеушілігі, сөйлеу ойындары, күрделі әсерету.

Аннотация. В статье рассматривается проблема развития инициативной речи у детей с общим недоразвитием речи, так как у них страдает вся интеллектуальная сфера, многие не умеют по собственной инициативе обратиться к другому человеку, порой даже стесняются ответить соответствующим образом, если к ним обращается кто-либо. Они не могут поддержать и развить установившийся контакт, адекватно выражать свою симпатию, сопереживание, поэтому часто конфликтуют или замыкаются в одиночестве. Низкий уровень инициативной речи ограничивает возможность самореализации детей, не обеспечивает свободной коммуникации, а это в свою очередь не способствует развитию речемыслительной, познавательной деятельности, препятствует овладению знаниями, отрицательно влияет на личностное развитие и поведение.

Ключевые слова: инициативная речь, дети дошкольного возраста, общее недоразвитие речи, речевые игры, интеллектуальная сфера, познавательная деятельность.

Annotation. The article considers the problem of the development of initiative speech in children with a general underdevelopment of speech, since they suffer from the entire intellectual sphere, many do not know how to turn to another person on their own initiative, sometimes even hesitate to respond accordingly if someone addresses them. They cannot maintain and develop the established contact, adequately express their sympathy, empathy, therefore they often conflict or close in isolation. The low level of initiative speech limits the possibility of children's self-realization, does not provide free communication, and this, in turn, does not contribute to the development of speech-cognitive, cognitive activity, interferes with the acquisition of knowledge, and negatively affects personal development and behavior.

Key words: initiative speech, children of preschool age, general under development of speech, intellectual sphere, cognitive activity, speech games, colloquial speech, complex impact, game exercises.

Қіріспе. Қазіргі қоғамда кез келген мәселе бойынша өз пікірін айта алатын, ұсыныстар, қандай да бір міндеттерді шешуде шығармашылық бағыттар енгізе алатын бастамашыл, шығармашылық адам қажет. Сондықтан мектепке дейінгі баланың тұлғасын тәрбиелеудегі басты міндеттердің бірі-бастамашыл сөйлеуді дамыту. [1,3]

Сөйлеудің жалпы дамымауы бар балаларға назар аударғым келеді, өйткені олардыңзияты зардап шегеді, көпшілігі өз бастамасымен басқа адамға сөйлей алмайды, кейде тіпті оларға біреу назар аударса, тиісті түрде жауап беруге ұялады. Олар қалыптасқан қарым-қатынасты қолдап, дамыта алмайды, өз ықыласын, көңілін жеткізе алмайды, сондықтан жиі кедергіге ұшырайды.

Бастамашылық сөйлеудің төмен болуы балалардың өзін-өзі дамыту мүмкіндігін шектейді, еркін қарым-қатынасқа түсе алмайды, бұл өз кезегінде сөйлеу, танымдық қызметтің дамуына кері әсерін тигізеді, білімді меңгеруге кедергі келтіреді, жеке басының дамуы мен мінез-құлқына кері әсерін етеді. [1,3]

Негізгі бөлім. Тақырып бүгінгі таңда өзекті, себебі мұндай балалардың саныкөбеюде.

Осы тақырып бойынша жұмыс істей отырып, мен алдыма келесідей мақсат-міндеттемелерді жүктеймін:

- Сөйлеу ойындарының көмегімен ЖСТЖ балаларындағы бастамашыл сөйлеуді дамыту.

Міндеттер:

1. Балаларды бір-бірімен қарым-қатынас жасауға және өз іс-әрекетіне түсініктеме беруге ынталандыру.

2. Бастамашылық сөйлеуді пайдалану дағдыларын бекітуге ықпал ету.

3. Жетілдіру, сөйлеу.

4. Сөздік қорын байыту.

5. Тілдің грамматикалық құрылысын қалыптастыру.

Инициативті сөйлеу -өз қалауы бойынша жүзеге асырылатын дербес сөйлеу тілі.

Дамуы сақталған балада ынталы сөйлеу, әдетте, өмірдің екінші жылында туындайды. Балаларда бастамашыл сөйлеу тілінің дамымауы, бұл барлық психикалық функциялардың дамуына кері әсерін тигізеді, құрдастары мен ересектер қоғамдағы әлеуметтену процесін қиындатады.

Сөйлеу дамымаған балаға кешенді әсер ету қажеттігін мойындай отырып, сараланған тәсілдің маңыздылығын атап өту қажет. Бұл тұрғыда ең маңызды тұсымектеп жасына дейінгі балалардың жетекші қызметін – ойын қызметін пайдалану болып табылады.

Ойын әрекеттері әрдайым оқыту міндетін қамтиды. Тәжірибеде көрсетіп отырғандай, ойын ойымен әуестенген балалар ойын түрінде қойылған міндеттерді шешу кезінде қиындықтарға тап болса да, олар үйренгенін байқамайды. Шығармашылықпен байланысты іс-әрекет, әр жолы жаңа нәрселерді қосу мүмкіндігі бар, қатаң ережелер мен үлгілер, әрекеттерден гөрі, бала үшін ойын қызықты.

Сөйлеу тілі дамымаған балалармен сөйлеу ойындарын өткізу кезінде келесі ережелерді ұстану қажет:

1. Ойын өте қиын қарқынмен өткізілуі керек.

2. Балалар қандай да бір сөйлеу ойынын ойнай бастағанға дейін ойын жаттығуларын жасау керек.

3. Барлық ойындарда міндетті түрде сөйлеу үлгісін ұсыну керек.

4. Балалардың белсенді сөйлеуіне біртіндеп енгізу керек (кейбір жағдайларда мәтін балалардың сөйлеу мүмкіндіктеріне бейімделеді).

5. Жауаптарда қиындық болған кезде сөйлеу материалын айту (логопедпен бірге) және (логопедтен кейін), хормен және жеке.

6. Ойынға шығып қалған балаларды түрлі "шабу" (таза сөз, өлең, кез келген сөздік жаттығулар) пайдалану арқылы тарту.

7. Балалардың бастамасын әрдайым көтермелеу қажет.

Ойын туралы, бастамашыл сөйлеуді дамыту формасы ретінде, көп және ұзақ айтуға болады, Мен өз жұмысымда қолданатын кейбір ойындарда тоқтадым.

Баланың тілін байытуда, оның бар сөздерін нақтылауда, қоршаған орта туралы білімді толықтыруда доппен ойнайтын ойындардың маңызы зор. Доппен ойнайтынын түрлері, әдістемелері әр түрлі. "Доп лақтыр", "Кім, қайда тұрады?", "Табиғатта не болады?", "Сөйлем құр", "Сөзді айт" және т. б. [2,4]

Жұмыста қарапайым доптар емес, массаж доптары-кірпі қолданылады, олар өздерінің ойын затының стандартты функцияларынан басқа, баланың саусақтарының ұштарын уқалайды.

"Алға" ойыны.

Ойын мақсаты: балаларды оған қарап қоймай, затты сипаттауға үйрету, онда маңызды белгілерді табу; сипаттама бойынша затты тану.

Пән ширмаға жасырылған. Бала мысалы, Қоянды сипаттайды (бұл ұзын құлағы және қысқа құйрығы бар жануар. Сәбіз ұнатады). Балалар оны табу қажет.

Ойын кезінде балалардың сипаттау кезінде оны білуге көмектесетін заттың маңызды белгілерін атауын қадағалау керек. Сұрақ қоюға болады, элементтерді сипаттау сызбасын қолдануға болады.

"Кім көп байқайды" ойыны.

Ойынның мақсаты: оқымыстыларды, беймәлім жағдайларды байқап, оларды түсіндіруге үйрету; дәлелді сөйлеуді дамыту; диалог мәдениетін тәрбиелеу: бір-бірін тыңдау, бір-біріне тіл тигізбеу.

Жүргізуші жағдайдың ыңғайсыздығын байқаған адам үшін дұрыс емес деп түсіндіреді.

Жазғы күндермен біз балалармен серуенге шықтық. Қардан төбешікті түсіріп, одан сырғанай бастады.

"Сиқырлы кілт" ойыны.

Ойын мақсаты: әр түрлі өтініш нұсқаларын сөйлеуді белсендіру. Есік құлыппен жабылған. (Балалар қолмен құлып жасайды). "Құлпының мейірімді сөздері ашылады" деген мақалды еске түсіріңіз. Кім жақсы сөздер айтса, есік ашылады.

- өтуге рұқсат етіңіз;

- рұқсат етіңіз, өтінеміз;

- өтуге рұқсат етіңіз;

- жіберіңіз, өтінеміз;
- мені жібере аласың ба?
- егер мүмкін болса, жіберіңізді өтінеміз;
- кешіріңіз, мен өте аламын ба?

Балалар өтінішті айтады, ал логопед өтініш формулаларының түрлі нұсқаларын ынталандырады: "Айна осылай айтты, басқаша айтқанда құлыпты ашуға болады".

"Ертегіні шығарамыз" ойыны.

Ойын мақсаты: байланыстыра сөйлеуді, қиялды, шығармашылық ойлауды дамыту.

Заттар бейнеленген карточкалық суреттер жатыр. Бірінші ойыншы карточканы алады және ұсыныс жасайды. Бірінші ойыншы ұсыныстар айтқан соң, келесі карточканы алады және әңгіме жалғастырады.

"Пән не үшін қажет" ойыны.

Ойын мақсаты: сөз сөйлеу дағдыларын дамыту. Тұрмыстық заттармен, олардың аттарымен және орналасуымен таныстыру. Белсенді сөздік қорын байыту. Сұрақтарға жауап беруге үйрету.

Балаларға қонаққа мысық келеді, ол өз үйінен заттар тапты, бірақ бұл не және не істеу керек екенін білмейді. Көмек сұрады. Балалар кезекпен заттарды және олармен әрекет ету тәсілдерін атайды.

"Кім шатастырады" ойында балалардың пікірлері қақтығысады, және олардың біреуі әдейі дұрыс емес айтады .

Ойын мақсаты: балаларды өз көзқарасын білдіруге, әңгімелесушінің пікірін сыпайы түрде қабылдауға, шыдамдылық таныта отырып, өз құқықтарын дәлелдеуге үйрету; дәлелдерді таңдауда тапқырлық пен аңғарымпаздықты дамыту; жануарлар дүниесі туралы білімді бекіту.

Бала қораптан заттың суреті бар кез келген карточканы алады және оны атайды, мысалы, бұл жолбарыс. Ойынның екінші қатысушысы жануарды дұрыс емес деп атайды. Бұған жауап ретінде бірінші ойыншы өзінің сұхбаттасушысының пікірін қабылдамайды. Соңғы сөз кім үшін жеңеді.

- бұл жолбарыс;
- менің ойымша, бұл қоян;
- сен дұрыс емес, қояндар жолақ емес;
- қоян боялған орындыққа жіберілуі мүмкін;
- қоян-орман аңы, ал орманда орындықтар жоқ;
